

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**5-9-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
ДАМУ ТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 9 хаттама)

5-9-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 160 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беретін орта мектепте «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған. Жұмыста оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сай ұсынылады және үлгілік тапсырмалар беріледі.

«5-9-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік ұсынымы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, білім алушыларға, жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда жаңа ақпарат үздіксіз және өте жоғары жылдамдықпен пайда болатын жылдам өзгертін әлемде жаңа білімді тез меңгеру маңызды. Осы жағдайға оңай бейімделу үшін білім алушының оқу сауаттылығын қалыптастыруымыз керек.

5-9 сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту маңызды міндет болып табылады, өйткені ол оқу мәдениетін қалыптастыруға, логикалық және сыни ойлауды дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге және сөздік қорын байытуға ықпал етеді.

Оқу сауаттылығы қалыптасқан білім алушы сыни ойлай алады, өз пікірін еркін айтады, өзіне қажетті ақпаратты іздеп таба алады. Мәтіндерді түсінеді, талдайды, кез-келген пән бойынша оқу материалдарын игере алады.

Білім алушыға мәтіндерден ақпаратты тез және тиімді табу, қабылдау, талдау және қолдану дағдысын қалыптастыру кейінгі кәсіби салада жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Бұлар көптеген кәсіби салаларда талап етілетін негізгі дағды болып табылады. Осы талаптарға сай болу, әртүрлі салалардағы міндеттерді тиімді шешу, табысты әлеуметтік қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін білім алушылар мектеп қабырғасынан бастап оқу сауаттылығы дағдыларын дамытуы керек.

Бүгінгі таңда 5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын бағалаудың бірнеше жүйесі бар. Олардың бірі-15 жасар балалардың қазіргі қоғамда табысты жұмыс істеуі үшін білім мен дағдыларды пайдалану қабілетін өлшейтін оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (PISA).

Оқу сауаттылығын бағалаудың тағы бір жүйесі – білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау болып табылатын МОДО (білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі) білім алушылардың білім сапасын бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады [<https://testcenter.kz/ru/shkolnikam/modo.php>].

Бұл әдістемелік нұсқаулық отандық және шетелдік оқу сауаттылығын дамыту ерекшеліктерін зерттеуді қарастырады, оқу сауаттылығын бағалау жүйелерінің (PISA және МОДО) нәтижелері бойынша салыстырмалы талдауды ұсынады, мәтіндермен жұмыс істеу үшін оқу стратегиялары мен тапсырмаларын ұсынады, әдістемелік нұсқаулықты қазақ тілі пәнінің мұғалімдері оқу сауаттылығының сапасын арттыру үшін қолдана алады, ұсынылған тапсырмалар оқу сауаттылығын дамытуда білім алушылардың нақты қажеттіліктеріне және мектептегі оқу процесінің ерекшеліктеріне сәйкес қолдануға бейімделген.

1 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Қазақстанда білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің (БСБҰЖ) қалыптасуы 2000-шы жылдардан басталды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1 бабының 14 тармағына сәйкес білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі «білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдарының, рәсімдерінің, нысандары мен тәсілдерінің жиынтығы» ретінде айқындалған. БСБҰЖ элементтерінің бірі білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасының мониторингі болып табылады, ол елімізде алғаш рет 2005 жылы мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) нысанында енгізілді және 2012 жылдан бастап білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) форматында жалғастырылды. МАБ-тың мақсаты 4 және 9-сынып оқушыларының білім беру бағдарламаларының мазмұнын меңгеру деңгейін тексеру болды. Осы тексерудің қорытындысында МАБ-тан өтпеген білім алушылардың жалпы саны министрлік белгілеген шекті саннан асып кеткен жағдайда сол мектептер кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға міндеттелді. Білім беру жүйесінің тиімділігін мониторинг арқылы оқыту нәтижелері туралы сенімді деректер алу мақсатында 2012-2020 жылдар аралығында жыл сайын әрбір білім беру циклінің соңында (4, 9, 11-сыныптар) ОЖСБ өткізіліп отырды. Дегенмен ОЖСБ құрылымы және оның нәтижелерін тарату және пайдалану процестері білім беру саласындағы ұлттық мақсаттар мен стратегиялық міндеттерге қол жеткізуге ықпал етпеді. Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі білім беру жүйесіне мониторинг жүргізіп қана қоймай сонымен қатар білім беру саласын талдауға, білім беру саясатын әзірлеуге, оқу және оқыту үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты 2021 жылы ОЖСБ мектепте білім беру сапасын тәуелсіз бағалаудың жаңа «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг» (ББЖМ) моделіне ауыстырылды. ББЖМ оқу, математика және жаратылыстану пәндері бойынша 4 және 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің нәтижесі туралы түсінік алуға, сондай-ақ соның нәтижесінде педагогтерге қолдау көрсетуге бағытталды.

Ұлттық және халықаралық бағалаулар: шет елдер тәжірибесі

Қазақстанның халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуы 2007 жылы математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын бағалау бағдарламасынан (TIMSS – Trends in International Mathematics and Science Study) басталды, содан кейін 2009 жылы оқушылардың білім жетістіктерін бағалау (PISA), 2016 жылы оқу сауаттылығын бағалау (PIRLS), 2018 жылы компьютерлік және ақпараттық сауаттылық (ICILS) бағдарламаларына қатысумен жалғасын тапты. Осындай кең ауқымды халықаралық зерттеулерге қатысу Қазақстанға мектептің түрлі тәжірибелері мен оқыту нәтижелерін басқа

елдермен салыстыруға мүмкіндік береді. Жаһандық дамуға ілескен кезеңде ұлттық бағалау жүйесіндегі соңғы жылдардағы өзгерістерді ескере отырып, білім беру жүйесіндегі өсуге халықаралық тұрғыдан қарап, бағалау қажеттілік болды. Бірақ, бұл зерттеулер білім алушылардың ұлттық оқыту стандарттарының негізіне алынған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін толықтай бағалауға мүмкіндік бермейді. Көптеген шетелдерде білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың базалық құралдары халықаралық бағалаулардан басқа ұлттық мониторингтер мен ұлттық емтихандар болып табылады [1]. Оқыту сапасы туралы дәйекті және сенімді ұлттық деректердің болуы білім беру жүйесін жақсарту, дамыту, ілгерілету үшін де, білім сапасының артықшылықтары мен кемшін тұстарын анықтап, есеп беріп отыруға да қажет әрі маңызды болды. Бүгінгі таңда ЭЫДҰ – ға мүше елдердің (30) басым көпшілігінде және басқа да мемлекеттерде білім алушылардың үлгеріміне тұрақты Ұлттық бағалау жүргізілуде [2]. Көптеген елдерде жүйенің тиімділігін бағалау кезінде бірнеше жылдық кезеңді қамтитын білім беру стратегиясында тұжырымдалған ұлттық мақсаттар басшылыққа алынады [3]. Еуропалық Одақта, мысалы, PISA бағдарламасы шеңберінде нысаналы бағдар берілген, 15 жастағы білім алушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану пәндері бойынша функционалдық сауаттылық деңгейінің ең нашар көрсеткіші 15%-дан төмен болмауы тиіс. Бұл міндет көптеген ұлттық мақсаттарға әсер етті, бұл ретте кейбір елдерде талап одан қатал, мысалы, Ирландияда бұл көрсеткіш 10% - дан аспауы тиіс [4]. 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы шеңберінің (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы) базалық көрсеткіштеріне халықаралық бағалау деректері жатады. Мысалы, PISA деректері қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының айырмашылығын азайту мақсатына қол жеткізуді бақылау үшін қолданылады. Сондай-ақ, «Білім беру мониторингінің қорытындысы бойынша бастауыш және базалық орта білім алушылардың білім жетістіктері нәтижелерінің» көрсеткіші жоспарланған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарында «Білім беру жетістіктеріне мониторинг нәтижелері бойынша республикалық орташа көрсеткішке қол жеткізген ауыл мектептерінің үлесі» нысаналы индикаторы белгіленген Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдау мектептер және саясатты анықтайтын адамдар үшін әртүрлі форматта болады. Мысалы, Бельгияның Француз қауымдастығы оқушылардың оқу тақырыптары немесе мақсаттары бойынша жыл сайынғы стандартталған бағаларының нәтижелеріне талдау жасайды. Мысалы, Аляска (АҚШ) мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламасының әртүрлі бағыттарындағы күшті және әлсіз жақтарын көрсететін сыныптар туралы қорытынды есепті ғана емес, сонымен қатар бағалау нәтижелерін түсіндіруге көмектесетін нұсқаулық алады. Ұлттық бағалау нәтижелерін осылай талдау мұғалімдерге білім алушыларды ынталандырудағы, білім берудегі қиындықтарды анықтауға, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, болашақта өз қызметін түзетуге мүмкіндік береді. Ақпаратты таратудың өзге әдістерінің бірі зерттеушілердің өңделмеген

деректермен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін онлайн платформалар болып табылады. Мысалы, АҚШ-та ұлттық бағалау нәтижелері Ұлттық үлгерім табелінің (Nation's Report Card) веб-сайтында жарияланады. Сонымен қатар, елдің назары қандай ақпарат қоғам үшін қол жетімді және қандай ақпаратты белгілі бір аудиторияға ғана арналуының маңыздылығында болады. Мысалы, жекелеген мектептер деңгейіндегі қорытындылар қалың жұртшылық үшін қолжетімді болмауы мүмкін. Алайда, бағалау нәтижелері алынған контекстік ақпаратпен бірге білім беру сапасын басқару үшін, атап айтқанда, әртүрлі аумақтық жүйелерде және әртүрлі білім беру ұйымдарында оқу нәтижелерін объективті салыстыру үшін, сондай-ақ өзгерістер динамикасын бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай тәжірибе мемлекеттерге жекелеген мектептердің/білім алушылар топтарының төмен көрсеткіштерінің себептерін неғұрлым тиімді анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Шанхайда (Қытай) «жасыл көрсеткіштер жүйесі» әзірленді, оған денсаулық, әлеуметтік-экономикалық мәртебе, білім алушылардың оқу жүктемесі, оқыту әдістемесі және басқалары сияқты мектептердің білім беру қызметі сапасының басқа да көрсеткіштерімен қатар бағалау нәтижелері кіреді. ЭЫДҰ-ға мүше елдердің көпшілігі бағалаудан алынған деректерді білім берудегі олқылықтарды уақтылы анықтап, тиісті педагогикалық шараларды қабылдауға пайдалану мақсатында жүргізеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жоғарыда аталған Білім жетістіктерінің Ұлттық бағалау (БЖҰБ) 4, 8 және 12-сынып оқушыларының жалпы ұлттық үлгісіне негізделген. Ирландияда математика және оқу саласында ұлттық бағалау (NAMER) бастауыш циклдің екінші жылындағы (2-сынып, 7-8 жас) және бастауыш білім беру циклінің (6-сынып, 11-12 жас) соңында іріктелген оқушыларға жүргізіледі. Шотландияда (Біріккен Корольдік) ең жас оқушылардың оқу нәтижелерін жалпыұлттық бағалау (4-5 жас) олардың үлгерімін жоғарылатуды қамтамасыз етуге және болашақтағы оқу әрекетін қолдауға бағытталған [5].

2000 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) алғаш рет PISA зерттеулерін ұйымдастырды. Нәтижелері үш жылда бір рет беріледі. PISA-бұл әлемнің әртүрлі елдеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық зерттеу.

Бұл әлем елдерімен білім сапасын салыстыруға арналған зерттеу. Мақсаты осы зерттеулердің қорытындысы бойынша білім беру сапасын жақсарту, білім беру бағытын анықтау болып табылады.

PISA - білім сапасын бағалаудың қажетті және маңызды құралы. Оның таза және шынайы нәтижесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты оңтайлы жүргізу үшін, білімді, білікті тұлға қалыптастыру үшін өте қажет.

Қазақстан PISA зерттеулеріне 2009 жылдан бері қатысып келеді (2009, 2012, 2015, 2018, 2021). Халықаралық зерттеу нәтижелері біздің білім саласына сын көзбен қарап, білім беру бағдарламаларының кемшін тұстарын анықтап, жетілдіруімізге, оқытудың жаңа технологияларын өндіріске енгізуімізге ықпал етеді. Сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығы деңгейлерін өлшейтін бірегей құралдарға қол жеткізеді.

Қазақстандағы өткізілетін PISA халықаралық зерттеулері үш бағытта жүргізілуде: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы.

Дүниежүзілік Экономикалық Форум «Білімге жаңа көзқарас» Халықаралық есебінде ХХІ ғасырдың табысты адамының 16 түрлі білімі мен дағдысын негізгі блокқа бөліп көрсетті. Олар: а) «Базалық дағдылар» оған: қаржылық, мәдени және азаматтық сауаттылық, АКТ дағдыларын жатқызады; ә) «Құзыреттер» оған: креативтік, байланысқа бейімділік, мәселелерді шешу; б) «Мінез-құлық түрлері» оған кіретіндер: топта жұмыс істеу дағдысы, лидерлік қасиеті, ынталылығы.

PISA халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістігін бағалауда жоғарыда аталған құзыреттіліктерді баланың бойынан көруді, соны бағалауды мақсат етеді. Неге PISA халықаралық зерттеулеріне 15 жастағы білім алушылар ғана қатысады, оның себебі әлемнің көптеген елдерінде мектепте берілетін міндетті білім алу осы жаста аяқталады. Білім алушылар осы кезеңде өздерінің мамандықтарын таңдау мен болашақ білім алу траекториясын анықтай алады.

PISA зерттеулеріне қатысушы елдер ұлттық білім беру жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оны одан әрі дамыту үшін жаңа реформалар мен бастамаларды әзірлеу үшін бағыт алады. Зерттеуге қатысу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуындағы трендтерді өлшеуге мүмкіндік туады.

Сонымен қатар, PISA нәтижелері әртүрлі білім беру жүйелерін алмастыруға және ұлттық білім беру стратегияларын әзірлеуде жетекші елдердің тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) 2030 жылға дейін білімді дамытуға арналған концептуалдық тұжырымдама жобасы мұғалімдерге оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім мен дағдыны қатар үйретуге (мысалы, сыни ойлау, креативті ойлау), сонымен қатар қарым-қатынас пен құндылықтар арасында байланыс орнатуға (мысалы, құрмет және эмпатия) көмектеседі.

ЭЫДҰ-ның 2030 жылға дейін білімді дамытуға арналған концептуалдық тұжырымдамасында: Базалық сауаттылық түрлері; Білім, дағды, қарым-қатынас және құндылықтар; концептуалдық тұжырымдаманың негізгі концептілері; қосымша құзыреттіліктер берілген. Оларды өз ішінен топтастыратын болсақ: 1) Базалық сауаттылық түрлері: (дамытуға арналған сауаттылықтың негізгі түрлері) сауаттылық, есептей білу, ақпараттық сауаттылық/ цифрлық сауаттылық, деректермен жұмыс жүргізе білу сауаттылығы, тән саулығын сақтау сауаттылығы/денсаулықты күту. 2) Білім, дағды, қарым-қатынас және құндылықтар: (жастарға өз әлемдерін жасауға қажетті дағдылар, қарым-қатынас, құндылықтар) ынтымақтастық, сыни ойлау, мәселені шешу, креативті ойлау, өзін-өзі реттеу/ өзін-өзі бақылау, эмпатия, құрмет, табандылық/қайсарлық, сенім, қалай оқу керектігін үйрену. 3) концептуалдық тұжырымдаманың негізгі концептілері: (концептуалдық картаның негізін құрайтын концептілер) оқушылардың белсенділігі (мысалы: ынталандыру,

мақсат қоя білу, өзін-өзі дамыту, бірлесе әрекет ету (мысалы, оқушы-мұғалім; оқушы-оқушы; оқушы- ата-ана; оқушы-мектептен тыс орта, жауапкершілік, жанжалды (конфликт) шеше білу. 4) Құзыреттіліктерді қалыптастыру циклі: болжам жасау, әрекет ету, рефлексия, «Болжау – әрекет – рефлексия» циклі (бағдарлама арқылы жүзеге асырылатын цикл). 5) Қосымша құзыреттіліктер (Жеке, әлеуметтік және экономикалық әлеует үшін қажетті білім, дағды, сенім және құндылықтарды қамтиды) Ғаламдық құзыреттілік, медиасауаттылық, тұрақты даму сауаттылығы, компьютерлік ойлау/ бағдарламалау/ кодтау, қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік сауаттылық.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) халықаралық ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, ұлттық білім орталықтарының қатысуымен 3 жылда бір рет оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бағдарламасы бойынша тест ұйымдастырады (ағыл. Programme for International Student Assessment, PISA). PISA әлемнің әртүрлі мемлекеттері бойынша білім алушылардың функционалды сауаттылығын, мектепте алған білімін практикада қолдана алуын бағалайды. PISA зерттеуі жүйелі түрде жүргізілетін мониторингтік зерттеу. Бұл зерттеу әлемдегі елдердің білім жүйесінде болып жатқан өзгерістерді анықтау мен салыстыруына, білім саласындағы жасалған стратегиялық шешімдердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Білім сапасына жасалатын мониторинг төмендегідей негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Жыл өткен сайын PISA халықаралық зерттеулеріне қатысушы елдер саны артып келеді.

Қазақстан PISA зерттеуінің үш цикліне (2009, 2012, 2015, 2018, 2022 жылдар) қатысып келеді. PISA зерттеулерінің нәтижелері осы кезге дейін білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және оқытудың жаңа технологияларын енгізуге ықпал жасады. Білім алушының функционалды сауаттылығы деңгейлерін өлшейтін бірегей құралдарға қол жеткізілуде. Қазіргі таңда PISA жобасы әртүрлі опциларды, оның ішінде «қаржы сауаттылығы», «мәселені бірлесіп шешу», «жаһандық құзыреттілік» бағыттарын ұсынуда.

PISA-2012 зерттеуінде компьютерлік форматтағы тапсырмалар қолданылды. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың компьютерлік сауаттылығын қажет етеді. Зерттеуге қатысушылардың функционалды сауаттылық деңгейі таблица, диаграмма, график, сурет және сызбалар түрінде берілген тапсырмалармен анықталды. Тест тапсырмалары жауаптың үш түрін қарастырды: еркін құрастырылған (толық және негізделген жазбаша жауап), жабық құрастырылған жауап (оқиғаны ретімен орналастыру, қажетті сөзді немесе цифрды жазу) және берілген жауап нұсқасынан таңдау жасау (a, b, c, d) жауап нұсқаларының бірін таңдау). Тапсырма жауаптары оқушылардан бірнеше таблица мен графиктерде берілген ақпараттармен бір уақытта жұмыс істей білу қабілеттерін талап етеді. Тапсырма мазмұнында артық ақпараттар да беріліп, білім алушының ойлануына, негізгі мәселені табуына жұмыстануына тура келеді. Яғни бұл берілген тапсырманы күрделендіре түседі. Сол арқылы 15 жастағы білім алушылардың ұсынылған проблема мен жағдаятқа талдау

жасауы үшін қажетті ақпаратты таба білу біліктілігі бағаланады. Халықаралық бағалау 15 жастағы білім алушылардың құзыреттілігін алты деңгей бойынша бағалауды қарастырады. Халықаралық бағалаудың «Ең жоғарғы» (5 және 6 деңгей) бағасын ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білуі, мәтінді ұғыну мен интерпретациялау, қорытындыны дәлелдеп, өзінің болжамдарын ұсына алатын, дағдыларын көрсете білетін білім алушылар иелене алады. 3 - 4 деңгейге жаңа ақпаратты табу үшін білімі мен шеберліктерін қолдана алатын қабілеттері сәйкес келеді. 2 - деңгейде қарапайым күнделікті өмірде өз білімі мен дағдысын қолдана білуі бағаланады. Білім алушылардың қарапайым базалық білімін көрсете білуі «Ең төменгі» 1-ші және 1-ден төмен деңгейге сәйкес. ЭЫДҰ-ның анықтауы бойынша тек қана 1 және 1-ден төмен деңгейдің тапсырмаларын орындай алатын білім алушылар «функционалды сауатсыз» деп есептеледі.


Оқу сауаттылығы – адамның ақпараттың мазмұнын бағалау, түсіну және интерпретациялау қабілеті болып табылады. Оқушының бұл басты төрт оқырмандық құзыреттілігі оның коммуникативтік дағдыларын анықтайды. PISA тесттері оқу сауаттылығын бағалаудың екі негізгі параметрін қарастырады. *Бірінші*. Мәтін (көркем әдебиет, ғылыми мәтіндер, кестелер, графиктер, диаграммалар мен ақпараттық материалдар). Олар форматтары бойынша ерекшеленді, мысалы, тұтас, дискретті, аралас және құрама мәтіндер болып бөлінеді. Тұтас мәтінде ақпаратты табу әрекеттері қаріп түрі мен өлшемдері тәрізді ерекшеліктермен оңайлатылған. Дискретті мәтіндер оқу дағдыларының кейбір әрекеттерін талап етеді. Олардың мазмұнында диаграмма, кесте, график және хабарландыру түріндегі материалдарды қамтиды. Аралас – тұтас және дискретті мәтіндердің түрлерін біріктіреді. Журналдар мен веб-беттердегі материалдардың көпшілігі аралас мәтін түрлеріне жатады. Құрама мәтін – әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз және бірнеше мәтіннен құрастырылған, негізгі ойы аяқталған мазмұндағы форматта беріледі. *Екінші*. Ахуалдар (жеке, қоғамдық, оқу мақсаты және іскерлік). Жеке өмірлік ахуалдарға берілген мәтіндер мазмұны хат, беллетристика, өмірбаян және ақпараттық хаттар түрін құрайды. Электрондық форматтағы мәтіндер хабарлама, күнделікті жаңалық блоктарын қамтиды. Қоғамдық мақсаттар үшін оқу - ресми құжаттар, газет жаңалықтары, Интернеттегі форумдар жатады. Оқу ахуалы мәтіндеріне классикалық мысал ретінде оқулықтар және электронды интерактивтік оқу бағдарламалары кіреді. Іскерлік ахуалдар мәтіні – газеттің немесе Интернеттің сәйкес беттерінен қажетті ақпаратты іздеуі, хабарландыруды, нұсқаулықтарды және т.б. қарауы болып табылады. Тестілеуге қатысушылар тапсырмаларды орындау барысында мәтіннің негізгі ойын анықтап, оны жалпы мәтін контекстінен бөліп алып, өз көзқарасын дәлелдермен негіздеу қабілеттерін көрсете білуі қажет. PISA тапсырмаларының ерекшелігі – ол шындыққа жақындатылып құрастырылуы болып табылады. Әрбір жағдаят – өмірден алынған мысал. Тест тапсырмаларының құрылымы оқушылардың оқу ептіліктері мен оларға сәйкес әрекеттерін анықтауға негізделген. 2018 жылғы халықаралық зерттеуде білім жетістіктерін бағалаудың басты бағыты «Оқу сауаттылығы» болды. Ондағы тест тапсырмаларының мазмұны білім алушылардың оқу сауаттылығы жетістіктерін

бағалаудың келесі түрлерін қамтыды. Олар: мәтінге көз жүгірте қарап негізгі ойды анықтау; мазмұнын түсінуі; қажетті мәліметтерді табу және таңдай білуі; синтез және талдау дағдысы; мәселені шешу және айқындауы; ақпараттың нақтылығын анықтау мен сапасын бағалай білуі.

PISA бойынша тестілеуге қатысушы өзінің әртүрлі форматта берілген мәтіндермен жұмыс істей алу ептілігін, ақпаратты біріктіру мен ұғына білу дағдысын және сыни ойлау құзыреттерін көрсете білуі қажет.

PISA-2022 рейтингісі бойынша мәліметтер.

Бұл зерттеу нәтижесі 2021 жылы жасалуы керек еді. Бірақ коронавирус пандемиясына байланысты бір жылға шегерілген. Әлемдік көрсеткіштен PISA-2022 зерттеуінің нәтижелерінің барлық пәндер бойынша күрт нашарлағанын көреміз. Оқушылардың үлгерімі, 2018 жылмен салыстырғанда, математикадан 15 ұпайға, ал оқу сауаттылығынан 10 ұпайға түсіп кеткен. Бұған белгілі бір деңгейде Covid-19 пандемиясы әсер еткендігін көрсетеді. Пандемия кезіндегі білім алушылардың қашықтықтан оқуы біраз қиындықтар туғызды. Компьютерлік сауаттылықтың төмендігі, интернет желісінің нашарлығы, барлық білім беру ұйымдарының техникамен толықтай қамтылмауы т.б. көптеген аргументтер біраз уақытқа дейін сабақтың жүйесін бұзып, уақыттан да ұтылғандығымыз бір себебі болып табылады.



Источник: OECD, 2023, Figure I.4.8

Ал Қазақстан, керісінше, позициясын жақсартқан. Еліміз математика және жаратылыстану пәндері бойынша ТОП-50 елдің қатарына кірді. Жаратылыстану пәндері бойынша көрсеткіш 26 ұпайға артқан.

PISA-2022 зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстанның рейтингтегі реті төмендегідей: математикадан 46-орынға тұрақтадық. 2018 жылғы рейтингте 54-орында болғанбыз. Жаратылыстану пәндерінен 49-орынға ие болдық. Алдыңғысында 69-орында едік. Оқу сауаттылығынан да бұрын 69-шы болыппыз, енді 61-орындамыз. Рейтингке қатысқан мемлекет саны -81.

Рейтинг бойынша Қазақстанның көрсеткіші (орындар)

Өткізілген жылдары	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жаратылыстану	Қатысқан мемлекеттер саны
2018	69	54	69	
2022	61	46	49	81

PISA-2022 көрсеткішінің аз болса да алға жылжуы 2019 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан реформалық бастамалардың нәтижесі деп қорытынды жасаймыз.

Жалпы PISA зерттеуі 2000 жылдан бері жүзеге асып келеді. Ал Қазақстан бұл рейтингке 2009 жылы қосылды. Сонда осымен бесінші рет қатысып отырмыз. Бірақ 2015 жылғы зерттеуде ұйымдастырушылар Қазақстанның нәтижесін мойындамай, рейтингтен шығарып тастаған. Ал PISA-2022-ге 81 мемлекеттің бірі болып қатыстық. Ел аумағындағы 571 мектеп пен колледжде оқитын 15 жасқа толған 19769 білім алушы қатысты.

PISA зерттеуіне қатысушылар саны

№	Наименование региона	Кол-во организаций образования	Кол-во обучающихся
1	г. Астана	28	1 364
2	г. Алматы	28	1 369
3	г. Шымкент	27	1 218
4	Ақмолинская	40	1 108
5	Ақтөбинская	33	1 128
6	Алматынская	32	1 115
7	Атырауская	31	1 233
8	Восточно-Казахстанская	37	1 265
9	Жамбылская	30	1 124
10	Западно-Казахстанская	36	1 117
11	Карагандинская	35	1 168
12	Костанайская	37	1 076
13	Қызылординская	31	1 175
14	Мангистауская	28	1 181
15	Павлодарская	38	1 160
16	Северо-Казахстанская	53	1 102
17	Туркестанская	27	866
ВСЕГО		571	19 769

Бұл зерттеу білім алушы бір минутта неше сөзді оқиды деген көрсеткішті анықтамайды. Бұл жердегі мәселе - мәтінді түсінуі. Өйткені біздегі үлкен проблема не? Балалар тез оқиды. Жақсы оқиды. Бірақ сол оқылған мәтіндегі мазмұн бойынша, соның ішіндегі маңызды мәселелер бойынша сұрақ қойылса, жауап беруге қиналады. Яғни бұл зерттеу академиялық білімді анықтамайды, бұл – функционалдық сауаттылықты, алған білімді күнделікті өмірде қолдану бойынша дағдыларын анықтайды.

Зерттеу нәтижелері арқылы білім алушыларға қандай тапсырмаларды орындау қиын немесе жеңіл болғанын көре аламыз. Бұл ақпарат білім беру мазмұнын талдау, оқулықтар әзірлеу және мектептердегі оқыту әдістемесін одан әрі жетілдіру үшін аса маңызды.

Ал PISA қорытындысына қарасақ, математика бойынша өткен циклмен салыстырғанда аса бір айырмашылық жоқ. Бұған дейін 423 ұпай жинасақ, осы жолы (425) 2 ұпай ғана қосыппыз. Оқу сауаттылығы да сол деңгейде қалып отыр. 2018 жылы – 387 ұпай болған, бұл жолы – біреуге кем, яғни 386 ұпай жинадық. Ал жаратылыстану категориясы бойынша 26 ұпай айырмашылық бар. Бес жыл бұрын оқушылар 397 ұпай жинаса, PISA-2022-де 423 ұпай алған.

PISA жиналған ұпай саны

Өткізілген жылдары	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жаратылыстану
2018	387	423	397
2022	386/ 1 ұпайға кем	425/ 2 ұпайға артық	423/ 26 ұпай артық

Зерттеу нәтижелері математика мен жаратылыстанудан оң динамика көрсетсе, оқу сауаттылығында нәтижелер бірқалыпты.

Оқу сауаттылығы бойынша нәтиже неге төмен дегенде, тестке қатысқан білім алушылар мәтіннің қазақша аудармасы өте сәтсіз, калькалық аударма, көп тапсырмалар түсініксіз мәтіндердің көлемі көптеу деген жауапты береді. Кейбір сұрақтар мен жауап нұсқаларының құрылымы түсініксіз болғанын айтады. Мысалы, тестке қатысушы Астана қаласы №60 мектептің 10-сынып оқушысы Темірлан Төлеубай: «Мысалы, «сүт өнімі шіріп кетпеуі үшін не істеу керек?» деген сұрақтың варианты «иә» немесе «жоқ» болды. Сол сұрақ біраз қиындық тудырды, түсінбеушілік болды», - дейді. Ал Қостанай облысы, Әуликөл мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Арман Батыров: «Ең қиын сұрақтар оқу сауаттылығынан болды деп ойлаймын. Себебі мәтін көлемі үлкен болды. Ал оны оқып, тапсырманы орындау үшін уақыт аздау берілді», - дейді.

Осындай кедергілердің нәтижесінде қазақша оқитын оқушылардың білім деңгейі орыс сыныбында оқитын құрдастарынан төменірек болып шыққан. Дегенмен де, бұрынғы PISA нәтижелерімен салыстырғанда, алшақтық азайып келеді. Әрине, емтиханға қатысқан қазақ сыныптарының саны көбірек. Ол да орташа көрсеткішке әсер ететіні түсінікті. Халықаралық тестіге қатысқан 571 оқу орнының 224-і – қазақ мектебі. 229 білім беру мекемесі – екі тілде оқытады. Тек 118 оқу орнының оқыту тілі – орысша

Зерттеуге қатысқан білім алушылар саны.

Қатысқан мектептер мен колледждер саны	Қазақ мектебінен қатысқан білім алушылар саны	Екі тілде оқытатын мектептерден (аралас мектеп) қатысқан білім алушылар саны	Орыс мектебінен қатысқан білім алушылар саны	Білім алушылар саны
571	224	229	118	19769

PISA-2022 зерттеуіне қатысқан Қостанай облысы, Әуликөл мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Амира Талкинбаева: «Осы тестіден кейін мен өз әлсіз тұстарымды білдім. Енді соны жетілдіруге күш салып жатырмын»,—деп бұл зерттеулердің білім алушылардың өзіндік жауапкершіліктерін арттыруға, өз-өзіне сын көзбен қарап, бағалауына да мүмкіндік бергендігін көрсетеді.


PISA зерттеулерінің нәтижесінен қала мен ауыл мектептерінің де білім деңгейін салыстыруға болады. Емтиханға ауылдардан – 238 мектеп, қалалық жерден 333 мекеме қатысқан. PISA зерттеуінің ұлттық үйлестірушісі, А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығының департамент директорының орынбасары Ризагүл Сыздықбаева: «Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты алсақ, осы циклда өткен циклмен салыстырғанда математика сауаттылығы бойынша 4 балға айырмашылық қысқарған, жаратылыстану сауаттылығынан 5 балға қысқарған».

Қала мен ауыл мектептерінің білім деңгейін салыстыру

PISA-2018: 37 баллов

PISA-2022: 37 баллов

Разрыв сохранился на уровне PISA-2018



Зерттеуден білім берудегі аймақтық теңсіздікті де көруге болады. Мәселен, математикадан Алматы (453), Астана (449) қалалары және Солтүстік Қазақстан (441) мен Қостанай облыстары (440) көш бастап тұр. Жамбыл (433) мен Павлодар облыстарының (426) да көрсеткіші жаман емес. Ал Атырау облысы (405) мен Түркістан өңірі (389) тағы да ең төмен нәтиже көрсеткен.

5- кесте. PISA зерттеуіне қатысқан өңірлер

р/с	Қатысқан қалалардың атауы	Математика
1	Алматы	453
2	Астана	449
3	Солтүстік Қазақстан	441
4	Қостанай	440
5	Жамбыл	433
6	Павлодар	426
7	Атырау	405
8	Түркістан	389

PISA нәтижелерін зерттеуші Астана халықаралық университетінің вице-президенті Бауыржан Абуов: «Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан өңіріндегі нәтижелер төмендеу. Жалпы Қазақстанның орташа балына қарағанда, Түркістан облысы математика бойынша ең төменгі көрсеткіш көрсеткен (389 балл). Ал Алматы ең көп балл жинаған (оның балы – 453). Яғни салыстыра айтсақ, орташа алматылық оқушы орташа түркістандық оқушыдан 2 жыл ілгері келе жатыр деген сөз».

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) туралы.

Бағалау мен бақылаудың тәуелсіз нысандарын қоса алғанда, Қазақстанда білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің (БСБҰЖ) қалыптасуы 2000-шы жылдардан басталды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1 бабының 14 тармағына сәйкес білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі «білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдарының, рәсімдерінің, нысандары мен тәсілдерінің жиынтығы» ретінде айқындалған. БСБҰЖ Қазақстандағы білім беру сапасын басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ білім беру процесі мен қоғамның барлық қатысушыларын білім беру жүйесінің, оның дамуының әртүрлі деңгейлері мен үрдістеріндегі жай-күйі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылған. БСБҰЖ элементтерінің бірі білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасының мониторингі болып табылады, ол елімізде алғаш рет 2005 жылы мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) нысанында енгізілді және 2012 жылдан бастап білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) форматында жалғастырылды. МАБ-тың мақсаты 4 және 9-сынып білім алушыларының білім беру бағдарламаларының мазмұнын меңгеру деңгейін тексеру болды. Білім беру ұйымдары үшін мониторинг нәтижелерінің салдары қатаң болды. Атап айтқанда, МАБ-тан

өтпеген білім алушылардың жалпы саны министрлік белгілеген шекті саннан асып кеткен жағдайда сол мектептер кезектен тыс мемлекеттік аттестаттаудан өту керек болды. Білім беру жүйесінің тиімділігін мониторинг арқылы оқыту нәтижелері туралы нақты, сенімді деректер алу мақсатында 2012-2020 жылдар аралығында жыл сайын әрбір білім беру циклінің соңында (4, 9, 11-сыныптар) ОЖСБ өткізіліп отырды. ОЖСБ-ның білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің алдыңғы мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) форматынан басты айырмашылығы білім алушылардың білім жетістіктеріне жасалған мониторинг нәтижелерінің қорытындысы бойынша ешқандай мәндеттер жүктелмейді.. Дегенмен ОЖСБ құрылымы және оның нәтижелерін тарату және пайдалану процестері білім беру саласындағы ұлттық мақсаттар мен стратегиялық міндеттерге қол жеткізуге ықпал етпеді. Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі білім беру жүйесіне мониторинг жүргізіп қана қоймай сонымен қатар білім беру саласын талдауға, білім беру саясатын әзірлеуге, оқу және оқыту үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру қажеттігін айқындады. Бұл білім алушылардың білім сапасы ЖМББС сәйкес, не сәйкес емес екендігін анықтауды тағы да жетілдіру қажеттігін туғызды. Осыған байланысты ОЖСБ мектепте білім беру сапасын тәуелсіз бағалаудың жаңа «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг» (ББЖМ) моделіне 2021 жылы қайта өзгертіліп, форматталды. ББЖМ елдің білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту мақсатында оқу, математика және жаратылыстану пәндері бойынша 4 және 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің қаншалық дәрежеде екендігі туралы ақпарат алуға, тұтас түсінік алуға, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларына атаулы әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталды.

Бүгінгі күні көптеген елде білім алушылардың білім жетістіктеріне ұлттық бағалау тұрақты түрде жүргізіледі, өйткені білім сапасын жақсарту үшін оның дәйекті және сенімді ұлттық деректерінің болуы өте маңызды. Ұлттық білім беру стандарттарының мақсатына білім алушылардың білім жетістіктерінің сәйкестігін бағалау арқылы оқу бағдарламалары мен реформаларының қаншалықты нәтижелі екенін анықтауға және білім беру жүйелерін жетілдіруге болады. Бұл тәсіл білім беру саласында ңтайлы шешімін қабылдау үшін уақытылы ақпарат алып, талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Өзге елдердегі сияқты қазақстандық педагогтерге, өңірлік білім беруді басқару ұйымдарының / мектептің басшыларына білім алушылардың жаһандық қоғам өміріне кірігуге қаншалықты дайын екендігін бағалау үшін және ең тиімді білім беру жүйелері мен мектептерді салыстырудағы өз мақсаттарын айқындау үшін сенімді де, сапалы ақпарат қажет. Бұны қамтамасыз етуге білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің бір формасы ретінде білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) жүргізу мүмкіндік жасайды.

Ұлттық бағалау нәтижелерін талдау мұғалімдерге білім берудегі қиындықтарды анықтауға, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, болашақта өз қызметін түзетуге мүмкіндік береді.

4-сынып білім алушыларының білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ)

4-сынып оқу сауаттылығы

ТЕСТІЛЕУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ББЖМ 4-СЫНЫП ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ



Тапсырманың қиындық деңгейлері



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы

Тапсырмалардың қиындық деңгейі неғұрлым жоғары болса, олардың орындалу пайызы соғұрлым төмен болатынын көрсетті. Осылайша, дұрыс орындалған сынақтардың ең жоғары үлесі базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалар бойынша белгіленді – 74,5%. Қиындық деңгейі орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларға келетін болсақ, мұнда орындалу көрсеткіші 19%-дан астам төмен (тиісінше 55,2% және 51,3%). Осылайша, Қазақстандағы 4- сынып оқушылары мәтіннен анық ақпаратты табу қажет тапсырмаларды дұрыс орындағанына қарамастан, мәтіннің әртүрлі бөліктерінде жасырылған мәліметтерді табуды, мәтіннің мазмұны мен формасын бағалауды қажет ететін қиынырақ тапсырмаларды орындауда, мәтін, ақпаратты сипаттау және салыстыру үшін қорытынды жасау барысында қиындықтарға тап болады. Осыған ұқсас үрдісті елдің PIRLS-2021 халықаралық зерттеуінің нәтижелерінен де байқауға болады. Атап айтқанда, жоғары шекті балға оқушылардың 4%-ы ғана қол жеткізсе, 4-сынып оқушыларының көпшілігі орта және төмен деңгейлерге қол жеткізді (тиісінше 39% және 24%). Қазақстандық білім алушылар мәтіндегі ақпаратты интерпретациялау, біріктіру және бағалаудан гөрі ақпаратты табуда және қарапайым қорытындылар жасауда күштірек [6].

9-сынып білім алушыларының білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ)




9-сынып оқушылар нәтижелер «Оқу сауаттылығы» бойынша



Орташа балл
30 -дан **16,75**

тапсырмаларды орындау

Ең жоғары нәтижелер



Тапсырмалардың қиындық деңгейі неғұрлым

- ▲ **жоғары** болса, олардың орындалу пайызы соғұрлым
- ▼ **төмен** болады

Оқу тілі бойынша

қазақ тілі > орыс тілі
нен **1,88 балға (6,3%)**

Ең төмен нәтиже



Білім алушылар бейтаныс мәтінді түсіндіру және түсіну; мәтіннен жауап алу үшін қажетті ақпаратты алу, оқылған ақпаратқа сүйене отырып қорытынды жасауда қиындықтарға тап болады

Тапсырманың қиындық деңгейлері бойынша жетістіктер Тест тапсырмалары үш қиындық деңгейінде ұсынылады: базалық (30% тапсырма), орташа (50%) және жоғары (20%). Тапсырмалар қиындықты арттыру тестінде орналасқан: салыстырмалы түрде қарапайымнан қиынға және қиындық деңгейі жоғары тапсырмаларға дейін. Оқу сауаттылығы тесті ақпаратты түсінуге, мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтауға және негізгі ойды анықтауға, мәтіндердің түрлері мен стильдерін анықтауға, әртүрлі көздерден ақпарат алуға, мәтінді талдауға және түсіндіруге бағытталған тапсырмаларды қамтиды


«Оқу сауаттылығы» бойынша 9-сынып тест құрылымы



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Тестілеуге қатысушылардың жауаптарын зерделеу кезінде тапсырмалардың қиындық деңгейі жоғарылаған кезде олардың орындалу пайызы төмендейтіні анықталды. Дұрыс орындалған тест тапсырмаларының ең көп үлесі қиындықтың базалық деңгейіндегі тапсырмаларда – 61,8% орындалуы байқалды. Орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау деңгейі сәйкесінше 54,6% және 50% құрады.

«Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып



Қиындық деңгейі бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың өңірлер бойынша үлесі

Өңір	Қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың %					
	Қазақ тілде оқыту			Орыс тілде оқыту		
	А (базалық)	В (орташа)	С (жоғары)	А (базалық)	В (орташа)	С (жоғары)
Қарағанды	73,3	64	59,2	48,6	51	41,7
Астана қ.	72,2	63,2	59,6	59,1	58,3	50,6
Алматы қ.	72,8	61,9	60	59,7	57,5	50,4
Қызылорда	63,5	55,9	51,7	60,6	55,3	58,7
Шымкент қ.	62,1	51,5	50,5	64,2	59,2	55
Павлодар	65,4	52,7	52	60,8	59,2	51,4
Жамбыл	65,7	56,7	53,3	56,3	56	49,5
БҚО	67,9	58,5	51,9	55	53,7	46,4
Түркістан	62,8	54	49	55,5	57,7	49,1
Абай	67,5	55,9	52,5	51,7	52,1	42,2
Жетісу	61,4	50,3	48,3	53,3	49,7	44,8
Ақтөбе	63,5	54,4	52,6	51,3	47,3	38,1
Маңғыстау	58,1	48	42,9	55,6	48,6	49,8
ШҚО	63,4	53,3	52,9	49,3	45,9	37,8
Атырау	60,1	51,1	47,1	52,2	49	42,3
Қостанай	61	54,2	54,7	47,1	43,9	36,5
СҚО	66,6	54,4	53,2	44,7	43	34,7
Ақмола	61,9	48,5	42,9	47,6	44,5	33,6
Алматы	58,4	50,1	48,4	41	39,4	33,9
Ұлытау	62,6	49,2	48,6	40,6	37,8	28,9
ҚР	65,2	55,6	52,3	54,2	52,5	45

Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) жүргізуде оқу сауаттылығы бойынша 4-сынып, 9-сыныптардың жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталсақ:

- 2022 жылдағыдай оқу сауаттылығы бойынша төртінші сынып оқушыларының оқу тілі бөлінісі нәтижелерінде іс жүзінде алшақтық байқалмайды. Мәселен, ББЖМ-2023 қорытындысы бойынша қазақ тілінде оқитын 4-сынып оқушылары ең жоғары 10-нан 5,95 балл жинады, бұл орыс тілінде оқитындарға қарағанда 0,24 балға ғана төмен көрсеткіш. Сонымен қатар, тоғызыншы сынып оқушыларының арасындағы алшақтық жоғарырақ және қазақ тілінде оқитын оқушылардың нәтижелерінің пайдасына шамамен 6% құрады (2022 ж. – 7%).

- Мектептердің орналасқан жері бойынша «оқу сауаттылығы» бағытында оқушылардың нәтижелерінде ешқандай айырмашылық жоқ. 4-сыныптарда тапсырманың орындалуы тек 1,6%-ды, ал 9-сыныптарда қалалық қатысушылардың нәтижелерінің пайдасына 3,3%-ды құрады. Айта кету керек,

өткен жылы «қала–ауыл» бөлінісіндегі көрсеткіштер айырмашылығы да аз болды.

▪Екінші жыл қатарынан тапсырмалардың қиындық деңгейі артқан сайын төртінші сынып оқушылары мен тоғызыншы сынып оқушылары арасында олардың орындалу үлесінің төмендеуі байқалады. Сонымен, бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлеріндегі білім алушылар қиындықтың орта деңгейіндегі тапсырмалардың 55% және жоғары деңгейдегі тапсырмалардың жартысына жуығын да орындай алмады. Бұл дегеніміз, білім алушылар мәтіннен нақты түрде берілген ақпаратты табу керек сияқты тапсырмаларды дұрыс орындайды, бірақ мәтіннің мазмұнын және оның жеке бөліктерін терең түсінуді, талдауды, салыстыруды және түсіндіруді қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында қиындықтарға тап болады.

▪4-ші және 9-шы сынып білім алушылары арасында мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау, негізгі ойды анықтау, өз тұжырымдарын тұжырымдау үшін мәтіннен ақпарат алу, мәтінде қайшылықтарды табу, ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалау, мәтіннің әртүрлі бөліктерінде жасырылған бөлшектерді табу сияқты оқу құзыреттері жеткіліксіз дамыған. Бұл ББЖМ нәтижелерімен де, халықаралық салыстырмалы зерттеулермен де расталады.

Әлемдік білім беру жүйесінің сапасын зерттейтін халықаралық зерттеу жобаларының (PISA, PIRLS), ұлттық жобалардың (ББЖМ) бірегей әдістемесін түсіну қазақстандық білім беру саласының жаңа деңгейде дамуына мүмкіндіктер береді.

2 5-9-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАСЫНДА ҒАЖАТТЫҚ ҚАТТЫҚТЫҒЫН АНЫҚТАУ

Пән бойынша оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау ретінде әр сыныпқа арналып әдістемелік көмек ретінде оқыту жоспарлары дайындалды. Оқыту жоспарында білім алушылардың коммуникативтік дағдылары мен функционалды сауаттылықтарын арттыру үшін түрлі әдістемелік материалдар берілді. Мысалы, «Қазақ тілі» пәнінен 7-сыныпқа дайындалған «Оқыту жоспарында» оқылым материалдарымен жұмыс жүргізу кезеңдері туралы мынадай ақпарат ұсынылды: ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысу, мәтін жанры мен негізгі мәселесін анықтауға, ой қорытындысын жасауға, түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдыландыратын, белсенділігін арттыратын тапсырмалармен қамтылды. Білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, сыни ойлауды қажет ететін тапсырмалармен қамтылды. Тапсырмалар зер салып оқуға сыни ойлануға, негізгі ой мен басты идеяны ашуға жетелейді. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылатындықтан, осы дағдыларын дамытуға арналған белсенді оқыту тапсырмаларының түрлері де ұсынылып отыр. Тапсырмалар білім алушылардың деңгейіне сай түрлендіріліп ұсынылды. Ұсынылған тапсырмаларда мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау, проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, мәтін үзінділерінен оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау, мәтіндік және графиктік ақпараттарды интерпретациялау ұсынылады. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу дағдыларын қалыптастыратын тапсырмалар құрастырылған. Сұрақтар ұсынылған мәтінге қатысты сол тақырыптағы білім алушы білімін қозғау мақсатында, әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар тобынан, жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады. Оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Сондықтан тапсырмалар дағдылар ерекшелігін ескеріп құрылып, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады деп есептейміз. Тапсырмалар «7.1.1.1- мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау», «7.1.5.1 - проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру», «7.2.1.1- мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау», «7.1.3.1- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу», «7.2.2.1- публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану», «7.3.3.1- мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу», «7.2.4.1-идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін

салыстыра талдау» оқу мақсаттарымен қамтылды. Ол білім алушыға алдымен сұрақтарға жауап бере алу дағдысын, содан кейін барып әртүрлі мәтіндердегі ақпаратпен жұмыс істей алу қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл мәтін құрылымының маңызды ерекшелігі, өйткені бір мәтінде ұсынылған ақпаратты сәтті игеретін және тіпті бір мәтіннен алынған ақпаратты жинақтай алатын білім алушылар бар, алайда бірнеше мәтіннен алынған ақпаратты жинақтауды сұраған кезде оларда қиындықтар туындайды. Осылайша, мұндай модель оқу сауаттылығы әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға осы бөлімнің жеке тапсырмаларын орындау кезінде өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Берілген тапсырмалар тыңдалым мен айтылым, оқылым дағдыларына негізделген. Мәтін мазмұнын меңгергенін анықтау үшін тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар арқылы ұсынылды. 1-деңгей тапсырмасында ұсынылған мәтін бойынша сұрақтарға көпнұсқалы жауаптар ұсынылса, 2-деңгей тапсырмасында проблемалық сұрақтарға дайын жауап нұсқасының бірін таңдау, ал 3-деңгейде мәтін бойынша мәтіндік ақпарат пен графиктік ақпараттарды интерпретациялау арқылы өз жауабын ұсыну тапсырмаларымен қамтылған. Келесі деңгейлік тапсырмаларды мәселенің себептерін бірнеше жолмен ұсыну, өз шешу жолдарын мәтін мен суретті ақпаратпен байланыстыра отырып жазу міндеттеледі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, күнделікті сабақта жаңа тақырып сайын PISA тапсырмаларын қосып дайындау керек. Сонда білім алушы бойында әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы функционалдық сауаттылығы артады.

5 -СЫНЫП

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

Оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану, хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері, ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер, оқылым стратегияларын қолдану, қажетті ақпаратты таба білу.

https://ziatker.kz/docx/negizgi_orta_bilim_bery_denggeiining_5_9_synyptaryna_arn_algan_qazaq_tili_paninen_jangartylgan_mazmundagy_ulgilik_oqy_bagdarlamasy_o_qyty_qazaq_tilinde_280.html

Оқу мақсаты: 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	
1-сипаттау мәтіні	«Күз»
	Күз туралы, жеміс-жидектер, ауа-райы
Сол жақта берілген «Күз» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз және шағын диалог құрастырыңыз.	Күз Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Қазір күз мезгілі. Күн салқындады. Суық жел соқты. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсті. Бақтарда түрлі жемістер мен көкөністер пісті. Біз бақшадан
1-тапсырма Берілген сөздерге антонимдік қатар табыңыздар.	

Суық , салқындады.

- A) жылы, күн жақсы
- B) суық, жылынды
- C) жылы, жылынды
- D) сарғайды, ыстық
- E) жел соқты, жылынды

2-тапсырма

Мәтін бойынша лексикалық тест

1.Күз айындағы ағаштардың жапырақтарының түрін атаңыз.

- A) жасыл
- B) сары
- C) көк
- D) қара
- E) күлгін

2. Менің әпкем нені тұздады?

- A) алма
- B) асқабақ
- C) алмұрт
- D) қырыққабат
- E) қызынақ

3.Анам неден тосап қайнатты?

- A) асқабақ, қызанақ
- B) алма, алмұрт
- C) қырыққабат, алма
- D) асқабақ, қырыққабат
- E) қызанақ, алмұрт

4. Күздегі ауа райын анықтаңыз

- A) Күн салқындады. Бақтарда түрлі жемістер мен көкөністер пісті.
- B) Біз күз мезгілін ерекше жақсы көреміз.
- C) Суық жел соқты. Әпкем қырыққабат тұздады
- D) Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсті.
- E) Күн салқындады. Суық жел соқты.

5. Күз айларын белгілеңіз

- A) күз, қазан, қараша
- B) қыркүйек, қазан, қарбыз
- C) қыркүйек, қазан, қараша
- D) қарақат, қазан, қараша
- E) алма , алмұрт , қарақат.

асқабақ, қызанақ, алма, алмұрт жинадық. Әпкем қырыққабат тұздады. Шешем алма мен алмұрттан тосап қайнатты. Біз күз мезгілін ерекше жақсы көреміз.

(46 сөз)

<https://www.zharar.com/kz/shygarma/11-k.html>

Бұл тапсырмада оқушы берілген мәліметтерді оқиды. Оқушы берілген сөздерге антонимдік қатар табу туралы ойлайды, күз мезгілі туралы мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді.

Тапсырманы орындауда қолданатын әдістер қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологияларының бірі ақпараттық коммуникациялық технологиялар және дамыта оқыту технологиялары қолданылады, себебі оқушы берілген мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну және анықтау үшін ақпараттық коммуникацияны қолдануына болады, қосымша ақпараты біліп, білімін дамытуға мүмкіндік береді. Тапсырмадағы тұжырымдамаларды анықтау, бақылаулар мен эксперименттер жүргізу, қорытындылар мен нәтиже жасау, мәтінмен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі.

Мысалы: «Күздегі ауа райын анықтаңыз» сұрағына оқушы берілген мәтіндегі сөйлемдерді оқып, негізгі ақпаратты алады, қосымша ақпаратты ғаламтор арқылы да алғысы келсе мүмкіндік беруге болады, сонда ғана оқушының мәтінмен жұмыс жасауы, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі.

Оқу мақсаты: 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану	
1- әңгімелеу мәтіні	«Ойыншықтар»
	Ойыншықтар туралы, тарихы, ойыншықтардың ең алғашқылары туралы.
<p>Сол жақта берілген «Ойыншықтар» туралы мәтіннің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1.Мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер</p> <p>A) Әңгімелеу B) Сипаттау C) Пайымдау D) Ақпарат E) Салыстыру</p> <p>2.Мәтіннің мазмұнына сай тақырып</p> <p>A) Адамдар B) Аңдар C) Адамға жақын жануарлар D) Ойыншықтар E) Үй жануарлары</p> <p>3.Екінші абзацта не туралы айтылған?</p> <p>A) ең алғашқы ойыншық-сылдырмақ туралы B) ең алғашқы қуыршақтар туралы C) ең ежелгі ойыншықтар туралы</p>	<p>1-мәтін</p> <p>Баланың ең алғашқы ойыншығы-сылдырмақ. Ежелгі Грецияда және Римде сылдырмақты жаңа туған балаға сыйлаған. Осындай сылдырмақпен анасы және күтушісі бесік жырын айтқан.</p> <p>Бізге белгілі ең ежелгі ойыншық біздің заманымызға дейінгі III ғасырда пайда болған. Өкінішке орай, көптеген ежелгі ойыншықтар біздің заманымызға дейін жетпеді. Ежелгі ойыншықтарды ағаштан, саздан, сүйектен және металдардан жасаған.</p> <p>Ойыншықтар қашан пайда болды? Болжамдар бойынша ойыншықтар алғашқы адамдар дәуірінде пайда болды деуге де болады. Ең алғашқы қуыршақтар әр түрлі заттардан жасалды.</p> <p>Біздің заманымызға дейінгі 4-5 ғасырларда ежелгі гректер саз балшықтарды күйдіріп жасалған. Сол заманда Сордис қаласы Персиға баратын скуда жолында орналасып, ойыншықтар орталығы атымен танымал болған қала.</p> <p>Ежелден пайда болған және белгілі ойыншықтың түрі бұл – қуыршақ. Ең көне мысырлық қуыршаққа 4 мың жылдай.</p>

- D) ең көне мысырлық қуыршақ туралы
E) ежелгі гректер туралы

<https://infourok.ru/maala-azirgi-oyinshitar-dibala-psihiologiyasina-seri-2563672.html>

(112 сөз)

(Интернет желісінен алынды
қысқартылған)

2-тапсырма

Әр тұжырым үшін «иә» немесе «жоқ» дегенді белгіле, бірақ ол кем дегенде бір мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып таңдау себебін түсіндіруі қажет.

Әр тұжырым үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді белгілеңіз	Иә	Жоқ
Баланың ең алғашқы ойыншығы-қуыршақ.		
Ежелгі ойыншықтарды ағаштан, саздан, сүйектен және металдардан жасаған.		
Ең көне мысырлық қуыршаққа 4 мың жылдай.		

3-тапсырма

(екінші мәтін бойынша)

1. Берілген төл сөз бен автор сөзіне қатысты сөйлемді төлеу сөзге айналдырылған сөйлемді табыңыз

– **Сенің тауың қандай керемет!** – деді

Үрпек.

A) Үрпек, сенің тауың қандай керемет.
B) Үрпек оның тауының керемет екендігін айтты.

C) Оның тауының керемет екендігін айтты.

D) Менің тауым керемет екендігін айтты.

2. Берілген мәтін қандай стилде жазылған?

- A) Ауызекі сөйлеу стилі
B) Жазба стилі
C) Көркем әдебиет стилі
D) Ресми іс- қағаздар стилі

3. Сөйлемдегі сөздер қандай мағынада берілген? Тақияң аппақ бұлттан, жейдең қоңыр тастан, етегің ғажап гүлден жасалыпты.

- A) Ауыспалы мағына
B) көп мағына
C) тура мағына
D) кері мағына

2-мәтін

– О-о-го-го-гоо! – деді бәрі тауға қарап. Таудың етегі жасыл шөппен, қызыл, сары гүлдермен көмкерілген. Ал ортасынан төбесіне қарай **жалпақ**, жылтыр тастар жауып жатыр.

– Та-ау! Біз саған келдік-ау! – деді Үрпек. – Сен сондай әдемісің! Тақияң **аппақ** бұлттан, жейдең қоңыр тастан, етегің ғажап гүлден жасалыпты.

– Үрпек, сен қалай дұрыс тауып айттың. **Үлкендер** сияқты ойлайсың, – деп өзінен басқаны мақтай алмайтын Мими таңғала мақтап жіберді.

Айнала тегіс көрінеді екен. Өне, анау – өздері дем алған тоғай. Анау – көпірінен әрең өткен өзен. Анау – өз ауылдары. Таудың **арғы** бетінде суы айнадай жарқырап көл жатыр. Табиғат барлық сәнін көрсетіп, мол шуағын төгіп тұр. Достар таңғала қарап тұр.

– Сенің тауың қандай керемет! – деді Үрпек.

– Бұл – бәріміздің тауымыз! Біздің әлем! – деді Жебе.

<https://www.youtube.com/watch?v=MJ4oX9ojak8>

Бұл тапсырмада оқушы берілген мәліметтерді оқиды. Оқушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, стильдік ерекшелігін анықтайды, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Оқушы ұсынылған бес нұсқаның бірін таңдай алады, әр тұжырым үшін «иә» немесе «жоқ» дегенді белгілейді, бірақ ол кем дегенде бір мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып таңдау себебін түсіндіруі қажет.

Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасауға үйретеді. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды. Дұрыс тұжырымдама жасау үшін лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы таниды.

Оқу мақсаты: 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	
2-сипаттау мәтіні	«Отбасы»
	Отбасы туралы, отбасылық рухани құндылықтар
<p>Сол жақта берілген «Отбасы» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз және отбасылық рухани құндылықтарын анықтаңыз.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1. Мәтін мазмұнына қай мақал сәйкес?</p> <p>А) Туған жерге туың тік. В) Отан отбасынан басталады С) Отан үшін отқа түс, күймейсің, Арың үшін алыссаң, өлмейсің. Д) Батыр туса, ел ырысы.</p> <p>2. Көп нүктенің орнына қай сөз қойылады? <i>Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді қара шаңырақта қарсы алу ... отбасылық дәстүрлер ертеден қалыптасқан.</i></p> <p>А) болмаса В) әйтпесе С) сияқты Д) сондықтан</p> <p>3. Соңғы абзацтағы қарамен берілген сөзді қай сөзбен алмастыруға болады?</p> <p>А) балалардың В) ұрпақтардың</p>	<p>Отбасы мүшелерінің арасында сыйластық пен махаббат орнаса, ол отбасы ең бақытты жанұя болып саналады. Әр жексенбі және түрлі мейрамдар сайын отбасы мүшелері ата мен әженің шаңырағындағы мол дастарқан басына жиналып бір-бірлеріне деген құттықтауларын білдіреді. Себебі оларды отбасылық рухани құндылықтар біріктіреді.</p> <p>Жанұяның қонақ күту рәсімі ұлтына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты әртүрлі болады. Қазақ халқы қонақжай халық болғандықтан, келген қонақты төрге шығарып, ақ дастарқан жайған.</p> <p>Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді қара шаңырақта қарсы алу ... отбасылық дәстүрлер ертеден қалыптасқан. Бала дүниеге келгенде, шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той сияқты мерекелерді туған-туысқандарымен бірге тойлайды.</p> <p>Отбасылық дәстүр мен мейрамдар жанұядағы адамдардың бір-біріне</p>

- С) ағалардың
- Д) кісілердің

2- тапсырма

1. Отбасы құндылықтарының атауын тап.

- А) сыйластық пен махаббат;
- В) шілдеhana, бесік той
- С) тұсаукесер, сүндет той;
- Д) дәстүр мен мейрамдар.

2. Сөзде неше буын бар, белгіле. «Отбасы»

- А) бес;
- В) алты;
- С) төрт;
- Д) үш.

3. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздер:

- А) жуас, толық, бұйра;
- В) өшіргіш, оқулық, қалам;
- С) ақылды, ұқыпты, ұсақ;
- Д) әке, шеше, іні.


деген сенімділігін әрі құрметін нығайтады. Ол болашақ ұрпақ тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады.

(114 сөз)

<https://znanija.com/task/38751112>

Бұл тапсырмада оқушы берілген мәліметтерді оқиды. Оқушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Білім алушы ұсынылған нұсқаның бірін таңдай алады, және отбасылық рухани құндылықтарын анықтайды. Проблемалық оқыту технологиясы мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыруға берілген тапсырмалардың күрделену деңгейіне сәйкес білім алушының ойлау, орындау қабілеті артады. Мысалы: Отбасы құндылықтарының атауын тап. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушының ойлау, орындау қабілеті артады. Мәтін мазмұнына қай мақал сәйкес келеді сұрағына жауап беру үшін білім алушы мәтіндегі негізгі ойды түсінуі керек. Педагог мақалдардың мазмұнын ашып түсіндіруі керек. Сөздікпен жұмыс, мәтінді ықшамдау алгоритмі, мәтінді абзацтарға бөлу, әр абзацта тірек сөздерді табу, мәтіннің жалпы атауын анықтау, мәтін бойынша жалпы қорытынды сұрақтар құрастыру, әр абзац бойынша сұрақтар құрастыру, жалпы қорытынды сұрақтарға жауап беру, әр абзацтың сұрақтарына жауап беру, мәтінді мазмұндау, мәтін бойынша кластер құрастыру сияқты әдістерді қолданыңыз.

Оқу мақсаты: 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу

4-әңгімелеу мәтіні	«Қазақ отбасындағы дәстүр» Қазақ отбасындағы дәстүр туралы отбасылық рухани құндылықтар
<p>Сол жақта берілген «Қазақ отбасындағы дәстүр» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз және отбасылық рухани құндылықтарын анықтаңыз.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1. Мәтінге қайсысы сәйкес емес?</p> <p>А) Бата беруің тәртібі. В) Батаның пайдасы. С) Батаның түрлері. Д) Батаның дәстүрі.</p> <p>2. Кіріспе қай сөздермен аяқталады.</p> <p>А) рәсімдері бар В) терең сөз С) маңызы үлкен Д) бата беру</p> <p>3. 1-сөйлемдегі «ертеден» сөзінің синонимі қайсы?</p> <p>А) қазірден В) болашақта С) бұрыннан Д) әйгілі</p>  <p>2-тапсырма</p> <p>1. Сурет бойынша қараңыз батаның қай түріне жатады?</p> <p>А) Жол батасы В) Ас батасы С) Рамазан батасы Д) Тілек-бата</p> <p>2. Батаны кімдер береді?</p>	<p>Қазақ отбасындағы өте ертеден келе жатқан ерекше дәстүрдің бірі – бата беру. Бата – тілі көркем, ізгі тілек түрінде айтылатын қысқа әрі мәні терең сөз. Батаның тәрбиелік маңызы үлкен. Бата берудің өз жолы, дәстүрі, рәсімдері бар.</p> <p>Дастарқан басында, түрлі жиын-тойда, отбасы мерекелерінде: тұсаукесер, тілашар кезінде жастар қол жайып, үлкендерден бата сұрайды. Батаны кез келген адам бере бермейді. Батаны көпті көрген ақсақалдар мен дана әжелер береді.</p> <p>Батаның түрлері бар. Ас батасы – асты үстелге әкелгенде немесе ас ішіп болған соң берілетін бата. Ас батасы тамақ ішкен сайын беріледі. Рамазан батасы – үш күнгі ораза айтта айтылатын ізгі тілек, жақсы ниет. Жол батасы ұзақ жолға шыққанда беріледі. Жолға шығарда үй иесі көршілерге, туыстарға тамақ беріп, үлкен ақсақалдан бата алады. Тілек-бата – үлкендер жастарға риза болғанда, реті келген жерде қолын жайып беретін батаның түрі.</p> <p>Қазақтар сөз өнерін өте жоғары бағалаған. «Бата адамға күш береді, жолын ашады, жаман күштерден сақтайды» деп сенген.</p> <p>https://ust.kz/word/5_synyp_oqylym_boiynsa_test_ta_psyrmalary-94771.html</p>

<p>A) кез келген адам B) көпті көрген ақсақалдар C) үй иесі береді D) жастар береді</p> <p>3. Асты үстелге әкелгенде немесе ас ішіп болған соң берілетін батаны қалай атайды?</p> <p>A) Рамазан батасы B) Ас батасы C) Жол батасы D) Тілек-бата</p>	
--	--

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Білім алушы ұсынылған нұсқаның бірін таңдай алады, отбасылық рухани құндылықтарын анықтайды. Педагог заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет береді, дәлелді, зерттелген тура мағынадағы сөздерді қолданып түсіндіреді. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқыту.

<p>Оқу мақсаты: 5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу</p>	
<p>5-әңгімелеу мәтіні</p>	<p>«Мектеп»</p>
<p>Сол жақта берілген «Мектеп» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1. Әңгіме қай жақта айтылып тұр?</p> <p>A) 2- жақта B) 3- жақта C) 1- жақта</p> <p>2. Көп нүктенің орнына қай сөз қойылады.</p> <p>A) орналасқан B) жақын C) жұмыс істейді D) бар</p> <p>3. Мәтін қай үлгіде жазылған</p>	<p style="text-align: center;">«Мектеп»</p> <p>«Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан. «Оқу орны» деген ұғымды білдіреді. Біздің мектеп қаланың орталығында. Мектептің ауласы кең. Аулада футбол алаңы бар. Онда оқушылар футбол ойнайды. Сынып терезелерінің алдында ағаштар өсіп тұр. Ағаштарды балалар суғарады, күтеді. Мектепте асхана, кітапхана, шеберхана жұмыс істейді. Мектептің үлкен спорт залы бар. Ол ешуақытта бос болмайды.</p>

- A) аңыз
- B) әңгіме
- C) эссе
- D) ерте

2-тапсырма

1. Мектеп қаланың қай жағында?

- A) қаланың шетінде
- B) қаланың орталығында
- C) қаланың басында

2. Мектепте не жұмыс істемейді?

- A) Мектепте асхана жұмыс істемейді.
- B) Мектепте кітапхана жұмыс істейді.
- C) Мектепте дәріхана жұмыс істемейді.

3. «Мектеп» деген сөз қай тіліден шыққан?

- A) «Мектеп» деген сөз орыс тілінен шыққан.
- B) «Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан.
- C) «Мектеп» деген сөз ағылшын тілінен шыққан.

4. Нелерді балалар суғарады, күтеді?

- A) Гүлдерді балалар суғарады, күтеді.
- B) Құлпынайды балалар суғарады, күтеді.
- C) Ағаштарды балалар суғарады, күтеді.

5 Ешуақытта не бос болмайды?

- A) асхана
- B) спорт зал
- C) кітапхана

Сілтемесі:

<https://www.zharar.com/xfsearch/%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF%20%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D1%88%D1%8B%D2%93%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B0/>

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Оқушы ұсынылған төрт нұсқаның бірін тандай алады, және мектеп туралы мәліметтерді анықтайды.

Оқу мақсаты: 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу

6-әңгімелеу мәтіні

«Бердібек Соқпақбаев»

	Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары мен өмірі туралы
<p>Сол жақта берілген «Бердібек Соқпақбаев» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1. Қай абзацта Б. Соқпақбаевтың шығармалары берілген?</p> <p>А) біріншіде В) ақырғыда С) екіншіде Д) барлығында</p> <p>2. Көп нүктенің орнына қай сөз сәйкес?</p> <p>А) жазылды В) аударылды С) оқыды Д) сөйледі</p> <p>2-тапсырма</p> <p>1. Қандай киностудияда повесть бойынша көркем фильм шығарды?</p> <p>А) «Қазақфильм» киностудиясы В) «Мосфильм» киностудиясы С) «Қырғызфильм» киностудиясы Д) «Өзбекфильм» киностудиясы</p> <p>2. «Менің атым – Қожа» повесі алғаш рет Мәскеудегі «Детская литература» баспасынан қай тілде жарық көрді?</p> <p>А) қазақ В) қырғыз С) орыс Д) ағылшын</p> <p>3. Бердібек Соқпақбаев балаларға арнап қандай шығармалар жазды ?</p> <p>А) пьеса, көптеген әңгіме бірнеше киноға сценарий жазды В) роман, көптеген әңгіме бірнеше киноға сценарий жазды С) ертегі, көптеген әңгіме бірнеше киноға сценарий жазды Д) пьеса, көптеген ертегі бірнеше киноға сценарий жазды</p> <p>4. Ол неше жасынан бастап өлен</p>	<p>Белгілі балалар жазушысы – Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостебе ауылында дүниеге келген. Осы жерде мектеп бітірген. Ол 14-15 жасынан бастап өлең жазған. 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып жұмыс істеген. Ол «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында да жұмыс істеген. Қазақстан Жазушылар Одағында түрлі қызметтер атқарған.</p> <p>Бердібек Соқпақбаев балаларға арналған пьеса, көптеген әңгіме, бірнеше киноға сценарий жазды. «Бұлақ» атты өлеңі 1950 жылы «Пионер» журналында жарияланды. Жазушының «Бақыт жолы», «Алыстағы ауылда», «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы», «Аяжан», «Жолда», «Менің атым – Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар?» және т.б. шығармалары бар. Бердібек Соқпақбаев – балалардың сүйікті жазушысы.</p> <p>Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі алғаш рет Мәскеудегі «Детская литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрді.</p> <p>Кейін француз тіліне «Менің атым – Қожа» повесі 30 тілге аударылып, дүниежүзіне тарады. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы осы повесть бойынша сценарий жазып, көркем фильм шығарды. Фильмнің режиссері – Абдолла Қарсақбаев. «Менің атым – Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда арнайы сыйлыққа ие болды.</p> <p>«Менің атым – Қожа» фильмін үлкендер де, балалар да қызығып көреді. Бұл фильм барлығына ұнайды.</p>

<p>жазған?</p> <p>А) 10-15 жасынан бастап өлең жазған. В) 13-15 жасынан бастап өлең жазған. С) 4-5 жасынан бастап өлең жазған. Д) 14-15 жасынан бастап өлең жазған.</p>	
---	--

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Білім алушы ұсынылған нұсқаның бірін таңдай алады және ондағы мәліметтерді анықтайды. Энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала біледі. Проблемалық оқыту технологиясын қолданылады.

<p>Оқу мақсаты: 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру</p>	
<p>7,8 - әңгімелеу мәтіндері</p>	<p>«Қызыл кітап»</p>
<p>Сол жақта берілген «Қызыл кітап» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>1-тапсырма</p> <p>1. «Сирек» сөзін қай сөзбен алмастыруға болады?</p> <p>А) аз В) көп С) жиі Д) көп</p> <p>2. «Ең алғаш» сөзінің синонимі қайсы?</p> <p>А) бұрын В) баяғыда С) ең бірінші Д) белгілі</p> <p>3. Бірінші мәтін мен екінші мәтінді салыстырыңыз қай үлгіде жазылған?</p> <p>А) аңыз, әңгіме В) әңгіме, эссе С) эссе, ертегі Д) шағын мақала, мысал</p> <p>4. Мәтіндер не туралы?</p> <p>А) Қорғауды қажет ететін құстар мен жан-жануарлар, өсімдіктер туралы. В) Көккүтан мен Бақа туралы</p>	<p>Қызыл кітап туралы</p> <p>1-мәтін «Қызыл кітап» Ең алғаш «Қызыл кітап» 1966 жылы жарық көрді. «Қызыл кітап» табиғатта қорғауды қажет ететін құстар мен жан-жануарларға, өсімдіктерге арналған. «Қызыл кітаптың» парақтары төрт түсті болады. Қызыл парағына - мүлдем жойылып кету қаупі бар аң-құстар жазылады. Ақ түсті парағына – саны азайғандар, сары түсті парағына – сирек кездесетін аң-құстар, ал жасыл парағына адамдардың қамқорлығы арқасында қалпына келтірілген жан-жануарлар жазылады.</p>

<p>С) Сирек кездесетін аң-құстар Д) Мүлдем жойылып кету қаупі бар аң-құстар</p> <p>Сол жақта берілген «Көкқұтан мен Бақа» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>2-тапсырма</p> <p>1. Мәтін қай үлгіде жазылған? А) аңыз В) әңгіме С) эссе Д) мысал</p> <p>2. «Әдемі» сөзінің синонимі қайсы? А) жақсы В) сұлу С) жаман Д) әдепті</p> <p>3. Көкқұтан мен Бақаны қалай суреттейсіз? А) еріншек В) мақтаншақ С) тәртіпті Д) әдепті</p>	<p>2-мәтін «Көкқұтан мен Бақа» Бірде Көлбақа Көкқұтанмен шекісіп қалды: Екеуіміздің қайсымыз әдеміміз? – Мен! – деді сенімді түрде Көкқұтан. – Қарашы, аяқтарым қандай әдемі! Оның есесіне менде төрт аяқ бар, ал сенікі екеу-ақ! – деп бетбақтырмады Бақа. Иә, менде екі-ақ аяқ бар, – деді Көкқұтан, – бірақ сенікінен ұзын! – Мен бақылдай білемін, ал сенің қолыңнан ол келмейді. – Оның есесіне менің сүйріктей тұмсығым бар! – Со да мақтаныш болып па! Неге қажет ол тұмсығың! – Неге? Ал көр ендеше, – деп ашуланған Көкқұтан Бақаны жұтып жіберді.</p>
--	--

Сілтемесі: «Халық ертегісі»

<https://www.tinytap.com/activities/g4bnb/play/%D0%BA%D3%A9%D0%BA%D2%9B%D2%B1%D1%82%D0%B0%D0%BD-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D0%B1%D0%B0%D2%9B%D0%B0>

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәтіндерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіндердің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай тақырып таңдайды, әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Білім алушы ұсынылған нұсқаның бірін таңдай алады, мәтіндердегі мәліметтерді анықтайды, өзінің жеке ойын нақты айғақтайды.

Оқу мақсаты: 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	
9 - әңгімелеу мәтіндері	«Алтын киімді адам»
Сол жақта берілген «Алтын киімді адамның» мәтіннің ақпаратын	Алтын киімді адам туралы «Алтын киімді адамның» мүрдесін 1969 жылы Жетісу жеріндегі Есік қорғанынан

пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз

1. Мәтінге сай тақырыпты таңда.

- A) Алтын басты адам
- B) Алтын киімді адам
- C) Алтын жанды адам
- D) Алтын жүзді адам

2. «Ішіндегі» сөзінің антонимі қайсы ?

- A) қасындағы
- B) сыртындағы
- C) жанындағы
- D) астындағы

3. Археолог К. Ақышевтың еңбектерінде не себепті көшпенділердің өмірі жазылған?

- A) Зерттеушілердің пікірі бойынша, ол б.з.б. V- IV ғасырларға, ерте темір дәуіріне жатады.
- B) Есік қорғанынан табылған екі қорымның біреуі ертеректе тоналған екен, ал екіншісі аман қалған
- C) Сақ жауынгері мүрдесінің басы батысқа қаратылып жатқызылған.
- D) Шығыс Қазақстан және Жетісу жерінде ерте көшпелілердің алып қорғандары жиі кездеседі.

Сол жақта берілген «Табиғат – ана» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз.

2-тапсырма

1. Қ.Ибрагимов «Адам мен табиғат» «Топыраққа не ексең, сол шығады» сөйлемінің мағынасын анықта.

- A) Топырақсыз өмір жоқ.
- B) Топырақ – байлық көзі.
- C) Әркім өз еңбегінің жемісін жейді.
- D) Жамандық та, жақсылық та топырақтан шығады.

2. Автордың ойынша, табиғат:

- A) Сақтандырушы

археолог К. Ақышев тапқан. Зерттеушілердің пікірі бойынша, ол б.з.б. V- IV ғасырларға, ерте темір дәуіріне жатады. Оның жасы 17 - 18-де, бойы 165 см шамасында болса керек. Есік қорғанынан табылған екі қорымның біреуі ертеректе тоналған екен, ал екіншісі аман қалған. Жалпы, Шығыс Қазақстан және Жетісу жерінде ерте көшпелілердің алып қорғандары жиі кездеседі. Олардың ішінде биіктігі 15-18 метрге жететіндері де бар. Бірақ олардың көпшілігі тоналған, ішіндегі құнды заттары жоғалған. Сақ жауынгері мүрдесінің басы батысқа қаратылып жатқызылған.

Сілтемесі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

2-мәтін

«Табиғат – ана» деп текке айтылмаса керек. Табиғаттың адамға берері көп. Тек соны түсіне білу керек. Мысалы, табиғаттан жақсы қасиеттерді үйренуге болады. Топырақ, тау, жаңбыр, құмырсқа, бал арасы, аққу және басқалары – бәрі ғибратқа толы.

Топырақтан кішіпейіл болуды үйрен. Ол – бүкіл тіршілік атаулының қайнар бұлағы, бірақ аяқ астында жатыр. Құлпырған гүл де, жайқалған орман да топырақтан өсіп шығады. Мынаны ұмытпа: топыраққа не ексең, сол шығады.

Қ.Ибрагимов «Адам мен табиғат»

<p>В) Қорғаушы С) Емдеуші Д) Үйретуші</p> <p>3. «Гибрат» сөзінің мағынасын тап?</p> <p>А) үлгі–өнеге В) жамандық С) өмірге Д) тіршілік</p> <p>4. Бірінші мәтін мен екінші мәтінді салыстырыңыз қай үлгіде жазылған?</p> <p>А) аңыз, әңгіме В) әңгіме, эссе С) эссе, ертегі Д) шағын мақала, мысал</p> <p>5. Мәтіндер не туралы?</p> <p>А) «Алтын киімді адамның» мүрдесі және табиғат туралы. В) Сақ жауынгері мен топырақ туралы С) Есік қорғаны мен таулар туралы Д) Зерттеушілердің пікірі туралы.</p>	
--	--

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәтіндерді оқиды. Олар берілген мәтіндердің мазмұнын түсінеді, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай тақырып таңдайды, әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Білім алушы ұсынылған нұсқаның бірін таңдай алады және «Алтын киімді адам» туралы мәліметтерді анықтайды, табиғат жайында өзінің жеке ойын нақты айғақтайды. Оқу тілін дамытып, сөздік қорын молайтады.

Мектеп оқушыларын ана тілін сүйетін, қадірлейтін, оның мұрагері болатын, рухани дәрежесі биік, Егеменді Қазақстанның туын биікке көтеретін жеткіншек тәрбиелеу, яғни «ойнай берсең, бала боласың, ойлай берсең, дана боласың» ұғымын ұғындыру.

Оқу мақсаты: 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	
12-әңгімелеу мәтіні	«Зайсан көлі»
	Зайсан көлі туралы

Сол жақта берілген «Зайсан көлі» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз

1-тапсырма

Көп нүктенің орнына қай сөз қойылады?

- A) әсіресе
- B) өйткені
- C) сондықтан
- D) себебі

II абзац не туралы?

- A) көлдің сұлулығы туралы
- B) көлдің тереңдігі туралы
- C) көл суының тұздылығы туралы
- D) көл суының құрамы туралы

2-тапсырма

Әр тұжырым үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді белгілеңіз	Иә	Жоқ	Себеп
Зайсан көлін ертеде монғолша Хуно-Хуто-Нор – «Қоңыраулы көл» деп атапты.			
Зайсан көлі, әсіресе қыста өте әдемі болады.			
Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсамайды.			

Зайсан көлі

Зайсан көлін ертеде монғолша Хуно-Хуто-Нор – «Қоңыраулы көл» деп атапты. Бұл атау алыстан көк толқынның қоңырауша сылдырлап естілуіне байланысты айтылған болар.

Зайсан көлі, әсіресе жазды күні өте әдемі болады. Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсайды. Көл көлемі үлкен, жағалай біткен көк құрақ.

Құсы көп, ... жазғытұрым қаз қаптап кетеді. Жұмыртқаларын қамыс құраққа салады. Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын бұрын. Қамыстарда шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әуілдектер, суында құндыз, ондатрлар мекен етеді. Мұнда шабақ балық көп, одан кейін шортан, қарабалық, сазан, алабұға. Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді.

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, оқылым стратегияларын қолданып

жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, нақты ақпаратты табу үшін мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады, мазмұнына сай дұрыс жауапты таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Оқушы ұсынылған нұсқадан мәліметтерді анықтайды және сөздердің құрамына қарап сөздің мағынасын ажыратады.

Тыңдалым стратегиясын қолдану арқылы, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Сын тұрғысынан ойлауды оқу процесінде қолдана білулеріне ықпал ету, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау, талапқа сай өлшемдерді қолдану дағдыларын дамыту, топтық жұмыс орындау арқылы ынтымақтастықта болу.

Оқу мақсаты: 5.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру			
13-әңгімелеу мәтіні		«Абай атындағы кітапхана және өлкетану мұражайы»	
		Абай атындағы кітапхана және өлкетану мұражайы туралы	
<p>Сол жақта берілген «Абай атындағы кітапхана және өлкетану мұражайы» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>1. 1883 жыл тұрғындар үшін қандай оқиға болды?</p> <p>А) кітапхана мен мұражайдың ашылуы В) Михаэлис пен Коншиннің келуі С) Абайдың бірінші рет кітапханаға келуі Д) Оқырмандардың қайран қалуы</p> <p>2. Мәтінде Абайдың қандай қасиеті ерекшеленеді?</p> <p>А) суретке құмарлығы В) еңбекке құмарлығы С) кітапқа құмарлығы Д) табиғатқа құмарлығы</p> <p>3. «Қала» сөзінің синонимін тап?</p> <p>А) ауыл В) қыстақ С) шаһар Д) мәдени орын</p> <p>2-тапсырма</p>		<p>Қазақстанның ең ірі кітапханаларының бірі – Семейдегі Абай атындағы кітапхана және өлкетану мұражайы. 1883 жылы Е. П. Михаэлис, Н.Я.Коншиндердің жәрдем беруімен ашылған болатын. Алғашқы жылы кітапхана қорында 274 дана кітап болып, 130 оқырманға қызмет көрсеткен.</p> <p>Ең алғашқы мәдениет ошақтарының бірі қоғамдық кітапхананың ашылуы Семей қаласының тұрғындары үшін маңызды оқиға болды.</p> <p>Абай қыстың бір күнінде Семейдің Гоголь атындағы кітапханасына барып, өзі оқып бітірген Толстойдың 1-том кітабын қайтарып, 2-томын сұрайды. Кітапхананың ішіндегі оқырмандар орыстар екен, басында тымағы бар, аяғында етігі, үстінде қара тоны бар қазақтың Толстойдың кітабын сұрап тұрғанын көргенде, отырған орыстар қайран қалады. Ақынның жанына Е.П. Михаэлис келіп танысып, ол таныстық баянды достықпен жалғасады.</p> <p>Кітапхананың алғашқы оқырмандарының бірі болған Абай бұрын қолына түскен кітапты оқитын болса, енді Михаэлистің кеңесімен кітаптарды таңдап оқитын болды. Абай қалаға келген сайын кітапханаға соғып, өзіне қажет кітап, газет-журналдарды алып, қыста қалада жатып, ал жазда қоржынын толтырып, ауылына алып</p>	
<p>Әр тұжырым үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді белгілеңіз</p>		Иә	Жоқ

Қазақстанның ең ірі кітапханаларының бірі – Семейдегі Абай атындағы кітапхана және өлкетану мұражайы.			қайтып, үзбей оқыған. «Абай және кітапхана» қысқартылып алынды. https://semeylib.kz/?page_id=197
Ең алғашқы мәдениет ошақтарының бірі қоғамдық кітапхананың ашылуы Семей қаласының тұрғындары үшін маңызды оқиға болды.			
Кітапхананың алғашқы оқырмандарының бірі болған Абай бұрын қолына түскен кітапты оқитын болса, енді Михаэлистің кеңесімен кітаптарды таңдап оқымайтын болды.			
Ақынның жанына Лев Толстой келіп танысып, ол таныстық баянды достықпен жалғасады.			

Сұрақ қоя отырып, білім алушыларға болжалды жауаптарды ойлануға және зерделеуге мүмкіндік беру үшін, арасында «мүмкін» деген сөз орамын қолданыңыз. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, оқылым стратегияларын қолданып жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, нақты ақпаратты табу үшін мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Оқушы ұсынылған төрт нұсқаның бірін таңдай алады және тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге «иә» немесе «жоқ» деп өз көзқарасын білдіреді.

Оқу мақсаты: 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын

мәтіндер арқылы тану	
15-әңгімелеу мәтіні	«Адамның денсаулығы»
	Адамның денсаулығы туралы
<p>Сол жақта берілген «Адамның денсаулығы» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>1. Мәтін мазмұнына келетін мақалды тап?</p> <p>А) «Жалқаудың - жаны тәтті» В) «Жаман ауруға жақсы ас» С) «Дені саудың - жаны сау» Д) «Көзің ауырса, қолыңды тый, Ішің ауырса, тамағыңды тый»</p> <p>2. Ақырғы сөйлемдегі көп нүктенің орнына қай сөзді қоюға болады?</p> <p>А) болады В) жүреді С) болмайды Д) қояды</p> <p>3. Берілген мәтіннің стилін анықтаңыз.</p> <p>А) әдеби В) ауызекі С) жазба Д) ғылыми</p>	<p>Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.</p> <p>Жеке бас тазалығының ережелері: -күнделікті бір уақытта тұр, бөлменді желдетіп ал да, шынықтыру жаттығуын жаса; -таңертең тісінді тазалап, беті-қолыңды, мойның мен құлағыңды жу; -ұйықтар алдында жуынып, бөлменді желдетіп алуды ұмытпа; -ұқыпты да жарасымды киінетін бол. Киімің таза және үтікелген болсын; -мектепте ұстайтын, үйде пайдаланатын заттарыңды реттеп ұста; -өзің отыратын орынның тазалығын қадағалап, шаңын сүрт; -сырт киіміңді орындыққа тастай салмай, киім ілгішке іл. Мектеп формасы мен үй киімің араласып жатпасын.</p> <p>Тері тазалығы – адам денсаулығы кепілінің бірі. Ыстық сумен және сабынмен жуынған жағдайда ғана теріні түрлі микробтар мен лас нәрселерден айықтырып, тазартуға болады. Адам терісінің ең өсімтал бөлігі – шаш пен тырнақ. Ол адамның миын күн сәулесі мен суықтан сақтайды. Шашты аптасына 1 рет жуған жөн. Өте суық күндері бас киімсіз шығуға</p> <p>Сілтемесі: http://lebbook.kz/poslanie2.html</p>

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, стильдік ерекшелігін анықтайды, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді.

Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, білім алушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс

жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Дұрыс тұжырымдама жасау үшін лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы таниды.

Оқу мақсаты: 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	
16-әңгімелеу мәтіні	«Ырғыз, Торғай көлдері»
	Ырғыз, Торғай көлдері туралы
Сол жақта берілген «Ырғыз, Торғай көлдері» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз	1-мәтін Ырғыз, Торғай көлдері – су құстарының тұрақты мекені. Мұнда аққудың негізінен 2 түрі кездеседі. Ал жабайы қаздар мен үйректер өте көп. Бұл аймақта жыл сайын 250 мыңдай ақбөкен төлдейді. Алматы қорығында құлан, марал, бұғы, таутеке, елік, құндыз, күзен өсіріледі. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы «Ақсу-Жабағылы» қорығында марал, арқар, таутеке, тағы да басқа бағалы аңдар өсіріледі. Аққуды халық қасиетті құс санайды. Оны ауламайды, етін жемейді. Аққу – айрықша таза, кербез, сұңқылдаған сұлу үнді құс. Бүркіт – батыл, қайратты қыран құс. Ол қоян, қарсақ, саршұнақ пен тасбақаны да аулайды. Қазақ халқы бүркітті аңшылыққа пайдаланған. Онымен түлкі, қасқыр аулаған.
1. Мәтіннің 3, 4 абзацында қандай құстар туралы айтылған?	
A) қаздар мен үйректер туралы B) қаздар мен бүркіттер туралы C) бүркіт пен аққулар туралы D) су құстары мен аңдар туралы.	
2. «Кербез» сөзінің мағынасын тап?	
A) тәкаппар B) сұлу C) тамаша D) әдемі	
3. Берілген екінші мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ажыратыңыз.	
A) хат B) жарнама C) хабарлама D) нұсқаулық	2-мәтін 2023 жылдың 28-ші маусымында сағат 8:00-де Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы «Ақсу-Жабағылы» қорығына саяхатқа шығамыз. Баратын балалар мектеп ауласына сағат 7:30-да жиналайық.

Оқу мақсаты: 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру	
17-әңгімелеу мәтіні	«Марқакөл»
	Марқакөл туралы
Сол жақта берілген «Марқакөл» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз	Марқакөл – Шығыс Қазақстан облысында орналасқан әдемі көлдердің бірі. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың

<p>1. Мәтіннің мазмұнына сәйкес емес ақпарат?</p> <p>А) Суы тұщы, мөлдір, құрамында: йод, фтор, бром бар.</p> <p>В) Көл теңіз деңгейінен биік орналасқан?</p> <p>С) Марқакөл Қазақстанның ең жазық алқабы болып саналады.</p> <p>Д) Қыс мезгілінде ауа температурасы -55° С-қа дейін төмендейді.</p> <p>2. «Ірі» сөзінің антонимін тап?</p> <p>А) үлкен</p> <p>В) кең</p> <p>С) ұсақ</p> <p>Д) биік</p>	<p>келбеті табиғатқа керемет көрініс береді. Осы көлге 100-ге жуық шағын өзендер мен бұлақтар келіп құяды, бірақ одан бір ғана Қалжыр өзені бастау алады. Көл Азутау және Күршім жоталарының аралығында, теңіз деңгейінен 1449,3 метр биіктікте орналасқан. Көл жағасының оңтүстік жағы тік құлама жартасты, ал шағын өзен-жылғалар құятын тұстары батпақты. Төңірегінің климаты континенттік: қыс мезгілінде ауа температурасы кейде $- 55^{\circ}$ С-қа дейін төмендейді. Қазан - мамыр айлары аралығында көл қатады. Көлге құятын өзендердің ірілері – Қарабұлақ, Матабай, Жиренбайтал, т.б. Суы тұщы, мөлдір, минералдылығы 0,07 г/л, құрамында йод, фтор, бром, т.б. бар. Жағалауын қайың, қарағай, шырша өскен орманды алқап алып жатыр.</p>
---	---

<p>Оқу мақсаты: 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру</p>	
<p>18-әңгімелеу мәтіні</p>	<p>«Қазақстанның мемлекеттік туы»</p>
<p>Сол жақта берілген «Қазақстанның мемлекеттік туы» мәтінінің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгілеңіз</p> <p>1. «Ту» сөзінің синонимін тап?</p> <p>А) елтаңба</p> <p>В) белгі</p> <p>С) байрақ</p> <p>Д) ою-өрнек</p> <p>2. «Биік сөзінің антонимін тап?</p> <p>А) жоғары</p> <p>В) байтақ</p> <p>С) зеңгір</p> <p>Д) аласа</p> <p>3. Мәтінде қай ақпарат кездеспейді?</p> <p>А) адалдық пен тазалықтың белгісі туралы</p> <p>В) бір түсті, қоспасы жоқ туралы</p> <p>С) байлық пен береке нышаны туралы</p> <p>Д) тік төрт бұрышты, көк түсі туралы</p>	<p>Қазақстанның мемлекеттік туы туралы</p> <p>Қазақстанның мемлекеттік туы аспан түстес, көгілдір. Геральдика тілі бойынша ол – адалдықтың, тазалықтың белгісі, әрі осы түстес ту көтерген елдің саясатына ерекше сенім көрсетуге болатын көрінеді.</p> <p>Туымыз бір түсті, қоспасы жоқ. Ол халқымыздың бірлігін, тұтастығын білдіреді.</p> <p>Көк байрағымызда алтын күн, дала бүркіті және ұлттық өрнек бейнеленген. Күн байлық пен берекенің нышаны болып есептеледі. Ал қанатты бүркіт – далалықтар үшін еркіндік белгісі, биік армандарға қол созу. Ою-өрнектер – қазақ халқының өмірлік серігі.</p>

Мәтінмен жұмыс ұйымдастырудың жолдары

Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал. Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстарды білім алушы саналы және жүйелі түрде орындауға машықтануын қажет етеді.

Білім алушының мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін, өзіндік ой-пікірлерін жетілдіру, игерілген ақпарат арқылы сыни ойлауы мен метатанымдық қабілеттерін арттыруға болады.

Мәтінді түсіну және тапсырманы орындауға үйтететін жұмыс түрлері: жаттығулар, тапсырмалар, графикалық организерлер, шығармашылық жұмыстар, ақпараттық ізденістер, репродуктивтік, проблемалық-ізденушілік, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары сияқты әдістерді кеңінен қолдану ұсынылады.

Бұл ұсынылған жұмыстар жүргізілгенде оқушыдан мынадай нәтижелер күтуге болады: мәтінді оқып, оның құрылымын, стилін анықтайды; сөздің мағынасына байланысты ерекшеліктерді, лингвистикалық терминдерді меңгереді; мәтін түрлері мен шығармашылық жұмыстардың түрлерін ажырата алады, әртүрлі құрылымдық ерекшелігіне сәйкес оқыған ақпаратты өзінің өмірінде қолдана біледі.

Мәтінмен жұмыс жасату – тіл үйретудегі негізгі элементтердің бірі. Тіл дамытуда мәтіннің рөлі өте үлкен, мәтін балаға білім береді, тілін, ой-өрісін дамытады, тәрбиелейді. Мәтінді талдаған кезде оған қойылатын талаптарға да назар аудару керек. Мәтіннің тәрбиелік мәні бар болуы тиіс; мәтінде білім алушылардың дүниетанымын кеңейтетін мәліметтер нақты, түсінікті, қабылдауға қиын болмайтындай болуы керек; жеңілден – қиынға қағидасы сақталу қажет.

Мәтінмен жұмыс жасау мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең

Педагог мәтінді білім алушыға бермес бұрын берілетін мәтіннің құрылымын, сөздерінің құрылымын, сөз тіркестерінің мағынасын зерделеп түсінуі керек.

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс

Білім алушыға берілетін жаттығулар мен тапсырмалар және соларға сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі:

Мәтінмен жұмыс дағдысын меңгерту бойынша жүргізілген әдіс түрлері:

- *Мәтін алды тапсырмалар:* Оқуға белсенділік арттыратын ахуал

немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құруға арналған әдістер білім алушының ойларын шоғырландырудан, оқылымы ұйымдастырудан басталады. Мысалы: АКТ қолдану арқылы сабақты бастау.

«*Суреттің бір бөлігі*» (оқушы ойнай отырып суретті құрастырады, сөздерді қайталайды, өйткені суреттерді құрастыру ол үшін шахмат ойыны сияқты болып көрінеді)

Ән-күй үнемі көңілді көтереді, сол себепті сабаққа жұмылдыру үшін әдемі әуенді әнді сыныппен бірге айтып бастаса құба-құп. Мысалы: «Добым, добым домалақ!» әні кішкене балаларға арналған және жастарға арналған әуенді түрлері бар. «Алматымның алмасы», «Қошақаным» т.б.

«*Табиғат даусы*» әдісі (Әсем сазды музыка қою. Сылдыраған су, самал жел, шырылдаған шегірткенің үні, сайраған, шикылдаған құстардың дауыстары сазды әуенмен бірге естіледі)

Педагог: – Сіздер қандай дыбыстарды естіп отырсыздар? Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар?

Оқушылар: – Табиғат туралы. Содан кейін мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін таныстырады. Бұл әдістер оқушының қазақ тілінде сөздерді естіп түсінуге және қазақ тілінде сөйлеуге итермелейді.

«*Дыбыстар айтысы*» ойыны. Жаңылпаштарды тез, жатқа айтқызу, көңілді ойын түрінде ешқандай қыспаққа алмай жай ойнату, сондай-ақ ойната отырып қазақ тіліне тән дыбыстарды дыбыстауға, естуге үйрететін әдіс-тәсілдердің бірі жаңылтпаш. Мысалы: Үміт түбіт түтті, түбітті түтіп бітті; Мұз тұздай. Тұз мұздай; Шеше, шеше. Неше кесе сынды кеше? т.б.

«*Ілмек сұрақ*» әдісі: (Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру, сұрақ қою арқылы баланың сабақты пысықтауға, болжауға көмектеседі, үй жұмысының мазмұнына немесе оқылым алды тапсырманың мазмұнына қарай сұрақ түрлері өзгеріп отырады.) Бастауыш сыныптарда, орта буындағы сыныптарда берілетін тапсырма түрлеріне шағын сюжетті аудиомәтінді тыңдату және түрлі мақсатты көздейтін тапсырмалар құрастыруға болады.

«*Ой қозғау*» әдісі сұрақ арқылы мәтінді меңгеруге жол ашу:

- Табиғатты қорғауға арналған қорықтар бар ма ?

- Қандай қорықтарды білесіңдер?

Мәтіннің тақырыбын атап айту. «Ақсу – Жабағалы қорығы»

Мәтіндегі маңызды тірек сөздерді, тауып алуға тапсырма беруге болады, бірақ бәрі бірдей негізгі сөздерді айтпауы да мүмкін.

Мәтіндегі сөздермен сөз тіркестерінің ішіндегі білім алушыға қиын болады-ау деген сөздердің құрамын, мағынасын түсіндіру.

Мысалы: мәтіндегі маңызды тірек сөздерді үйрету

«*Сөздікпен жұмыс*»:

Тақтадағы жазылған жаңа сөздерді аудиодан тыңдату

Педагог өзі дауыстап оқиды.

Білім алушылар сөздерді тыңдап, қайталап оқиды.

«*Біліп ал!*» әдісімен сөздің тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды, синонимін, антонимін табу және сөздіктегі сөздің анықтамасын оқыту.

«Кім алда?» әдісі. Ұсынылып отырғын әдістеме баланың белсенді есте сақтауын, сөздік қорын дамытады. Бәсекеге түсіп ойын түрінде орындалады. Балаларға жарысып өтетін тапсырмалар өте тартымды, қызықты өтеді, олардың қызығушылықтарын арттырады.

Ойын ережесі: тақтада 10 жаңа сөз жазылады, есте сақтауға 30 секунд уақыт беріледі. Мұғалім оқушының неше сөзді жаттағанын есінде сақтап, көтермелеп, бағалап тұрады.

-Кім екі сөзді жаттады? (Оқушы қолын көтеріп, екі сөзді айтады. Балалар өз алдарындағы парақшаға неше сөз айтқанын белгілейді)

- Кім 5 сөз жаттады? (Оқушы қолын көтеріп, бес сөзді айтады. Балалар өз алдарындағы парақшаға неше сөз айтқанын белгілейді)

Осылайша 10 сөзді естеріне қалай сақтағанын балалар өздері де білмей қалады.

Деңгейлік тапсырма бойынша көрсеткіш.

10 сөз	8-9 сөз	4-7 сөз	2-3 сөз	0-1 сөз
өте жоғары	жоғары	орташа	төмен	өте төмен

2. Мәтінмен жұмыс кезеңі

Шатастырылған логикалық тізбектер. 1- тапсырма. Мәтінді оқыңыз, берілген сұрақтарға дұрыс, бұрыс немесе мәтінде айтылмаған жауаптары бар сөздерді табыңыздар.

Білім алушыларға парақта мәтін мазмұны бойынша жазылған сұрақтар және оның жауаптарының бірнеше нұсқасы беріледі. Білім алушы жеке жұмыс істейді, мәтінді оқып, берілген нұсқадан, шатастырылған тізбектерден дұрыс жауапты табады.

Мысалы: Сұрақтар мәтін желісімен қойылады. Білім алушы мәтінді оқып отырып, сұрақтың жауабын анықтайды, көтерілген мәселені болжайды.

Деңгейлік тапсырмалар.

«Үш қадам әдісі» Әр оқушыға парақтар таратылып беріледі.

Оқушының тегі, аты	I қадам Мәтінді бірінші рет оқиды.	II қадам Мәтінді екінші рет оқиды.	III қадам Мәтінді үшінші рет оқиды.
	Жалпы мазмұнын болжауға арналған жабық сұрақтар	Нақты мәлімет алуға арналған жабық және ашық сұрақтар	Талқылауға арналған қиын ашық сұрақтар
	1. 2. 3.	1. 2. 3.	1. 2. 3.

«Үш қадам әдісі» Мәтінді үш рет оқиды. Тақырыпқа қатысты үш кесте таратылады. Кестеде «I қадам. II қадам. III қадам» деп жазылады. Бұл тапсырма білім алушының білім деңгейін зерттеуге көмектеседі.

I қадам Мәтінді бір рет оқиды.

Мәтін бойынша сұрақтары «Инсерт» шартты белгілерін қою үшін параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар таратылады. Мәтіннің жалпы мазмұнын болжауға арналған сұрақтар:

1. Қорық деген не?
2. Қорықты шаруашылық мақсаты үшін пайдалануға бола ма?
3. Қазақстандағы ең алғашқы құрылған қандай қорықпен таныстың?

II қадам Мәтінді екінші рет оқиды.

Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар (параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар таратылады)

1. Ақсу – Жабағылы қорығы қандай жерлерді алып жатыр?
2. Қорық қандай екі өзеннің арасында орналасқан?
3. Ақсу – Жабағылы қорығы қай жылы құрылған?
4. Ақсу–Жабағылы қорығы қандай тізімге ілінді.

III қадам Мәтінді үшінші рет оқиды.

Талқылауға арналған сұрақтар (параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар таратылады)

1. Қорықта нелер жүргізіледі?
2. Мәтінде қандай мәселе көтерілген?
3. Сенің ойыңша, қорықтағы құс-жануарларды және өсімдіктерді неге қорғайды және неге зерттейді?
4. Өз басың қорықтарға барып көрдің бе?
5. Жалпы қорық не үшін керек деп ойлайсың?

Дескриптор:

I қадам Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап берді.

II қадам Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтарға жауап берді. Мәтіннің не туралы екенін анықтады.

III қадам Талқылауға арналған сұрақтарға жауап береді. Қандай мәселенің көтерілгенін түсінді және сипаттады. Бірнеше рет оқу арқылы тақырыпты ашып, көтерілген мәселе туралы өз ойын айта алды.

Әр қадамдағы сұрақтардың көмегімен мәтінді түсінеді.

Мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың тиімді жолдары: Топпен жұмыс

1-тапсырма

Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс: Төмендегі суретке ат қой, сол атау бойынша *«Еркін жазба»* әдісі бойынша өз ойыңды жаз. Өтілетін тақырыбымызды болжа.

2-тапсырма

1) Мәтін бөліктері бойынша жоспар құр.

1. Басы
2. Негізгі бөлігі
3. Соңы

3-тапсырма

2) Мәтіннің кейіпкерлерін жаз

3) Мәтіннен қандай ой түйдің?

3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең

- «*Алға топ!*» әдісі Топтық жұмыс. Топта отырған оқушылар бір-бір сөйлемнен түсінгендерін мазмұндайды, сұхбаттасады.

- *Кері байланыс*. Оқушы бір сұрақ – бір жауап айтуы керек.

- «*Жоба қорғау*» әдісімен «Ақсу-Жабағылы қорығы» мәтіні бойынша кластер жасауға және топ болып диграмманы қорғауға тапсырма беріледі. Топта графикалық органайзер әдісімен жұмыс істеуге тапсырма беру.

- «*Автор орындығы*» әдісі Оқушылар керекті тірек сөздерді пайдаланып, қосымша ақпаратты және берілген сұрақтардың желісімен 30 сөзден тұратын шағын әңгіме құрастырады. Автор ортаға шығып мәтіннен түсінгендерін әңгімелеп айтып береді

Үй тапсырмасы. Жаңа тақырыпқа алдын ала мәтінді оқып мазмұндауға тапсырма беру керек. Сол кезде таныс емес мәтінді асықпай үйде бірнеше рет оқып дайындалуға оқушының мүмкіндігі артады. Әрине ұсынылып отырған әдістердің барлығын бір сабақта қамту мүмкін емес, сондықтан мұғалім оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және мәтінінің мән-мағынасына қарай әдістерді таңдайды. Әдістер мен тапсырмалар үнемі бір типті болмауы керек, себебі олар оқушыларды жалықтырып жібереді.

Деңгейлік тапсырмаларды Блум таксаномиясына сәйкестендіріп сабақ ұйымдастыруға болады. Блум таксаномиясының 6 сатысын 4 деңгейге бөліп, білу сатысынан бастап шығармашылық эверестикалық деңгейге дейін қолдануға болады.

1-деңгейдегі тапсырмаларын орындау барысында «танып білу», яғни жаңа сабақ бойынша берілген тапсырмалармен жұмыс жүргізілді. Бұл тапсырмалар білімнің минималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшеліктеріне сай таңдалып беріледі.

2-деңгейдегі тапсырмалар «қолдану», «талдау» арқылы орындалып, түрленіп, күрделене түседі. Білім алушы өз бетімен жұмыс жасайды, өзін тексереді. Білім алушының қабылдауы, жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлдеқайда жоғары болды.

3-деңгей тапсырмалары «жинақтау», «қорыту» арқылы жасалады. Достарына тапсырманы түсіндіруде білім алушы өзгені оқыту арқылы өзінің білімін бекітеді.

4-деңгей тапсырмалары «пайымдау» негізінен дарынды, ізденімпаз, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналады. Ондай оқушыларға тек тақырыбы ғана беріледі, білім алушының өзі мақсатын қояды, нәтижесіне жетеді, мәтінді жақсы меңгеріп, жазба жұмыстарын өз бетінше орындайды.

Дарынды білім алушыларды бір топқа топтастырып, Блум өлшемдері сұрақтарымен жұмыс жасау барысында білім алушылар мұғалімнің көмегінсіз, өздерінің біліктілігі, ой ұшқырлығы арқасында қойылған нәтижелерге қол

жеткізе алды. Берілген дайын сұрақтарды Блум өлшемдері бойынша пирамидаларға орналастырып, сұрақтарға сәйкесті жауаптарын беру арқылы жоғары деңгейлі тапсырмаларды өз беттерімен орындайды.

Сондай-ақ, деңгейлік тыңдалым тапсырмасында барлық білім алушыларға бірдей мақсат қою керек. Жоғары деңгейлі қабілетті білім алушы барлық баспалдақтың тапсырмаларын орындап үлгереді. Әрқайсысы өз деңгейіне қарай берілген тапсырманы орындайды. Мәтінмен жұмыс әдістемесі де әртүрлі. Мысалы сюжетті мәтіндерді пауза жасатып әр азатжолды жеке-жеке қайталап оқыту керек, сол кезде педагог пен білім алушы арасындағы ынтымақтастық артады.

Мыслы: 9 сыныптағы «Биотехнология-болашақтың ғылымы» тақырыбына берілген мәтін ғылыми стильде жазылған мәтін, сол себепті мәтін алды жұмыс міндетті түрде жүргізу керек. Сондай-ақ, әр сұрақтың жауабына тоқталып, үзіліс жасау керек, себебі тапсырма жоғары деңгейлік жұмыс. Ал өлеңдерді мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін өз дауыстарын бейнебаянға жазып әкелуді шығармашылық жұмыс ретінде тапсыруға болады. Бағалау кезінде ескерілетін маңызды нәрсе – психологиялық қолдау көрсету керек. Яғни білім алушыға осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған тапсырмаларды беру керек. Мәтінмен жұмыс кезінде болуы мүмкін қиындықтарды ескеруге және алдын алуға бағытталған әдістемелерді пайдалануға көп іздену керек.

Мәтінмен жұмыс дағдысын қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып білім алушы мәтіннің мазмұнын меңгерді-ау деген кез келгенде бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысына немесе тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына мәтінмен тапсырма қосса білім алушыны өз жетістігін ұштауға, мәтіндегі ойды түсінуге үйретеді және жауапкершілігін арттырады.

Қазақ тілі сабағында коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында мәтінмен жұмыс жасау дағдысын меңгерту барысында қандай жетістіктерге жетуге болады.

Жетістіктер:

➤ Сабақтың оқу мақсатына қарай мәтінмен жұмыс дағдысын меңгертуге әдістерін, тапсырмаларды шығармашылықпен дайындауға болады.

➤ Білім алушылар бір-бірін тыңдайтын болды, себебі тапсырмалар мен қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау критерийлері білім алушыларды мәтінді оқуға, түсінуге итермелейді.

➤ Әр сыныпта мәтінді түсініп, өзі ойын айтуға ынталы, сөздік қорын пайдалана алатын білім алушылар пайда болады.

➤ Деңгейлік тапсырмалар, түрлі сиқырлы дауыс ырғағымен орындалған диктордың мәтіндерді оқу өнері білім алушының мәтінді оқу, түсіну дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығулары әртүрлі тәсілмен орындалады. Мәтінмен жұмыс кезеңі былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі,

жанама ойды таптыру, қорытынды жасату. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз – мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі жеке сөздерді түсінуі керек. Жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады деген ой туады.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, мәтіндегі негізгі ойды жатық жеткізе білуі керек.

Мәтінді оқып, танысқаннан кейінгі орындалатын жұмыстар: логикалық сұрақтар құрастыру, сөздік жұмыстарын жүргізу, фонетикалық жаттығулар, мәтіндегі негатив тұстарды позитивке айналдыру, сөйлем құрау, мәтінге мәтін мазмұны негізін сақтай отырып, жоспар құру, аударма жасау, мәтінге мазмұнына сай ат қою, диалог, жағдаят құру, мәтіннің мазмұнын құрылған жоспар бойынша айтып беру.

Мәтінмен жұмыс істеу кезеңінде саралау тәсілі қолданылса, жұмыс жүргізу жеңілрек болады. Оқушыларды жұмыс істеу қабілеттеріне және білім деңгейлеріне қарай топтастырып, әр топқа сараланған тапсырма берген дұрыс.

Мысалы, мен өз тәжірибемнен бөлісер болсам, мәтіннен бірнеше сөйлем оқимын, сол сөйлемдердің ішінде мәтіннің мазмұнын білдіретін сөйлемдердің ретін балалар белгілеп шығады, мәтіннің мазмұнына келетін суреттер таңдап алып, соларды пайдалана отырып, мәтін құрайды. Таспаға жазылған мәтінді оқушыларға мұқият бірнеше рет тыңдатып, мазмұнын орыс тілінде айтқызамын, бұл олардың мәтін мазмұнын қаншалықты түсініп отырғандарын аңғартады. Сөздіктерді қолдана отырып топпен мәтінге аударма жасату жұмыстарын жүргіземіз.

Мәтін мазмұнымен толық таныспай тұрып, мәтіннің ішіндегі сөйлемдерге сұрақ қою дұрыс емес. Білім алушылардың алдында сабаққа қатысты мәтін жатуы қажет. Мәтіннің ішінен таныс емес сөздерді теріп жазып алғаннан кейін, педагогтің көмегімен тілдерін дамыту мақсатында актив сөздер, сөз тіркестеріне көңіл бөлдіру керек. Бұлай жұмыс жасау сөздің дұрыс, қатесіз жазылуын, айтылуын тексеруге, өзін-өзі тексеруге, бірін-бірі тексеруге көп көмегі тиеді. Мәтінде берілетін сөздердің ішінде таныс емес сөздер мейлінше аз болғаны дұрыс. Сондықтан мәтін таңдап аларда сыныптың деңгейі ескерілуі қажет. Алдыңғы біліммен байланыстырып отыру керек. Бұл жерде алдыңғы білім дегеніміз – үй тапсырмасы емес, жалпы білім алушылар алдыңғы сыныптарда өткен білімдеріне сүйене алулары керек. Бұл жерде байланыстылық қағидасы сақталады.

Мәтінмен жұмыс жүргізуде білім алушылар мәтіндегі ойды, оқиғаны өмірмен ұштастыруы керек; оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіре алуы тиіс; мәтінге әлеуметтік, тарихи, адамгершілік маңыздылығы жөнінен баға бере алуға бағыттауымыз қажет.

Сонымен қатар әр білім алушының психологиялық жағынан жас ерекшелігіне, тәжірибелеріне қарай өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырудың танымдық мәні зор.

Білік-дағдылар қалыптастыратын тапсырмалар

- Қысқа мәтінді толық түсіну, берілген ақпараттан өзіне керек мәліметті ажырата алу.
- Қарым-қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игеру.
- Мәтіндегі басты тірек сөздерді табу.
- Мәтіннен өзіне керекті негізгі ойды білдіретін мағыналы, маңызды сөздерді іріктей алу.
- Тірек сөздерді қолдану арқылы өзінің сөздік қорын арттыру.
- Іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті сөздерді іріктей білу.
- Тілдік амалдарды орнымен жұмсай алу.
- Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табу.
- Берілген ақпараттан нақты, керекті мәліметті толық іріктеп алып, өз ойын жинақтап мәліметті нақты, дәл, толық жеткізе білу.
- Ойды айқын, әсерлі жеткізуде сөз мағыналарын дұрыс қолдана алу.
- Тіл табыса білуге қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгеру.
- Мәтінге нақтырақ тақырып таңдай алу.
- Күрделі емес мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасай алу.
- Мәтіннен негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгеру.
- Мәтіндегі асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын ашу.
- Мәтіндегі берілген сөз тіркестерін түсініп, күнделікті өмірде қолдана алу.
- Сөз сапасына қойылатын талаптарды анықтай алу.
- Іскерлік қатынасқа тән сөз орамдарын пайдалана алу.
- Мәтін мазмұнына мақал-мәтелді сәйкестендіру.
- Сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді сөйлеу дағдысына сіңіру.

Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, профессор Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді», – деп тұжырымдайды.

Заманауи оқу сауаттылығы ұғымы түрлі мәтінді түсінумен анықталады. Сондықтан жаңа жүйеде жұмыс жасайтын мектеп оқушыларды түрлі мәтіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру керек: жазба мәтін, электронды мәтін, аудиомәтін. Шығармашыл, құзіретті педагогтер сабақты білім алушылардың талабына сай әзірлеуі шарт. Мәтіндерді топтастыруға немесе белгілі бір тақырыптар бойынша жіктеу өте күрделі. Білім алушылардың сауаттылығын арттыруда оқыту үрдісіне жаңа технологияны пайдаланудың нақты белгілері көрсетіліп отыр. Заманауи оқыту үдерісіне сай педагог сабақта тек бағыт беруші, ал көрсетіліп отырған жұмыс жүйесінің әр компоненті білім

алушы арқылы іске асырылатын және білім алушының сауаттылығын арттыру мен дамытуға тікелей бағытталған жұмыс.

6-СЫНЫП

Оқу мақсаттары: 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

№1 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы	
«Су – тіршілік көзі» 1/9-шы сұрақ	«Су – тіршілік көзі» Біз туралы. Судың адам ағзасына пайдасы туралы
<p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Ұлттық салауатты тағамтану орталығы пікірінше, денсаулық сақтау саласындағы мамандар қай тұжырымды дұрыс деп санайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Адам шөлге, аштыққа шыдамды келеді. • Су қоректік заттектерді жеткілікті түрде тасымалдамайды. • Су жылуды сақтамағандықтан, дене температурасын реттейді. • Судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. 	<p>Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Су– қоректік заттектерді тасымалдаушы. – Су– еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады. – Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі. <p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>

№ 1 ашық мәтін. «Судың адам ағзасына пайдасы»

«С – тіршілік көзі»

Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:

– Су – қоректік заттектерді тасымалдаушы.

– Су – еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады.

– Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі.

Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.

<https://zhardem.kz/>

№2-АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы	
2/9-шы сұрақ	«Су – тіршілік көзі»
	Біз туралы Судың адам ағзасына пайдасы
<p>Сол жақта берілген «Су – тіршілік көзі» мәтінінің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Мәтіннің негізгі мақсаты не?</p> <ul style="list-style-type: none">○ Судың жүрек-қан тамыр жүйесі жұмысын қиындататынын айту.○ Судың пайдасы туралы нақты ақпарат беру.○ Судың дене температурасын реттейтінін баяндау.○ Суды үнемдеуді насихаттау.	<p>Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p> <p>– Су – қоректік заттектерді тасымалдаушы.</p> <p>– Су – еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады.</p> <p>– Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі.</p> <p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>

2- мәтін.

Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін. Шыжыған ыстық кезде денеден тер мен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай суық су ішу де зиянды. Көп мөлшерде өте мұздай су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. <https://zhardem.kz/>

№3-АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы			«Суды мөлшермен ішкен пайдалы»
3/9-шы сұрақ			
<p>Сол жақта берілген «Суды мөлшермен ішкен пайдалы» мәтінінің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Келесі тұжырымдар суық судың зиянды екенін дәлелдей ала ма ?</p> <p>Әр тұжырым үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді белгіле.</p>			<p>Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін. Шыжыған ыстық кезде денеден термен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай суық су ішу де зиянды. Көп мөлшерде өте мұздай суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>
Келесі тұжырымдар суық судың зиянды екенін дәлелдей ала ма ?	Иә	Жоқ	
Шыжыған ыстықта тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жіберуі		+	
Көп мөлшердегі суды біржолата ішуден жасуша сулы ісігінің тууы		+	
Өте суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкіндігі	+		

№4-АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы		«Суды мөлшермен ішкен пайдалы»
4/9-шы сұрақ		
<p>Сол жақта берілген «Суды мөлшермен ішкен пайдалы» мәтінінің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Мәтін авторы әртүрлі күйдегі суды көп мөлшерде қолдану денсаулыққа зиян келтіретін зерттеулердің нәтижелерін баяндайды.</p> <p>Олардың біреуін көрсетіп, нақтылау сұрағын құрастыр.</p>		<p>Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін.</p> <p>Шыжыған ыстық кезде денеден термен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай</p>

суық су ішу де зиянды. Көп мөлшерде өте мұздай суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. <https://zhardem.kz/>

№5-АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы				«Суды мөлшермен ішкен пайдалы»
5/9-шы сұрақ				
Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.				
Екі мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, төменде берілген кестедегі тұжырымның қайсысы негізгі, қайсысы қосымша ақпарат екенін анықтап, оларға нақтылау сұрағын құрастыр.				
Бұл тұжырым «Факт» па, әлде «Пікір» ме?	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Нақтылау сұрағы	
Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін.		+		
Шыжыған ыстық кезде денеден термен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады.	+			
Көп мөлшерде		+		
				Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін. Шыжыған ыстық кезде денеден термен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай суық су ішу де зиянды. Көп мөлшерде өте мұздай суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. https://zhardem.kz/

өте мұздай суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн.				
Өте мұздай суық су ішу де зиянды.	+			

3- мәтін.

Су тапшылығының алдын алмасақ, таяу арада әлем халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ. Суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелетінін былай қойғанда, ішерге су таппай қалуымыз ықтимал.

Ал тұщы су көзінің азаюына әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады: күнде суға шомылу, хауызға су толтырып, бау-бақша суару, көлік, кондиционер сияқты тұрмыстық құрал-жабықтарды пайдалану, судың ластануы, су құбырларының тозуынан судың бекер сыртқа ағуы.

Бұл жалпыадамзаттық тығырықтан қалай шығамыз? Өзен, көлдерді бөгеп, үстіне құрылыс салуды, қоқыс тастауды, жер асты су көздеріне әсер ететін керексіз бұрғылауларды азайтып, тамшылатып суару, үнемдеп қолдану, қалдық суды да тазарту технологиясы арқылы қажетімізге жаратуды, балаларымызға суды үнемдеуді, әр тамшы судың сұрауы бар екенін үйретуіміз керек.

<https://egemen.kz/article/348390-sudy-unemdeu-apattan-saqtaydy>

№6 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы	
6/9-шы сұрақ	Судың да сұрауы бар
<p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде детальді ақпараты бар дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Су тапшылығы неліктен жалпыадамзаттық қиындық деп есептеледі?</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Ішерге су таппай қалуымыз ықтимал. ○ <i>Су тапшылығының алдын алмасақ, таяу арада әлем</i> 	<p>Су тапшылығының алдын алмасақ, таяу арада әлем халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ. Суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелетінін былай қойғанда, ішерге су таппай қалуымыз ықтимал.</p> <p>Ал тұщы су көзінің азаюына әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады: күнде суға шомылу, хауызға су толтырып, бау-бақша суару, көлік, кондиционер сияқты тұрмыстық құрал-жабықтарды пайдалану, судың ластануы, су құбырларының тозуынан судың бекер сыртқа</p>

<p>халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ.</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Су көздері адамның әрекеті әсерінен ластанып жатыр. ○ Әр тамшы судың сұрауы барын үйреткен жөн. <p>Дұрыс жауапқа нақтылау сұрағын құрастыр.</p> <div data-bbox="172 548 651 712" style="border: 1px solid green; height: 73px; width: 300px;"></div>	<p>ағуы.</p> <p>Бұл жалпыадамзаттық тығырықтан қалай шығамыз? Өзен, көлдерді бөгеп, үстіне құрылыс салуды, қоқыс тастауды, жер асты су көздеріне әсер ететін керексіз бұрғылауларды азайтып, тамшылатып суару, үнемдеп қолдану, қалдық суды да тазарту технологиясы арқылы қажетімізге жаратуды, балаларымызға суды үнемдеуді, әр тамшы судың сұрауы бар екенін үйретуіміз керек.</p> <p>https://egemen.kz/article/348390-sudy-unemdeu-apattan-saqtaydy</p>
--	--

№7 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы	
<p>7/9-шы сұрақ</p>	<p>Судың да сұрауы бар</p>
<p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Мәтінді оқыған Айнұр бау-бақша суарудың ішетін сумен байланысы жоқ деп есептейді. Ал Дархан тұщы суды үнемдеудің барлық жолы су дағдарысының алдын алады деп түсінеді.</p> <p>Сен кіммен келісесің?</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Айнұрмен ○ Дарханмен <p>Жауабыңды мәтіндегі қосымша ақпараттармен түсіндір.</p> <div data-bbox="172 1697 651 1848" style="border: 1px solid green; height: 67px; width: 300px;"></div>	<p>Су тапшылығының алдын алмасак, таяу арада әлем халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ. Суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелетінін былай қойғанда, ішерге су таппай қалуымыз ықтимал.</p> <p>Ал тұщы су көзінің азаюына әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады: күнде суға шомылу, хауызға су толтырып, бау-бақша суару, көлік, кондиционер сияқты тұрмыстық құрал-жабықтарды пайдалану, судың ластануы, су құбырларының тозуынан судың бекер сыртқа ағуы.</p> <p>Бұл жалпыадамзаттық тығырықтан қалай шығамыз? Өзен, көлдерді бөгеп, үстіне құрылыс салуды, қоқыс тастауды, жер асты су көздеріне әсер ететін керексіз бұрғылауларды азайтып, тамшылатып суару, үнемдеп қолдану, қалдық суды да тазарту технологиясы арқылы қажетімізге жаратуды, балаларымызға суды үнемдеуді, әр тамшы судың сұрауы бар екенін үйретуіміз керек.</p> <p>https://egemen.kz/article/348390-sudy-unemdeu-apattan-saqtaydy</p>

№8 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы

8/9-шы сұрақ	Судың да сұрауы бар
<p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қойылған нақтылау сұрағын тап.</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Сонда суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкеле ме? ○ Неліктен суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкеледі? ○ Қандай жағдайда суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелуі мүмкін? <p>Нақтылау сұрағы туралы дәлелінді келтір.</p> <div style="border: 1px solid green; height: 40px; width: 100%;"></div>	<p>Су тапшылығының алдын алмасақ, таяу арада әлем халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ. Суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелетінін былай қойғанда, ішерге су таппай қалуымыз ықтимал.</p> <p>Ал тұщы су көзінің азаюына әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады: күнде суға шомылу, хауызға су толтырып, бау-бақша суару, көлік, кондиционер сияқты тұрмыстық құрал-жабықтарды пайдалану, судың ластануы, су құбырларының тозуынан судың бекер сыртқа ағуы.</p> <p>Бұл жалпыадамзаттық тығырықтан қалай шығамыз? Өзен, көлдерді бөгеп, үстіне құрылыс салуды, қоқыс тастауды, жер асты су көздеріне әсер ететін керексіз бұрғылауларды азайтып, тамшылатып суару, үнемдеп қолдану, қалдық суды да тазарту технологиясы арқылы қажетімізге жаратуды, балаларымызға суды үнемдеуді, әр тамшы судың сұрауы бар екенін үйретуіміз керек.</p> <p>https://egemen.kz/article/348390-sudy-unemdeu-apattan-saqtaydy</p>

№9 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы	
9/9-шы сұрақ	Судың да сұрауы бар
<p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдаланыңыз. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Қызылмен жазылған сөйлемде қандай ақпарат бар?</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Негізгі ақпарат ○ Қосымша ақпарат ○ Детальді ақпарат <p>Мәтіндегі ақпараттардың түрлері туралы білімінді қолданып, жауабынды түсіндір.</p> <div style="border: 1px solid green; height: 60px; width: 100%;"></div>	<p>Су тапшылығының алдын алмасақ, таяу арада әлем халқының 20%-ы, яғни шамамен 1,5 млрд адам су дағдарысының алғашқы құрбаны болмақ. Суға мұқтаждық әлеуметтік толқуға әкелетінін былай қойғанда, ішерге су таппай қалуымыз ықтимал.</p> <p>Ал тұщы су көзінің азаюына әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады: күнде суға шомылу, хауызға су толтырып, бау-бақша суару, көлік, кондиционер сияқты тұрмыстық құрал-жабықтарды пайдалану, судың ластануы, су құбырларының тозуынан судың бекер сыртқа ағуы.</p> <p>Бұл жалпыадамзаттық тығырықтан қалай шығамыз? Өзен, көлдерді бөгеп, үстіне құрылыс салуды, қоқыс тастауды, жер асты су көздеріне әсер ететін керексіз бұрғылауларды азайтып, тамшылатып суару, үнемдеп қолдану, қалдық суды да тазарту технологиясы арқылы қажетімізге жаратуды, балаларымызға суды үнемдеуді, әр тамшы судың сұрауы бар екенін үйретуіміз керек.</p> <p>https://egemen.kz/article/348390-sudy-unemdeu-apattan-saqtaydy</p>

6-сынып үшін:

Оқу мақсаттары: 6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу.

1-мәтін

Асан Маратқа:

– Алматы облысының символы бар «Апорт» алаңындағы павильондар мен киіз үйлерге апаратын төбе маңында тұрмын,– деді. – Тезірек келсеңші, «Шарын шатқалына» барып суретке түсейік.

Марат :

– Сен өзі Астанадамысың, қайдағы «Шарын шатқалын» айтып тұрсың?– деп ренжіп қалды.

Асан:

– Әй, әй, досым, түсінбей қалдың ба? Өзің емес пе, «Жетісу» саябағында кездесейік деген? Осы саябақтағы «Шарын шатқалының» макетін айтып тұрған жоқпын ба?

– Е-е, енді есіме түсті, саябақта Жетісудың көркем табиғатының кішірейтілген үлгілері жасалды деген едің ғой. Қайдан білейін, мен келгенде, сен Алматыға кетіп қалды ма деп тұрмын ғой.

– Онда мен де жеттім, кіреберістегі «Ұлы Жібек жолының керуендері» қатарында келе жатырмын.

2-мәтін

Бақтияр бауы – Мыңбұлақтың омырауындағы зөмірет алқа-танасы. Орман ортасында қой қораның аумағындай көлшік бар болатын. Жазда көкқасқа бақалар қойдай шулап, тіпті көк ала үйрек те ғайыптан келіп қонған. Шынашақтай шабақ балықтары да бар еді.

Көлшік жағалай үкілі қамыс, мәжнүн тал тұнық суға төніп, өз суретіне өзі сұқтанып, өмір бойы мұңайып тұратын. Мәжнүн талдың суға тиер тимес солқылдақ шыбығына зымыран құс пен сарғалдақ ұя салар еді. Сөйтсе, ол жерге жылан жете алмайды екен ғой... (Ш.Мұртаза. «Жүз жылдық жара»)

1. Берілген мәтіндердің стилін анықта

- А. 1-мәтін ресми стиль, 2-мәтін публицистикалық стиль
- В. 1-мәтін көркем әдебиет стилі, 2-мәтін публицистикалық стиль
- С. 1-мәтін ауызекі сөйлеу стилі , 2-көркем әдебиет стилі
- Д. 1-мәтін публицистикалық стиль, 2-мәтін ғылыми стиль

2. Мәтіндердің жанрын анықта

- A. 1-мәтін диалог , 2-мәтін әңгіме
- B. 1-мәтін интервью , 2-мәтін мақала
- C. 1-мәтін блог , 2-көркем мақала
- D. 1-мәтін мақала , 2-мәтін әңгіме

3. 1-мәтіннің стилін қалай дәлелдейсің? Екі аргумент келтір.

- 1. _____
- 2. _____

4. 2- мәтіннің жанры қандай, оны қалай дәлелдейсің? Екі аргумент келтір.

- 1. _____
- 2. _____

5. Екі мәтіннің ұқсас тақырыбын анықта, олар туралы комментарий жаз.

- _____
- _____
- _____

Оқу мақсаттары: 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру;

6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау

1-мәтін

- Сәлеметсіз бе, Роза ханым?
- Сәлеметсіз бе? Қош келдіңіз!
- Роза ханым, «Әлия» әні сіздің сүйікті әніңіз бе?
- Иә, «Әлия» әні – менің алғашқы айтқан әндерімнің бірі.
- Сіз қайда оқыдыңыз?
- Консерваторияда.
- Сіз шет тілдерінде ән айттыңыз ба?
- Мен қазақ әндерінен басқа түрік, орыс, өзбек халқының әндерін айттым

З. Күзекова, Б. Ақбұзауова
Оқу құралы. – 116-б.

1. Бұл мәтін оқу құралынан алынған. Неліктен авторлары мен атауы көк түспен белгіленген?

- A. гиперсілтемелер
- B. тірек сөздер
- C. түсіндіруді қажет ететін сөздер
- D. Дереккөзі

2. Мәтін мазмұнына сай келетін жауапты анықта

- А. Розаның кездесуі
- В. Розаның әншілігі
- С. Розаның өзге тілде ән айтуы
- Д. Розаның білімі

3. Мәтіннің стилін анықта, жауабыңның дұрыстығын екі аргументпен дәлелде.

4. Ғаламтордан мәтіндегі Розаның кім екенін тауып жаз, дереккөзіне сілтеме жаса.

- А. Роза Бағланова
- В. Роза Рымбаева
- С. Роза Әлқожа
- Д. Роза Жаманова

2-мәтін

Роза Тәжібайқызы Бағланова 1922 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысында туған.

1941 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Өнер жолын Ташкент қаласындағы филармонияда ән-би ансамблінде әнші болып бастаған.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары майдан даласында өнер көрсетіп, 1945 жылы тоғызыншы мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан. 1947 – 1949 жылдары Қазақ опера және балет театрының, 1949 – 1960 жылдары Қазақ филармониясының, 1960 жылдан Қазақконцерттің әншісі болып қызмет еткен.

Р.Бағланова 1946 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық эстрада әншілері 2-конкурсының дипломаты, 1949 жылы Бухаресте өткен бүкіл дүниежүзілік Жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты. Ол «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, «Шапағат» медалімен марапатталған.

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%BE%D0%B7%D0%B0_%D0%A2%D3%99%D0%B6%D1%96%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%9B%D1%8B%D0%B7%D1%8B_%D0%91%D0%B0%D2%93%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0

5. Мәтіннің стилін анықта

- А. публицистикалық
- В. ресми
- С. көркем әдебиет
- Д. Ғылыми

6. Мәтін тақырыбын анықта, үш сөйлеммен қысқаша мазмұнын көрсет.

7. Мәтін сілтемесіне қарап, қандай дереккөзден алынғанын анықта.

8. Сілтеме бойынша өтіп, берілген мәтін мазмұны туралы екі сөйлем жаз. Мақала авторына сілтеме жаса. <https://egemen.kz/article/10291-roza-baghlanova>

9. 1-мәтін мен 2- мәтіннің тілдік ерекшелігін салыстыр.

1- мәтінде _____

2-

мәтінде _____

7-СЫҢЫП

1-мәтін

Оқу мақсаты: 7.1.1.1- мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;

Экологиялық мәселелер

Бүгінгі таңда ғаламдық экология мәселелері ғаламдық, аймақтық және ұлттық мәселелер болып бөлінеді. Экологиялық қауіпті мәселелер табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әр алуандылықтың азаюы, қоршаған орта

мен судың ластануы және т.б. Бұл мәселелер тек кана барлық мемлекеттің қатысуымен, БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) басқаруымен ғана шешіледі.

Қазіргі кезде экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жердің тозуы, мұнай қалдықтарының мұхит, теңіз суларын ластауы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы тіршілік көзі жойылады. Мәселен, балықтар мен итбалықтардың қырылуы. Осы мәселелердің алдын алу үшін мұнай өндіру құралдарына арнайы сүзгілер орнатылады. Ауаны тазарту қондырғылары орнатылады. Экологиялық мәселе біздің елімізде де орын алған. Арал теңізінің суы тартылып, экологиялық апатты аймаққа айналды. Суы тартылып, теңіздің түбі құрғап қалды. Құрғап қалған теңіздің түбіндегі зиянды тұзды шаң желмен тарайды. Бұл тұздар ауаны ластап, қышқыл жаңбыр жауады.

Экологияның әлемдік мәселеге айналуы ауаның ластануымен тікелей байланысты. Себебі ауада мемлекеттік шегара жоқ. Сондықтан атмосферадағы ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Қазір де экология мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Тіпті экологияны бұзғаны, ластағаны үшін айыппұл мөлшері де тағайындалып, экологияны қалпына келтіруге ерекше назар аударылуда. Сондықтан, досым, өзіңнің болашағың үшін, ең алдымен, қоршаған ортаның экологиясына көңіл бөл!

1. Мәтінде айтылған ғаламдық экология қандай проблемаларды қамтиды?

- а. Ауаның ластануы
- б. Алабұға эрозиясы
- в. Теңіз суының ластануы
- г. Жоғарыда келтірілген барлығы

2. Мәтінде айтылған теңіздің ластануын болдырмау үшін қандай шаралар қолданылады?

- а. Мұнай өндіру жабдықтарына арна сүзгілерін орнату
- б. Ауаны тазарту қондырғыларын орнату
- в. Балықтар мен итбалықтарды жою
- г. Теңіз жағалауларына ағаш отырғызу

3. Мәтінде айтылған бұрынғы Арал теңізі аймағындағы экологиялық апаттың салдары қандай?

- а. Қысқы жаңбыр
- б. Ауаның ластануы
- в. Теңіз түбінің құрғауы
- г. Алабұға эрозиясы

1. Мәтінге сәйкес ауаның ластануы неліктен жаһандық экологиялық проблемаға айналды?

- а. Түрлі аймақтарда ағаштардың жоқтығынан
- б. Теңіз, мұхит сулардың ластануына байланысты

- в. Балықтар мен итбалықтардың қырылуына байланысты
- г. Атмосфералық қорғаныстың болмауына байланысты

5. Мәтін бойынша экологиялық мәселелерді шешу үшін қандай шаралар қолданылады?

- а. Мұнай өндіру жабдықтарына арна сүзгілерін орнату
- б. Ауаны тазарту қондырғыларын орнату
- в. Қоршаған ортаның түрлерін бұзғаны үшін айыппұл салу
- г. Жоғарыда келтірілген барлығы

Дұрыс жауаптары:

1. г. Жоғарыда келтірілген барлығы.
2. а. Мұнай өндіру жабдықтарына арна сүзгілерін орнату.
3. а. Қысқы жаңбыр.
4. б. Теңіз, мұхит сулардың ластануына байланысты.
5. д. Жоғарыда келтірілген барлығы.

2-мәтін

7.1.5.1 - проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

«Аралдың ақ алтыны»

Сонау жетпісінші-сексенінші жылдары даму сатысының шырқау биігіне көтерілген «Аралсульфат» аталған кен орны нарықтық экономикаға бетбұрыс басталған 1993 жылы «Аралтұз» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

Сол жылы 7 млн 891 мың теңгенің тауарлы өнімі шығарылып, 575 мың тонна тұз өндірілсе, оның 400 мың тоннадан астамы тұтынушыларға жөнелтілген.

Кеңестік кезеңде жылына 650 мың тоннаға дейін тұз қазуды қамтамасыз етіп, тамақ өнеркәсібі саласы бойынша Одақтың ауыспалы «Қызыл туын» елу мәртеден астам жеңіп алған комбинатқа Одақтың тарауы экономикалық байланыстарда кедергі келтіріп, «Аралтұздың» адымын аштырмады. Өнім өндіру жүз мың тоннаға дейін азайып кетіп, тек ғасырлар тоғысында ғана жағдай біршама қалыпқа түскен. Нарықтың қатал заңы талай құрылымның тірлігін тұралатып жатқанда, «Аралтұз» акционерлік қоғамы қиындық құрсауына шыдас беріп, тұз өндірушілердің еңбекқорлығы мен табандылығы оларды атакәсіптерінен тайдыра алмады. Осылайша ауыр жылдарды артта қалдырған «Аралтұздың» тынысы ашылып, бүгінде аяғына нық тұрған. Тұзшылар қауымы өздерінің сапалы тауар шығаратындарын мақтан тұтады.

Тұз Арал қаласынан шығысқа қарай он шақырымнан астам жердегі отыз бес шақырымға созылып жатқан «Жақсықылыш» қыратының етегіне жағалай орын тепкен «Оңтүстік» және «Солтүстік» көлдерден өндіріліп келсе, бұл іс қазіргі таңда «Оңтүстік» кенішінде ғана жүргізіліп, 250 мың тонна тұз қазылып келген болатын. Кәсіпорынның тұз өндіру көлемін биыл 350 мың, 2016 жылдан бастап 400 мың тоннаға дейін ұлғайту жөніндегі өтінішіне орай облыстың кең

таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның рұқсаты беріліпті. Осыған орай акционерлік қоғамның келісімімен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға келісім-шартта белгіленген жыл сайынғы бес млн теңге, өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты биыл қырық пайызға немесе жеті млн, келер жылы алпыс пайызға не сегіз млн теңгеге ұлғайтуға келісілген. Сондай-ақ кәсіпорынға «Солтүстік» кеніштен ас тұзын өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы табысталып, келісім-шарт жасалыпты.

Атап өту қажет, жаңа зауыт іске қосылғанға дейін кәсіпорын жылына 120 мың тонна тұз өңдеп шығарған десек, оның 80 мың тоннасы ас тұзы да, қалғаны техникалық тұз. Қазіргі таңда өндіріс қуаттылығы 1,7 есеге ұлғайып, өнім көлемі 213 мың тоннаға жеткен болса, бұның 147 мың тоннасы ас тұзы, 66 мың тоннасы техникалық тұз. Жоба бойынша 343 жаңа жұмыс орнын құру көзделсе, жалпы алғанда акционерлік қоғам бойынша барлығы сегіз жүзге жуық жұмыс орны құрылып, оның 95 пайызын жергілікті тұрғындар құрауда.

Тоқсан жылдық тарихы бар «Аралтұз» акционерлік қоғамы бір сөзбен айтқанда, 5 мыңнан астам халық тұратын тұзшылар ауылының тіршілік көзі болып қана қоймай, олардың әлеуметтік іс-шараларының бірден-бір қолдаушысы да. Тұзшылар қауымына табиғаттың берген сыйы қазіргі таңда Ресей және Қырғызстан мемлекеттері мен еліміздің ішкі нарығында сатылуда.

1. 1993 жылы қай кен орны «Аралтұз» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды?

- а) «Оңтүстік» кен орны
- б) «Солтүстік» кен орны
- в) Аралсульфат кен орны
- г) Жақсықылыш кен орны

2. 1993 жылы «Аралтұз» АҚ қанша тонна тұз өндірді?

- а) 575 мың тонна
- б) 650 мың тонна
- в) 213 мың тонна
- г) 7 млн 891 мың теңгеге

3. Кеңестік кезеңде кәсіпорын өнімінің негізгі бөлігін қандай тұз құрады?

- а) Ас тұзы
- б) Техникалық тұз
- в) теңіз тұзы
- г) Қызғылт тұз

4. «Аралтұз» АҚ 2016 жылы тұз өндіру көлемін ұлғайту бойынша қандай шаралар қабылдады?

- а) Әлеуметтік төлемдерді арттыру

- б) Өндірістік қуаттың төмендеуі
- в) Өндіріс көлемінің ұлғаюы
- г) Жер қойнауын пайдалануды тоқтату

5. «Оңтүстік» және «Солтүстік» көлдері қай жерде орналасқан, тұзды қайдан алады?

- а) Қара теңіз жағалауында
- б) Жақсықылыш жотасының жағасында
- в) Каспий теңізінің жағасында
- г) Арал теңізінің орталығында

6. «Аралтұз» АҚ жобасы бойынша қанша жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда?

- а) 213
- ә) 400
- в) 147
- г) 343

7. «Аралтұз» АҚ өнімдерін қай елдер тұтынушылар болып табылады?

- а) Ресей және Қазақстан
- б) Қырғызстан мен Өзбекстан
- в) Қытай және Үндістан
- г) АҚШ және Германия

Дұрыс жауаптары:

1. в) Аралсульфат кен орны
2. а) 575 мың тонна
3. а) Ас тұзы
4. в) Өндіріс көлемінің ұлғаюы
5. ә) Жақсықылыш жотасының жағасында
6. г) 343
7. а) Ресей және Қазақстан

3-мәтін

7.1.1.1- мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;

Ауа райы амалдары

Қазақ халқының ауа-райын жан-жануарлардың әрекетіне қарап болжауы «амал» деп аталады. Алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязын «Ақырап айы» деп атаған. Ақырап айының бірінші күні қазан айының 14-жұлдызына сәйкес келеді. Сол күні таңсәриден бастап табиғат тамыршылары әр сағатты қатты бақылауға алған. Сағат сайын күні бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағыты, жылдамдығы, күннің суытуы не жылынуы,

жауын-шашын болуы есепке алынған. Бұл болжамды алты күн бойы кезек-кезек күн-түнді күзеткен есепшілер жүргізген. Алты күнде алты айлы қыраулы қыстың қас-қабағын анықтаған. «Ақыраптың алты күні» осы екен.

Жылы жақтан құстардың ұшып келуіне байланысты наурыз айының соңына қарай жауған қар «кұс қанаты» деп аталады.

Келесі ай сәуір «отамалы» деп те аталады. Осы айдың 14–19-ы аралығында күннің суытуы, жаңбырлатуы қалыпты жағдай. Ертеден бұл күнді «Қыдыр қамшысы» деп атаған екен. Сәуір айының 8–9-ы күндері «қызыл жұмыртқа» салқыны, мамырдың 20–25-і арасында «құралай салқыны» өтеді.

Қыркүйек айында «Сүмбіленің сууы» жүреді. Сүмбіле жаңбыры өткен жердің көдесі қалың болады. Халқымыз: «Сүмбіле туса – су суыр», – деп те айтқан.

Байқасаңдар, ауа райын жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігімен байланыстыра отырып болжауда қазақ халқынан асқан білгір ұлт жоқ.

1. Наурыздың аяғына қарай жауған қар қалай аталды?

- а) Ақырап ай
- ә) Құс қанаты
- в) Отамалы
- г) Қыдыр қамшысы

2. Қай айлар «Ақыраптың алты күнін» білдіреді?

- а) мамыр-маусым
- б) қазан-қараша
- в) қаңтар-ақпан
- г) сәуір-мамыр

3. Мәтін бойынша сәуір айы қалай аталады?

- а) Ақырап ай
- б) Отамалы
- в) Қыдыр қамшысы
- г) Сүмбіле

4. Сәуірдің 14-інен 19-ына дейін не болады?

- а) «Қызыл жұмыртқа» қысы өтіп барады
- б) Күн суытып, жаңбыр жауады
- в) «Сүмбіленің сууы» өтеді
- г) «Құралай салқыны» басталады

5. «Сүмбіленің сууы» қашан болады?

- а) наурыз
- б) шілде
- в) қыркүйек
- г) қараша

Дұрыс жауабы:

1. ә) Құс қанаты
2. ә) қазан-қараша
3. ә) Отамалы
4. ә) Күн суыды, жаңбыр жауады
5. в) қыркүйек

4-мәтін

7.2.1.1- мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;

1-тапсырма. Диаграммамен берілген сипаттау мәтінінің мазмұны мен тақырыбына қарап, мәтінде қандай мәселе көтерілгенін анықта.

Су - агрегаттық үш күйде болатын ерекше зат: қатты, сұйық және газ тәрізді. Өзінің сұйық күйінде су химиялық реакциялар мен тіршілік процестері үшін тамаша ортаны қамтамасыз ететін жердегі тіршіліктің негізі болып табылады. Қатты күйде ол мұзға айналады, биологиялық тепе-теңдікті сақтау және климатты сақтау үшін баға жетпес ресурс береді. Су газ тәріздес күйінде суды, ауадағы ылғалдылықты құрайды, климаттық процестерде негізгі рөл атқарады. Күйлердің бұл ерекше әртүрлілігі суды біздің планетамыздың ең маңызды элементіне айналдырады, оның тұрақтылығын және тіршіліктің әртүрлілігін қамтамасыз



а) қатты



ә) сұйық



б) газ тәрізді

14-сурет. Заттардың агрегаттық күйлері

етеді.

2-тапсырма. Қандай күйде су химиялық реакциялар мен тіршілік процестері үшін тамаша ортаны қамтамасыз етеді?

3-тапсырма. Судың қандай ерекше қасиеті оны тамаша еріткіш етеді?

- а) төмен жылу сыйымдылығы
- б) жоғары жылу сыйымдылығы
- в) төмен тығыздық
- г) жоғары тығыздық

4-тапсырма. Су қатты күйінде не береді? Ойыңды таратып жаз.

Дұрыс жауаптары: 3-тапсырма жауабы: ә) жоғары жылу сыйымдылығы.

5-мәтін


7.2.1.1- мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;

Климаттың өзгеру себептері

Жер шарындағы немесе белгілі бір аймақтағы климат жағдайының табиғи өзгеруі ондаған, жүздеген жылдарға, кейде геологиялық дәуір бойына созылады. Жанартаудың атқылауы, аймақтағы өсімдік жамылғысының дамуы әсерінен атмосфера құрамының өзгеруін «атмосфералық себептерге байланысты климатты өзгеру» деп атайды. Бұлардың салдарынан Жердің радиациялық балансы күрт көбейеді немесе азаяды, ауа температурасы жоғарылайды не төмендейді. Бұл өзен-көл және мұхит құрамының өзгеруіне әкеп соғады.

Қоршаған ортаға адамның тигізген іс-әрекетінің нәтижесінде, сондай-ақ технология қалдықтары мен радиоактивтік заттардың әсерінен топырақтың ластануы, сөйтіп, жалпы экожүйенің құрамы мен құрылысының бұзылуы әсерінен болған климаттың өзгеруін «геологиялық-геоморфологиялық себептерге байланысты климаттық өзгеру» деп атайды. Бұл құрлықтың жер бедері мен құрлықтар пішіндерінің өзгеруіне әкеп соғады.

Климаттың өзгеруі ғаламдық жылыну үдерісін тудыруда. Ғаламдық жылыну – жер бетіндегі орташа температураның артуы. Соңғы жүз жылда жердің температурасы шамамен 0,6°C-ге артты. Ауаны лақтау, өнеркәсіп санының артуы, ормандарды кесу, жанартаулардың атқылауы және күндегі өзгерістер ғаламдық жылындың басты себептері болып тұр.



1-тапсырма. Мәтін мен суретті пайдалана отырып, табиғи климаттық өзгерістердің бірнеше себептері мен әсерін жаз.

Жауаптары:

№1 себебі: Жанартаулардың атқылауы және өсімдіктердің дамуы.

Әсері: Радиациялық тепе-теңдікке, ауа температурасына және су объектілерінің (өзендер, көлдер, мұхиттар) құрамының өзгеруіне әсері.

№2 себебі: Адам әрекеті, топырақтың ластануы, технологиялық қалдықтар, радиоактивті заттар, экожүйенің бұзылуы, геологиялық өзгерістер және геоморфологиялық себептер.

Әсері: Жер бедерінің, континенттік пішіндердің өзгеруі, жаһандық жылыну, орташа температураның жоғарылауы.

№3 себебі: Ауаның ластануы, индустрияландыру, ормандардың жойылуы, жанартаулардың атқылауы, күн сәулесінің өзгеруі.

Әсері: Жердің орташа температурасының жоғарылауы.

2-тапсырма. Мәтінде айтылған климаттың өзгеруінің табиғи себептері қандай?

3-тапсырма. Жанартау атқылауы мен өсімдіктердің дамуы нәтижесінде атмосфера құрамының өзгеруі Жердің радиациялық тепе-теңдігіне қалай әсер етеді?

4-тапсырма. Мәтіндегі климаттың өзгеруіне қандай адамға байланысты факторлар әсер етеді?

5-тапсырма. Мәтінде айтылған жаһандық жылынудың салдары қандай?

6-мәтін

7.1.3.1- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

Достықты сақтаудың жолдары

Сен жігерсіз де, ақылсыз да бала емессің. Мойнына алсаң, бәрі де қолыңнан келеді. Оған мен сенемін. Бұдан былай маған көз жасыңды көрсетуші болма! Жалынып шыққан көз жасы – жасықтықтың белгісі... Жасықтық пен әлсіздік жүрген жерде толқымалы тайғақ ойға да орын көп. Ағат кеттің бе, жасырма, шыныңды айт! Сонда оңасың, кері кетпей, ілгері басасың, өзіңе де, достарыңа да пайда келтіресің. Иә, солай, маған мұң шағып жылама да, кешірім де сұрама, уәде де берме, қатеңді іспен жөнде! Жолдасыңмен табыс, мұғалімнің айтқандай, кешірімді содан сұра! Міне, осыған келісейік. Ал қазір төсегіңе бар да ұйықта!

Есенбек сөз таластыруды, бір айтылған пікірді қайталауды қаламайтын. Оның осы сырына баласы да қанық еді. Сондықтан еш нәрсе деместен, Жарқын әке әмірін орындап, төсегіне қисайды да, көп ұзамай-ақ ұйықтап кетті.



1-тапсырма. Мәтін мен суретті не байланыстырады?

2-тапсырма. Достық қарым- қатынас қалай пайда болады? Нағыз дос қай кезде танылады?

3-тапсырма. Қай суреттегі кейіпкерлер арасында достық пайда болады, ал қай кейіпкерлер арасындағы достық қарым- қатынас үзіледі деп ойлайсындар?

7-мәтін

7.1.3.1- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

I

Қайран, балалық-ай, десеңізші! Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, ойтастар да, жылқылар да – бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ кілең мейірімді жандар болып көрінетін...Қария кісілердің сақалынан қадір-қасиет көрініп тұратын еді. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқаған болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты еді.

Ол – ол ма, анау асқар таулар, етектегі шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымындаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау – бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап, әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны күмбез, желі жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне!

II

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда менің үндемес шаруақор әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жылағым келе берер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып, еріксіз елеңдетеді. Ала құйындай далаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап аласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп, шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу ұандай қатал!

III

Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын.

1-тапсырма. Мәтіндердегі ортақ мәселені тап.

- a) Өткен күнге өкініш
- b) Бақытты балалық шақ

2-тапсырма. Автордың балалық шақтан алған әсері қандай?

3-тапсырма. Автордың ойынша, рухани мүгедек адам қандай?

4-тапсырма. Автордың назарын табиғаттың қандай элементтері ерекше аударды?

- A. Өрт, үйлер, ормандар.
- Б. Дала, аспан, жұлдыздар.
- В. Жаңбыр, бұлт, дала.

5-тапсырма. Сенің ойыңша бала қиялындағы бұлт деген не?

6-тапсырма. Автордың көзқарасы қандай?

- A. Болашақ үшін қорқыныш.
- Б. Жоғалған дәстүрді аңсау.

8-мәтін

7.2.2.1- публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

Көшпенділік

Көшпенділік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Көшпенділердің өмір салтының бірнеше белгісі бар. Олар – малшаруашылығының басым болуы, жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону, шаруашылықтың табиғи әдістерін игеруі. «Ата қоныс» ұғымы көшпенділер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі болған. Ата қоныстың әрбір аймағы халық санасында киелі жер болып есептелген. Қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, аңғарлар мен төбелерден тұрады деп санаған. Көшпенділер уақыт пен кеңістікті танып-түсінуі нәтижесінде табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Ерте заманнан маусымдық жайылымдарды пайдаланған. Жауын-шашыны молырақ таулы өңірді жайлау, ал құмды, желден таса аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу – мұның бәрі көшпенділер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді.

1-тапсырма. Тілдік құралдары арқылы мәтіннің стилін анықта.

2-тапсырма. Көшпенділік дегенді қалай түсінесіңдер? Ата қоныс және туған жер ұғымдарының айырмасы бар ма?


3-тапсырма. Көшпенділердің жайлау мен қыстауды таңдау ерекшеліктері жайында қандай ой түюге болады?

9-мәтін

7.3.3.1- мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу;

Киелі киіз үй

Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының баспанасы. Біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй – қазақтың тұрағы, құтты мекен жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйдің атқарған қызметі мен ролі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс-салты, талғамы еш халықтан кем емес екен. Киіз үйден қазақ халқының аспан әлемімен есептеу жүйесіне экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы, жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII– XIII ғасырлардағы мемлекеттердің «Алтын Орда», «Ақ Орда», «Көк Орда» деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан. Киіз үй тек баспана ғана емес, ол – сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Ол ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Әлем мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары халықаралық-этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әр қашан жоғары баға беріп отырған.



- 1. Шаңырақ
- 2. Уық
- 3. Кереге (қанат)
- 4. Табалдырық

- 5. Босаға
- 6. Маңдайша
- 7. Сықырлауық (есік)

Ескертпе: Есік тек қана ішке қарай ашылуы керек

1-тапсырма. Киіз үй түрлерінің көп болуы нені байқатады?

2-тапсырма. «Киіз үй – көшпенділер өркениетінің озық үлгісі» деген пікірді дәлелде.

3-тапсырма. Қазіргі заманда киіз үй қолданыла ма? Заманауи құрылыс-сәулет өнерінде киіз үй формасындағы нысандардың салынуы немен байланысты деп ойлайсыңдар?

4-тапсырма. Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтінді негізге алып, «Ақ Орда» киіз үйін сипаттап жаз.

10-мәтін

7.2.4.1-идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

Иммунитет – ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұра алу қабілеті, яғни, ауру қоздыратын бактериялар мен вирустардың, бөгде заттардың ықпалына қарсы тұруы. Оның екі түрі бар: табиғи және жасанды. Иммундық жүйенің ерекше қызметі – ағзадағы зиянды микробтар мен вирустарды алдымен оқшаулап, содан кейін жоюы. Өкінішке орай, ағзаға осындай заттар жиі түсе берсе, күресе-күресе иммундық жүйе әлсірейді. Иммунитет тапшылығы, ең алдымен, тыныс алу мүшелерінің суықтауы, терінің микробтық, вирустық ауруларының асқынуы кезінде байқалады. Иммундық жүйесі толық қалыптасып үлгермегендіктен, балалар ересектерге қарағанда жиірек ауырады. Иммундық жүйе қалыпты жұмыс істеу үшін дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден аулақ болу керек. Дұрыс тамақтану адам ағзасы үшін өте маңызды. Ол – тек қана дер кезінде тамақтанып тұру емес, сол тағамның құнарлылығы. Тағамдардың табиғи түрлері ғана құнарлы болады. Малдың сүті мен етінде, соның ішінде шұбат, қымыз, айранда, сондай-ақ балықта, жемістер мен көгөністерде дәрумендер мен минералды заттардың қажетті көлемі бар. Осындай тағамдарды араластырып қолдану пайдалы. Дәрумендер мен минералды заттардың жетіспеушілігі иммундық жүйе жұмысының тапшылығына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар денені шынықтыру, жұмыс пен демалыс ретін сақтау өте маңызды.

II

Лұқпан хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, жоқ, даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Бақыт – әр адамның өз күш-жігерін халқына, ұрпақ тәрбиесіне жұмсауы, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болуы», – деген екен. Денсаулықты жақсартуымыз, салауатты өмір салтын ұстануымыз керек. Халқымыз қашаннан-ақ денсаулықты алдыңғы орынға шығарып, «бірінші байлық» деп есептеген. «Дені саудың жаны сау» дейді халық даналығы. Біздің әрқайсымызда зиянды әдеттер бар. Кейде оларды байқамаймыз. Біреулер тырнағын тістегенді, ал біреулер шашын саусағына орағанды жақсы көреді. Бірақ темекі шегу, есірткіге, ішімдікке үйір болу, ойын құмарлық, бейпіл ауыздық сияқты әдеттер анағұрлым қауіпті әрі зиянды. Зиянды әдеттердің адамның өзіне ғана емес, жақын адамдарына да тигізер зардабы көп.

1-тапсырма. Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?

2-тапсырма. Екі мәтінді оқып, тақырыбы, құрылымы жағынан салыстырып, берілген мәліметтер бойынша тұжырым жаса.

3-тапсырма. Денсаулыққа зиянды әдеттердің тізімін жаса.

4-тапсырма. Денсаулық мықты болу үшін не істеу керектігін санамалап көрсет. Бір-біріне қарама-қайшы екі пікірдің бірін қолдап, өз ұстанымыңды дәлелде.

5-тапсырма. Екі мәтін авторларының қайсысы денсаулық қадіріне жете білуді насихаттайды? Мәтіндерге сүйене отырып, жауабыңды дәлелде.

Музыка – табиғи өнер

Құлақтан кіріп бойды алар

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып,
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Есіткендей болады
Құлағы ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп, терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.

Абай ҚҰНАНБАЕВ

11-мәтін

Мәтіннің мақсаты	Өзі жақсыға бір кісілік орын бар
<p>Мәтіннің мақсаты не?</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Оқушылардың адами қасиеттерді бойына сіңірген, адал ниетті, жаны жайсаң жан болуына бағыт сілтейді. ➤ Ниеті түзу, әрдайым жақсылық жасайтын адамдардың күні жарық болатынын ұғындырып, тек жақсы ойлармен қарулануға тәрбиелейді. <p>Түйінді ой</p> <p>Адал ниет. Жақсы адамның жолы ашық. Ақсақалдың көрегенділігі. Жақсылықтың қайтарымы - жақсылық</p>	<p>Ертеректе қала қақпасының алдында немересімен бірге отырған ақсақалға жол-жөнекей бір жолаушы келіп жөн сұрапты.</p> <p>– Ата, бұл қала тұрғындарының ниеті қандай? – депті. Сонда ақсақал:</p> <p>– Өз жөніңді айт, қайдан келесің? Кімсің? – дейді.</p> <p>– Мен өте қайырымды, адамгершілігі мол қала тұрғындарын іздеп келемін. Мен тұрған қалада адамдардың ниеті қара, қызғаншақ, адамгершілік қасиеттен жұрдай, сол үшін ақыры сыймадым,– деп жауап қатыпты жолаушы.</p> <p>Мұндай сөздерге ақсақал бірден:</p> <p>– Бұл қаланың тұрғындарының қасиеті, ниеті сенің қалаңның тұрғындарынан асып түспесе, кем түспейді, — депті.</p> <p>Мұны естіген жолаушы: «Иә, қазір ниеті түзу қала табу қиын», - деп әрі қарай кете беріпті. Артынша ақсақалға тағы бір жолаушы амандық сұрасып:</p> <p>– Уа, ақсақал, бұл қала тұрғындарының ниеті қандай? – деп сұрапты.</p> <p>– Алдымен өз жөніңді айт, жолаушым, — депті ақсақал.</p> <p>– Мен қайырымды қаланың тұрғыны едім. Маған деген мейірімдері, ең бастысы адам баласының ең асыл көркі – адамгершілігі өте мол. Енді өзге қайырымды, мейірімді қала тұрғындарымен бірге тұрып, соларға қаламнан бойыма сіңірген шуағымды шашсам деп едім.</p> <p>Сол кезде ақсақал:</p> <p>– Балам, адаспай іздеп келген жерің осы, — деген сөзін естіген жолаушы, қуана-қуана қала қақпасына кіріп, көпшілік арасына сіңіп кетіпті.</p> <p>Атасының мына әңгімесін естіп-көріп отырған немересі:</p> <p>– Ата, мен сізді түсінбедім. Екі жолаушы келді жөн сұрап, бірақ сіз екеуіне де екі түрлі жауап қаттыңыз, мұның себебі не?–депті.</p> <p>– Балам, адамгершілігі мол адамға әрқашанда бір кісілік орын табылады. Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық болады. Жаманды жақсы ететін де, жақсыны жаман ететін де сол – адам. Жақсылық жасаймын деген адам үшін, барлық орта өгей емес. Ең бастысы – бойында адамгершілік қасиеті болса болғаны, – депті.</p>

- Мәтінді түсініп оқып, негізгі идеясын анықтау.
- Мәтіндегі бірінші жолаушының алдағы сапары қандай болады деп ойлайсындар?

- Мәтіндегі «жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық болады» деген сөздің мағынасын ашып талдау.

12- мәтін

Мәтіннің мақсаты	Шыншыл болу
<p>Мәтіннің мақсаты не?</p> <p>➤ Оқушыларды шыншылдық пен парасаттылыққа тәрбиелейді.</p> <p>➤ Ешкімнің ала жібін аттамайтын саналы ұрпақ болып өсуге ықпал етеді.</p> <p>➤ Шыншылдық жайлы нақыл сөздер арқылы оқушылардың теріс жолға түспей, адалдықтың ақ туын ұстауына жол сілтейді.</p> <p>Түйінді ой: Әрдайым шындықты айту. Шындық сөзден жасқанбау. Өзгенің ала жібін аттамау. Жүректің тыныштығы. Өтіріктің кеселі.</p>	<p>Шыншыл болу — шындықты айту, ақиқатты жасырмау. Оның қарама-қарсы мағынасы — өтірік айту, жасырып қалу, артық сөз қосып жіберу. Бұл екеуінің ара-жігін өздерің де жақсы білесіңдер. Адам шындықты айтқанда ешқашан ұтылмайды. Өзіңе қауіп келтіретінін біле тұра, шындықты айту — нағыз адамдықтың, шынайы мұсылманның қасиеті. Шындықты айтуда туысқандық, жақындық, достық, ақша, билік деген түсініктер жүрмейді. Сен айтқан ақиқаттан бауырың түрмеге түсер болса да, одан тайсалмау керек. Қазақта «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген керемет мақал бар. Қасиетті Құран Кәрімнің аяттары да осы жолды мықты ұстануды бұйырады.</p> <p>Біз қай кезде шынымызды айтпай, өтірікпен көлгірсіп құтыламыз? Көбіне, қорыққанда. Қымбат телефонды сындырып алып, әке-шешем ұрсады деп қорыққанда, «ұрлап кетті» деп жалған айта салуымыз мүмкін. Жүрегінде иманы бар, құдайдың көріп тұратынын сезінетін адам қолымен жасағанын мойнымен көтеріп, шынын айтудан қорықпауы керек. Мәселе — қымбат телефонның сынғаны емес, бұдан кейін осындай жағдай туып жатса, әрдайым өтірік айтып құтылу әдеті пайда болады. Телефонның жаңасын алуға болады. Ал, бірақ өтірікті қайтара алмайсың.</p> <p>Өтірік айтқан адам пәледен уақытша құтылуы мүмкін, ал басқа адамдар зиянын шегіп жатады. Керек болды деп біреудің ақшасын жымқырған оқушы өтірік айтып құтылады, ал тергеуші басқа оқушыларды тергей бастайды. Мұндайда жүрегі таза адамдардың көңіліне қайғының табы орнайды. Өтірік сөз қар секілді нәрсе, оны дөңгелектеген сайын үлкейе береді, үлкейе береді. Жұрттың бәріне бір күн масқара боласың да қаласың.</p> <p>Шындықты айтатын адамның әрдайым жүрегі тыныш болады. Ешкімнің алдында ұялып қуыстанбайды. Өткенін ойлағанда «осындай бір өтірік айтып едім» деп қиналмайды. Ондай адамның достары да, бауырлары да соған ұқсап, шыншылдық қасиетті бойларына дарытады. Ақиқатқа жақын жанды Алланың өзі жақсы көріп, «Шыншылдар, өтірік айтпайтындар» деген тізімге есімін жазып тіркеп қояды. Ал, жалғанға жақын жанды періштелерге дейін ұнатпайды. Оның есімі «Өтірікшілер» деген тізімге жазылып қойылады. Қайсысымыз бұл соңғы тізімде болғымыз келеді дейсің? Бәріміз де шыншылдардың қатарында тұрғанымыз абзал. Ендеше, қазірден бастап әрбір</p>

	<p>айтар сөзімізді абайлау керек. Тіпті ұсақ өтіріктің өзінен қашық болу керек, себебі ұсақ тастар жиналып, үлкен тас құрайтынын білеміз.</p> <p>Осы мақаланы оқып, «бүгіннен бастап тек шындықты айтамын» деп шештің. Кейбір достарың бұл мінезінді ұнатпай «ашықауыз», «сатқын» деп мазақтауы мүмкін. Бұл уақытша ғана болатын нәрсе. Жаман достар өзі-ақ сенен алшақтайды немесе саған қарай бейімделіп, өтірік айтудан қашатын болады.</p> <p>«Шын сөйле. Сонда ештеңені есте сақтап жүруге мәжбүр болмайсың» деген екен бір жазушы. Кімге не деп өтірік айтып едім, қашан ұсталып қалар екенмін деп жүретіндерден өткен бейшара бар ма?! «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам». Өтірік айтып, артынан шындық ашылып, ұялғаннан гөрі, ақиқатын айтып, жауапкершілікті қабылдап алғанға не жетсін.</p>
--	--

- Мәтіндегі шындық жайлы мақал-мәтелдерге назар аудар.
- Мәтіндегі шыншылдық туралы пікірге келісесің бе? Қаншалықты жиі өтірік айтасың.
- Қазақта «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп неліктен айтқан? Осы сөздің мағынасын ашып жаз.

13-мәтін

Мәтіннің мақсаты	Адалдық
<p>Мәтіннің мақсаты не?</p> <p>➤ Мәтін арқылы оқушыларды адамзаттың асыл қасиеттерін меңгеруге, адалдыққа жетелеу.</p> <p>➤ Айлакерлік пен қулықтың өрге баспайтын іс екенін түсіндіру.</p>	<p>Шілде айының шуақты күндерінің бірі еді. Жайлау етегіндегі шұрат-шұраттан шапқан шөбін баулап, жинап болып, көңілі көншіген бұрынғы мектеп мұғалімі, қазіргі қатардағы зейнеткер Атабек мотоцикліне екі баланы мінгестіріп, қайдасың ауыл деп зырлап келе жатқан. Кенет көзі жол шетіндегі әлденеге түсті. Күміс түймедей күнге шағылысып, жылт-жылт етеді. Мотоциклді тоқтатып, әлгі затты алды. Әмиян екен. Жемге тойған құстың бөтегесіндей бұлтиып, қомақты көрінеді. Әрі құмартып, әрі қызыға қарап қалған екі баланың көзінше санады.</p> <p>Екі мың төрт жүз теңге екен. Атабек екі балаға қарап күліп қойды да, мотоциклді от алдырды. Кенет ұстазға бір ой келді. Осы тауып алған ақшаны желеу етіп, екі баланы сынап көрсе қайтеді. Екеуі де жасты, бірақ адалдығы қандай екен?</p> <p>– Балалар,– деді үнсіз отырған Атабек ойлы пішінмен, –сонымен біз ақша тауып алдық. Енді сол ақшаны не істеуіміз керек? Қане, өз ойларыңды айтыңдаршы.</p> <p>Әрқашан саспай, салмақпен сөйлейтін Сатай ұстаздың өзіне қайыра сұрақ қойды.</p> <p>– Өзіңіз қандай шешімге келдіңіз, әуелі сіз айтыңыз?</p>

<p>Түйінді ой: Ағайдың тапқырлығы. Сатайдың адалдығы. Дүниеқоңыздыққа салыну. Өз қателігін мойындау.</p>	<p>Жоқ, сендер айтыңдар. – Онда мен айтайын,– деді мотоциклдің қобдишасында шыдамы кетіп отырған Қойшыбек, – тең бөліп алалық. Сатай дауласа кетті. – Тапқан екенсің тең бөлгенді. – Енді не істейміз? – Оны Атабек ағай біледі. – Тауып алдық, ұрлағанымыз жоқ. Енді бөліп алмағанда қайтеміз. – Бұл біреудің табан ақы, маңдай терімен тапқан ақшасы. Иесіне қайтаруымыз керек. – Айталық, осы ақша басқа емес, өзіңнің жақын туысқаның, не болмаса досыңдікі болса қайтер едің? Бала не дерін білмей күмілжіп қалды. – Оны қойшы,– деді күлмең қағып, -- мына ақша бізге бұйырған. Бөліп алу керек. Осыны айтып ол ұстазға қараған. Ол үндемеді. Өйткені ол ренжулі еді. «Дүние үшін туған бәтшағар екенсің- ау» деп түйді ішінен. Бұлар ауылға таяп қалғанда алдарынан бір салт атты көрінді. Жақындай келе үшеуі де тани кетті. Қойшыбектің апасы- Күлзипа екен. Бұлар жамырай амандасты.Әйел сәлемді селсоқ, салқын қабалдады. Қабағы қатыңқы, көңілсіздеу екен. – Иә, деніңіз сау ма?– деді Атабек қайталай амандасып,– Қоржыныңызды толтырып қайтқан боларсыз. – Қоржын құрысын,– деді әйел жасық үнмен, – әмиянымды жоғалтып алдым. – Қашан? – Бүгін. Бағана осы жолмен келе жаттым. Өзеннен өткенде бар еді. Содан дүкеннен зат алып, енді ақшасын төлейін десем жоқ. – Табылып қалар,– деді Атабек, –Бұйырған дүние жоғалмас. Қойшыбектің екі беті ду ете түсті...Әйел қош айтысып, жүріп кетті. Атабек ештеме болмағандай мотоциклді от алдыра бастағанда Қойшыбектің көзі бағжаң ете түсті. «Шынымен- ақ кеткені ме, міне, кетіп те барады». Сәл жүрген соң шыдамы таусылған Қойшыбек: – Ағай, мен түсіп қалайыншы,– деді. – Неге? – Тәтеме барам. – Ым, қалай екен адалдық пен арамдық?– деді ұстаз көлігін кері бұрып жатып, – Ақшаны бөліп алайық па? – Қойшыбектікі дұрыс, бөліп алайық,- деді Сатай кекетіп. – Кешіріңіздер,– деген сөзді ол зорға айтты. Ұстаз бен серіктес досының алдында ұяттан жерге кіріп кете жаздады. – Адалдық керек, балалар,– деді ұстаз әйелдің алдын орай тоқтаған мотоциклден табылған әмиянды иесіне бергелі түсіп жатып,– қашанда адал болыңдар. – Адалдық,– деп Қойшыбек осы сөзді іштей өзінше бір қайталады. Сөйтті де үнсіз қалды...</p>

- Мәтін мазмұнын түсініп оқу.
- Мәтіндегі Атабек ағайдың тапқырлығына қандай баға беруге болады?

- Мәтінде екі дос Қойшыбек пен Сатай бір-біріне қарама-қайшы рөлде берілген. Олардың орнында өзің болсаң қандай әрекет істер едің?

14-мәтін

Мәтіннің мақсаты	Ә.Бөкейхановтың бес ұстанымы
<p>Мәтіннің мақсаты не?</p> <p>➤ Ұлт жанашыры болған Әлихан бабамыздың ұстанымдары жайлы ақпаратпен танысып, осы жолда еліне жанашыр ұрпаққа айналуға тырысу. Қазақ халқының мерейін өсіріп, өз тілі, діні, байлығына тек өзі, яғни өскелең ұрпақ мұрагер екендігін түсіндіру.</p> <p>Түйінді ой: Ер азамат болу кез келгеннің қолынан келер, алайда нағыз ұлтына жанашыр елінің азаматы болу әркімнің қолынан келмейді.</p>	<p>Ә.Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Бірінші, Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін, ең алдымен, «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек. Екінші, Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі бар байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс.</p> <p>Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс. Үшінші, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс.</p> <p>Төртінші, қазақ жерінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек.</p> <p>Бұл – идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесінші, ең негізгі ұстанымы – тәуелсіз ғылымға, заңға сүйене отырып, ұлттық дәстүрге негізделген Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құру.</p>

- Пәнаралық байланыс орнату арқылы сыни тұрғыдан сараптама жүргізу.
- Түйінді ойды анықтау.

15-мәтін

Мәтіннің мақсаты	Телефонды қалай пайдалану керек?
<p>Мәтіннің мақсаты не?</p> <p>➤ Ұсынылған мәтін білім алушыларды жалпыадамзаттық</p>	<p>Қонақ үйде болғанда, нөмірден нөмірге телефон соғу үшін бөлменің нөмірін, егер ол төрт нөмірден тұрса, тікелей теріңіз. Егер бөлменің нөмірі үш цифрдан тұрса, басында «0»-ді содан кейін бөлменің нөмірін теріңіз.</p> <p>Қонақ үйден тыс нөмірге байланыс жасау үшін (сыртқы байланыс жолы) «8»-ді теріңіз. Түркияның ішінде қалааралық телефон соғу үшін</p>

<p>құндылықтарға, оның ішінде ашықтыққа, креативті ойлау мен коммуникативті құзіреттіліктерін дамытуға баулиды.</p>	<p>жергілікті кодты және абоненттің нөмірін теріңіз. Түркиядан басқа елге халықаралық телефон соғу үшін ең алдымен «07»-ні теріңіздер де, халықаралық байланыс желісімен байланыстың сигналы – ұзақ гудок болғанша 1 секунд күтіңдер. Содан кейін телефон соғып отырған елдің халықаралық кодын, ары қарай ондағы қаланың кодын (бірінші «0»-сіз) және ақырында абоненттің нөмірін теріңдер. Түркияның кез келген ауданы бойынша ақпарат алу үшін «0»- ді, содан соң қажет ауданның жергілікті кодын теріңіз.</p>
---	---

- Ұсынылған мәтін үзінділерін жағдаяттық тапсырмаларда қолданып, креативті жазу, ақпаратқа сүйене отырып шешім шығара білуге дағдыландыру.

16-мәтін

Мәтіннің мақсаты	Киіз үй
<p>Мәтіннің мақсаты не? ➤ Патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке баулу. ➤ Ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, ақпаратты өздігінен табу, оны қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p>Түйінді ой. Тұлғаның өмір бойы білім алуға дайын болуы оны ашықтыққа баулиды. Кез-келген ортада өз-өзін ұстай білу, қажет ақпаратты қолдана білу, икемділік жаңашылдыққа бастайды.</p>	<p>Киіз үй – көшпенді тұрмыстың төл туындысы. Халқымыздың шебер үйшілері, шаңырақшылары, үйдің ағаш мүкәммалын, ағаш ыдыс-аяғын жасайтын ағаш шеберлерінің өнері өзіндік ұлттық ерекшелігі мен бүгінге жетті. Киіз үй мал шаруашылығы саласында қазір де пайдаланылуда. Киіз үй көшпенді тұрмыстың символы тәрізді болғандықтан, мал өсіруші қазақ, қырғыз, тәжік, өзбек, моңғол т.б. ұлттар «киіз туырлықтылар» атанды.</p> <p>Грек тарихшысы Геродот б.з.д. V ғасыр да арғы ата-бабаларымыз – сақтардың киіз үйлерде отыратындығын жазған. Сол кезден бері сан мыңдаған шеберлердің қолынан шыққан 6 қанаттан 10, 12, 18 қанатқа дейін тігілген ақ ордаларды халқымыз қазіргі дәуірге дейін жеткізді.</p> <p>Тарихта 30 қанатқа дейінгі алтын орданы хандар тіккен. Оның уық, кереге, шаңырақтары алтындалып жасалған. Алтын ордаларда хан-қағандар, бектер мен билер, төрелер мен уандар, болыс-билер отырып, билік жүргізіп, ел басқарды. Ел ішіндегі істерге кесім айтты.</p> <p>Қазақ халқы киіз үй салтанатының бірін – торқалы тойында, бірін топырақты өлімінде көрсетті. Той өткізілетін яки ас берілетін жерге жүздеп үй тігіледі. Тойда үйлер шеңбер немесе бірнеше түзу сызық бойына қатарлап, көшелеп тігіледі.</p>

Мәтінге сәйкес дұрыс немесе дұрыс емес жауапты белгіле:


№	Деректер	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Киіз үй мал шаруашылығы саласында қазірде пайдаланылуда.		
2	Хандар тіккен киіз үйдің бөліктері: кереге, уық, шаңырақтары ағаштан жасалған.		
3	Геродот V ғасырда ата-бабаларымыз-сақтардың киіз үйлерде отырғанын жазған.		

4	Киіз үй - сәулет өнерінің туындысына жатпайды.		
5	Қазақ халқы салтанатты киіз үйлерді күнделікті өмірде қолданған.		

Ашық тапсырмалар:

№1 Ашық тапсырма

1.1. *Өлеңді мұқият оқып, негізгі идеясын анықтаңыз. Өлең авторы жайлы не білесіз? Ой қозғаңыз. «Музыканың маңызы» тақырыбында ассоциациялық кесте құрыңыз.*



1.2. *Мәтіннен алынған тармақтардың мағынасын ашып жазыңыз. Осы тармақтардың арасында қандай үндестік бар екендігін соңғы бағанға жазыңыз.*

Жүрегім бойды жылытып		ҮНДЕСТІК
Бой тоқтамас жасқауға		
Құлақтан кіріп, бойды алар		
Көңілге түрлі ой салар		

1.3. *Мәтіннен түйген ойың бойынша авторға ашық сұрақ қойыңыз. Сұрақ құрастыру барысында берілген сұрау есімдіктерін ескеріңіз.*

Неліктен?	
Қалай?	
Қайда?	

Не себепті?	
Не жөнінде?	

1.4. Мәтін мазмұнын ескере отырып, қосымша суреттерге назар аударыңыз. «Музыкалық терапия» тренингін ұйымдастырыңыз. Музыкалық терапияның пайдасын алгоритмдік түрде ұсынып, жарнама мәтінін жазыңыз.



Шыңғыс ханның Жошы деген баласы жабайы құлан аулап, өзін қаумалаған нөкер серіктерінен тым ұзап кеткенін сезбей де қалады. Ханзада жүйткіген құландарды өткір жебемен дәл көздеп құлата береді, оның жүрегінде бейшара жануарларға деген аяушылық болмайды. Жабайы құландар үйірінің «Ақсақ құлан» атымен мәшһүр, тіпті қасқырдан да тайсалмайтын (оның бір аяғы нақ осы сұр жыртқыштармен шайқаста зақымданған екен) өжет әрі күшті айғыры кенет жалт бұрылып, аңшыға қарсы ұмтылады. Ақсақ құлан шабуылының жойқын да тегеурінді болғаны сондай, Жошы атынан ұшып түсіп, сол бойда мойыны үзіліп, жан тәсілім етеді... Қуғыннан құтылған құлан үйірі қыр асып, еркін күйғыта жөнеледі.

Нөкер серіктерінің Ұлы ханға Жошының өлімін естіртуге жүректері дауаламайды. Көне ғұрып бойынша жаман хабар әкелген адамды өлімге бұйыратын. Сол кезде даланың Ұлы жыршысы, абыз қарт Кетбұға қайыңнан домбыра шауып, ішек тағып, Ұлы ханның сарайына келе, алтын тақтың алдына тізерлей құлайды. Өзіне абыз қарттың жақсылықпен келмегенін сезген әмірші түнерген жүзбен: «Уа, Ұлы жырау, не датың бар?» деп сұрайды. Бірақ Кетбұға ләм-мим деп тіл қатпастан, домбырасымен бір қайғылы әуенді тарта жөнеледі. Бұл күйдің сиқырлы дыбыстарынан Ұлы ханның көз алдына жас ханзада Жошының аңға шыққаны, оған көктемгі көк майсада жайылып жүрген құлан үйірінің кездескені һәм ханзаданың аң аулап еліккені елестеп, тізіліп өткендей болады...

Қарт жыршы зарлы күйін аяқтайды. Бірақ Ұлы хан да, басқалар да күй тілінен болған оқиғаның бәрін түсінеді: домбыра шапқан аттардың дүбірін де, әлжуаз жас құлындарды аяған құландардың беймаза үрейін де, өз үйірін қорғаған ақсақ құланның ақылы мен кайратын да жеткізіп айтты. Әсіресе, ақсақ құланның ханзадаға қарсы шапқан тұсын зарлата қайырды...

Хан үн-түнсiз ұзақ отырды. Ақыры, Ұлы хан тiл қатты: «Сен маған ұлымның қазасы жайында қаралы хабар әкелдiң. **Домбыранның күйiн тыңдап, бәрiн ұқтым.** Мұндай хабар үшiн өлiм жазасына лайықтысың. Бiрақ өзiң бiр ауыз тiл қатпағандықтан, жазаны домбыраң тартсын. Оның сағағына қорғасын құйындар!»

Осылайша Ұлы жырау – дана Кетбұғаның арқасында моңғолдардың қаһарлы әмiршiсiне жас ханзаданың өлiмi естiртiлiптi. Бiрақ сұмдық ғұрыпқа қарамастан, ешбiр адам зардап шекпептi. Тек қаралы хабарды жеткiзген домбыраның көмейiне балқыған ыстық қорғасын құйылады. **Сол кезден берi домбыраның шанағында тiлiк тесiк пайда болыпты.**

«Ақсақ құлан - Жошы хан» күйi осылай туған деседi

№ 2 ашық тапсырма

2.1. Мәтiндi мұқият оқып, мазмұндаңыз. Мәтiн мазмұны бойынша ашық сұрақтар құрастырыңыз. Әуеннiң құдiретiн жайлы пiкiр алмасып, өмiрден мысал келтiрiңiз.

2.2. Мәтiннен негiзгi ойды iрiктеп, тақырып қойыңыз. Стилi түрiн анықтаңыз. Мәтiндi үш бөлiмге (кiрiспе, негiзгi, қорытынды) бөлiп қарастырыңыз.

Кiрiспе бөлiм	
Негiзгi бөлiм	
Қорытынды бөлiм	

2.3. Мәтiнде қарамен берiлген сөйлемдердi айтылу мақсатына қарай интерпретациялаңыз. Сөйлемдегi лексикалық және грамматикалық өзгерiстердi талқылап, ойыңызды дәлелдеңiз.

Үлгi: Қарт жырышы зарлы күйiн аяқтайды. (хабарлы сөйлем) Қарт жырышы зарлы күйiн аяқтады ма? (сұраулы сөйлем) Қарт жырышы зарлы күйiн дереу аяқтасын! (лептi сөйлем)

Музыкалық бағыттар мен аспаптар

Қазақтың музыкалық аспаптары – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні (әуенділігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар.


Музыка аспаптарын жаугершілік заманда халыққа хабар бергенде, аң үркіткенде, әнші-күйшілер ән-күй орындағанда, бақсылар сарнағанда пайдаланып отырған. Мысалы, жау шапқанда елге хабар беру үшін үрмелі аспаптарды (дабыл, дауылпаз, ұран, керней); бақсылар сарнағанда – даңғара, асатаяқ, шаңқобызды; әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде – домбыра, сыбызғы, сырнай, қылқобыз сияқты шекті аспаптарды пайдаланған. Музыка аспаптары кептірілген қайың, шырша, емен ағаштарынан, қамыстан, сазбалшықтан, малдың терісі мен сүйегінен, мүйізінен, қылынан жасалған.

Музыка аспаптарына арнаулы қап жасап, қоржынға салып, аттың қанжығасына байлап немесе асынып алып жүруге ыңғайлаған.

Қазақтың музыкалық аспаптары үрмелі (саз, қос, қамыс және мүйіз сырнайлар, сыбызғы, адырна, ұран, керней), ішекті (жетіген, шертер, екі және үш ішекті домбыралар, қобыз), шалып ойнайтын (шаңқобыз), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шындауыл, дабыл, асатаяқтың бірнеше түрлері) болып бірнеше топқа бөлінеді.

№3 ашық тапсырма

3.1. Мәтінді мұқият оқыңыз. Қазақтың музыкалық аспаптарының кешегі мен бүгінгі жіктемесіне назар аударып, кластер құрастырыңыз.



3.2. Мәтіндігі негізгі ақпараттарды анықтап, «5-3-1» әдісі бойынша тұжырымдап жазыңыз.

5 сөйлем	
3 сөз тіркесі	
1 сөз	

3.3. Берілген жұмбақтардың шешімін тауып, сол музыкалық аспап жайлы мәтін негізінде ой бөлісіңіз. Аспаптардың 3.1. тапсырмасындағы кластерде көрініс табылғандығына назар аударыңыз

1. Сызылған үні,
Әдемі тілі,
Үрлесен ойнайтын
Аспаптың бірі. (*сыбызғы*)

2. Ансамбльге сылдырлап,
Қоңыраулатып үн қосты,
Тыңдаған жан елітіп,
Мейірлене үн қосты. (*асатаяқ*)

3. Ішекке ысқыш тисе болды,
Әлем сырлы әуенге толды. (*қобыз*)

4. Қояды әркім оны бұрап-бұрап.
Бар екен маңдайында жалғыз көзі,
Болады тоқсан түрлі айтқан сөзі. (*домбыра*)

5. Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар,
Әуезінен жеті тарау мұң шығар.
Ойнап кетсең түрлі-түрлі жыр шығар,

Бұл аспап, қай аспап? (*жетіген*)

Шертер – екі немесе үш ішекті, саусақпен шертіп ойнайтын аспап. Шертердің шанағы терімен қапталады. Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған.

Асатаяқ – сілкі арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы – 110-130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Асатаяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған. Қазіргі кезде көне үлгілері қайта жасалып, ұрмалы музыкалық аспаптар тобына қосылды.

Домбыра – қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті, шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі.

Дауылпаз – ұрып ойналатын көне музыкалық аспаптың бірі. Халық тұрмысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Жетіген – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптық үні өте нәзік, құлаққа жағымды.

Қылқобыз – ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделі аспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге – үш, төрт ішектілері және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар.

№ 4 ашық тапсырма

4.1. Аспаптар жайлы мәтінді мұқият оқыңыз. Сәйкестендіру тапсырмасын орындаңыз.




Шертер		Ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады
Асатаяқ		Ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады


Домбыра		Өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы.
Дауыппаз		Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған
Жетіген		Шегі жылқының қылынан жасалады.
Қылқобыз		Сілку арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап

1.2. Мәтінде берілген қазақтың ұлттық аспаптарын әлемдік танымал аспаптармен салыстырып көріңіз. Ерекшелігі мен ұқсастықтарын Венн диаграммасына түсіріңіз

Саксофон Контрабас Гитара Барабан Пианино Скрипка	Шертер Асаяқ Домбыра Дауыппаз Жетіген Қылқобыз	
ВЕНН ДИАГРАММАСЫ		
Әлемдік аспаптар	Ұқсастықтары	Ұлттық аспаптар

4.3. Берілген сипаттамалық мәтін негізінде аспаптардың түрін болжап көріңіз. Берілген суреттерге аспап сипаттамасы сәйкес болса, атауын жазыңыз.

 <input type="text"/>	 <input type="text"/>	 <input type="text"/>
---	---	---



Нағыз қазақ – домбыра

Домбыра – қазақтың бас аспабы. Ұрпақтан ұрпаққа бабамыздың көзіндей аманатқа қалдырып, осы уақытқа дейін қылы қисаймай жеткен халқымыздың көне мұрасы. Қазақ халқының мәдениет пен өнер тарихының ежелгі көріністері осы домбырамен үндесіп жатқандай.

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, күйші, композитор Жасарал Еңсепов «Домбыраның екі шегін қағып, әуен шығару, бір мезгілде поэзияға қосып, нәтижесін көрсету – логика, күй сезімінің мәнін жеткізу – философия» - деп, тұжырымдаған. Бұдан біз қазақ халқының көне заманының, сонымен қоса қазіргі таңдағы күйшілерінің соншалықты талантты болғанын, осы сапаларды кешенді түрде бір мезгілде көрсеткен тума дарындылықты аңғарамыз. Ұлтымыз үшін, ұлттық құндылықтарын дәріптей білетін әр қазақ үшін домбыра – ұлттық мақтаныштың бірегейі.

...Бүгінгі қоғамда домбыраның сиқырлы әуенінің құдіретін жете түсінбейтін жандар көптеп кезігеді. Онан гөрі Батыстың ән-күйін тыңдағанды жөн көреді. Жанына тыныштық пен емді сол Батыс әуендерінен алып, соларға тәуелдене түседі. Бұл, әрине, қазіргі заман адамдарының психологиясына байланысты болар. Дегенмен, түсінгенге, сезінгенге домбыраның күмбірі, өзгеше әуезі талай жанға рухани күш дарытуға қауқарлы. Сонымен қоса адам бойында патриотизмді оятуда да үлесін қосары сөзсіз. Тек қазақ елінде ғана домбыра аспабының бар екенін және оның құдіретті үні бүкіл қазақ тарихын, психологиясын, идеологиясын жеткізетін үлкен қызметі бар екенін ұмытпағанымыз жөн.

№ 5 ашық тапсырма

5.1. Мәтін бойынша төменде берілген тұжырымдардың дұрыс/бұрыстығын анықтаңыз.

Мәтін мазмұны	Дұрыс	Бұрыс
---------------	-------	-------

Домбыра – бабамыздың көзіндей аманатқа қалдырылған, халқымыздың көне мұрасы		
Ұлттық құндылықтарын дәріптей білетін әр қазақ үшін домбыра – ұлттық мақтаныштың бірегейі.		
Жасарал Еңсепов: «Домбырамен әуен шығарып, нәтижесін көрсету – философия, күй сезімінің мәнін жеткізу – логика»		
XXI ғасырдың жастары домбыраның сиқырлы әуенінен гөрі, Батыстың ән-күйін тыңдағанды жөн көреді.		
Қазақ халқының мәдениет пен өнер тарихының ежелгі көріністері Батыс әуендерімен үндесіп жатады.		
Домбыраның күмбірі, өзгеше әуезі талай жанға рухани күш дарытуға қауқарлы.		

5.2. Берілген негізгі және қосымша мәтін бойынша, «РАФТ» әдісі негізінде синтаксистік нормаларды сақтап, жазылым тапсырмасын орындаңыз. Жазылған диалогтағы тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндіріңіз.

Р-роль	А-аудитория	Ф-форма	Т-тақырып
Оқушы	Досы	Диалог	Гиннес кітабына енген ең кішкентай домбыра

Қосымша мәтін:

Болатбек Кәрімханұлы жасаған ең кішкентай домбыра Гиннес рекордтар кітабына енген. Оның ұзындығы – 4 см, 5 мм, ал ені – 1 см, 4 мм. Бала кезінен ағаштан бұйым жасауды жанына серік еткен шебер алғашында рекордтар кітабына ену үшін ең алып домбыраны жасау керек деп шешеді. Бірақ, оған қаржының жоқтығы кедергі болып, ең кішкентай домбыраға отырған. Сондай-ақ, Болатбек интернеттен іздеп қазақтың ең кішкентай домбырасы жасалмағанын көреді. Шамамен бір ай уақытта дүниеге келген бұйым ағаштан ойылып жасалған және құлақтары, ішектері, тіпті сыртқабы да бар.

5.3. Берілген мәтінді оқып, «Ә» мәтінімен салыстырыңыз. Стилін, түрін, идеясын, аудиториясын, тілдік ерекшелігін анықтаңыз.

А мәтіні (Жоғарыда берілген мәтін)	Ә мәтіні Қазақ күйлері
	<i>Қазақтың музыкалық мәдениетіндегі ең күрделі өнер – күй. Ол тек аспаптық сарын ғана емес, ұлт мінезін айқындайтын нышандардың бәрін біріктіретін рухани құбылыс. Күйтану ғылымының бүгінгі зерттелуі – оның тарихын, шежіре-аңызын, мектеби ерекшелігін, сонымен бірге, музыкалық шығарма ретінде теориялық тұрғыдан талдануын, дәстүрлі және кәсіби оқыту әдістерін хал-қадарынша қамтып отыр.</i>

	<p><i>Осының нәтижесінде күй мен күйшілік үрдістің ұлттың рухани сұранысын өтей алатын қазіргі деңгейі қалыптасты. Уәж кәсіби домбырашылыққа қатысты болғандықтан, күйшілік мектептің қалыптасуы мен дәуірлік тарихына қысқаша тоқтала кеткен орынды болар.</i></p> <p><i>Күй – өте көне өнер, оның шығарма ретінде қалыптасуы ұлт емес, ұлыстық дәуірден бастау алады. Ұлыстық дәуір мәдениеті Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы замандарынан сыр тартады. Қазіргі аңыз күйлердің ішінде сол замандардан қалған туындылар мынау еді деп айту мүмкін емес, ал, әдеби мұраларымыз сақталған. Мысал ретінде Томирис туралы әпсананы айтуға болады. Одан кейінгі дәуір Түрік қағанаты. Бұл кезеңдегі күйлердің де дерегі жоқ, бұл әдебиетімізде ұлыстық ояну кезеңі деп аталады.</i></p> <p><i>(massaget.kz сайтынан алынған, 147 сөз)</i></p>
	Мәтін қай стильде жазылған?
	Мәтін түрін анықтаңыз
	Мәтіндердің негізгі идеясы қандай?
	Мәтін кімдерге арналған? (аудитория)
	Тілдік ерекшеліктерін ажыратып, тірек сөздерді анықтаңыз

8-СЫНЫП

Пән бойынша оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау ретінде 8- сыныпқа арналып әдістемелік көмекші құрал дайындалды. Онда білім алушылардың коммуникативтік дағдылары мен функционалды сауаттылықтарын арттыру үшін түрлі әдістемелік материалдар берілді.

«Қазақ тілі» пәнінен 8-сыныпқа дайындалған жұмыста оқылым материалдарымен жұмыс жүргізу кезеңдері туралы мынадай ақпарат ұсынылған: Тыңдалым мен айтылым алды, оқылым алды, жазылым алды тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалардан құралады. Бұл кезеңде таныс емес сөздерді алдын-ала үйретуге, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қоюға болады.

Тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалардан (сұрақтар) тұрады.

Алғашқы тапсырмалар мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Тыңдалым мен айтылым кейінгі, оқылымнан кейінгі, жазылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпаратқа байланысты талқылау сұрақтары ұсынылады. Мұндағы сұрақтар жаңа сөздерді қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруге бағытталады. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланыстырылып, жан-жақты талқылауға мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Оқу сауаттылығынан білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін қазақ тілі пәнінде күнделікті сабақта дайындықты жүргізу керек. Әр тарау сайын тапсырма дайындау оқу мақсаттарына сәйкес жасалады. Мысалы көрсетілген осы оқу мақсаттарына «8.1.1.1.мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау», «8.1.2.1.әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау», «8.1.3.1.тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау», «8.1.4.1.мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау», «8.1.5.1.перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау», «8.2.6.1.оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу» әдістемелік ұсынымдамада төмендегідей тапсырма үлгісін беруге болады. Берілген тапсырмалар тыңдалым мен айтылым, оқылым дағдыларына негізделген. Тыңдалған немесе оқыған мәтін мазмұнын меңгергенін анықтау үшін тапсырмалар жабық тапсырма (тест) форматынды ұсынылды.

PISA бойынша тест құрылымына тоқталар болсақ, ол негізінен оқырмандық қабілеттің үш түрінен құралады: қажетті ақпаратты тауып, мәтіндегі жалпы мәнмәтіннен ажырата білу, мәтіндегі жалпы ойды түсінгендігін көрсету, мәтіндік ақпараттың мазмұны мен формасы бойынша өз көзқарасын білдіру.

Жалпы функционалды сауаттылыққа бағытталған тест оқырмандық құзыреттіліктің алты деңгейін қамтиды. Оқырмандық құзыреттілік деңгейлері қарапайым тапсырмалардан бастап, оқушылардың ең жоғары құзыреттілігін бағалайтын күрделі тапсырмалардан тұрады.

Үлгілік тапсырмалар

1.Аралар

Ежелгі уақыттан бері адамдар балдың керемет қасиеттерін бағалады. Олар ормандағы ескі ағаштардың қуыстарынан жабайы бал жинады. Ара үйіндісінің шабуылы адам үшін қайғылы аяқталатын болған. Бірақ біртіндеп адамдар араларды үйрете бастады, қазір ара ұяларындағы омарталарда тұрады.

Аралар кейбір жөке, акация, қарақұмық сияқты гүлді өсімдіктерден қант шырынын (балшырындарды) жинайды. Олар қант шырынын жинау үшін шуақты, тыныш күндерді қалайды.

Бал – бұл аралардың қысқы тамағы. Өйткені, қыста аралар ұйықтамайды, ал бал жинайтын гүлдер жоқ. Сондықтан олар жаз бойы жұмыс істейді. Жұмыс істейтін аралар, аналық ара мен аталық аралар болып үшке бөлінеді. Жұмыс істейтін аралардың жұмысы қатаң бөлінеді: кейбіреулері «олжа» әкеледі, басқалары ара ұяшықтарын салады, үшіншілері ара ұяшықтарын тазартады, төртіншілері қанаттарымен желдеткіш сияқты, омартаны желдетеді, бесіншісі «күзетші қызметін» атқарады, алтыншысы балаңқұрттарды тамақтандырады. Аналық ара ешқандай жұмыс істемейді және үнемі күтімді қажет етеді. Жұмысшы аралар аналық араға «күтім жасайды» және ара сүтімен тамақтандырады.

Аталық ара – нағыз арамтамақ деуге болады. Ол жұмыс істейтін аралардан әлдеқайда үлкен, ол ешнәрсеге алаңдамай, қиындықсыз өмір сүреді.

Аралармен бұрыннан келе жатқан «достыққа» қарамастан, адамдар олар туралы көп нәрсені білмейді. Мысалы, омартаға оралғанда, аралар айнала – «билей» бастайтынын адамдар байқаған. Осылайша аралар бір-біріне табылған бал орындары туралы хабарлайды. Ызылдау да белгілі бір мағынаға ие, қазіргі кезде ғалымдар зерттеу барысында.

Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемді белгілеңіз.

- A. Аз мөлшердегі ара уы – құнды дәрі болып табылады.
- B. Аналық ара ұяның анасы болып есептеледі.
- C. Аралар – адамға шабуыл жасайтын жабайы аңдар.
- D. **Жұмыс араларының еңбектері қатаң бөлінген.**

Жұмысшы аралар аналық араға....

- A. алаңдамайды
- B. олжа әкеледі
- C. **күтім жасайды**
- D. балшырын жинайды

Қысқы уақытта аралар үшін бал - ...

- A. қарақұмық
- B. олжа
- C. **тамақ**
- D. дәрумен

Аналық араның істейтін жұмысы

- A. **ешқандай жұмыс істемейді**
- B. ара ұяшықтарын салады
- C. балаңқұрттарды тамақтандырады
- D. табылған бал орындары туралы хабарлайды

Е.

Төменде айтылғандардан тек жұмысшы аралар ғана істейтін жұмыс түрі?

- A. көп бал жейді
- B. уайымсыз өмір сүреді
- C. арамтамақ – жатып ішерлер
- D. ұяшықтарды тазартады**

Неліктен аралар ұяға оралып келгенде «билейді»?

- A. үйге оралғандарына қуанады
- B. адам жақындап келе жатқанын ескертеді
- C. табылған бал орындары туралы хабарлайды**
- D. басқалардың алдында жинаған балшырындарымен мақтанады

2.Байлық

Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазынам бар, соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың», – депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйдің айналасындағы жерді ертеңді - кеш еңбек етіп қазады, көп машақаттанады, бірақ әкесі айтқан қазынаны таба алмайды.

Басы дал болып, шаршап, шалдығып, ақырында, бір көп жасап, көп көрген данышпан қарияға келеді. Әкесінің насихатын, өзінің көп әуре болғанын баяндайды, ақыл сұрайды.

– Балам, сен әкеңнің өсиетіне түсінбеген екенсің, оның мәнісі былай: әкең саған мирасқа жер қалдырыпты, сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқым шашып, еңбек етсең, уақытында өнімін төкпей-шашпай жиып алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың, аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті қария.

Сонда бала басын қасып, әкесінің өзіне айтқан өсиетін енді ғана түсініп, оны орындауға кіріскен екен.

Әкесінің қалдырғаны қандай байлық ?

- A. өнер-білім
- B. тұқым
- C. алтын
- D. жер**

Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал

- A. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.

- B. Жақсы бала –сүйік, жаман бала - күйік
- C. Көз – қорқақ, қол - батыр
- D. Еңбек – ырыс бұлағы, еңбек – бақыт шырағы

Дана кісі өлерінде баласына не айтты?

- A. әңгіме
- B. өсиет
- C. жұбату
- D. өсек

Бала не үшін жер қазды?

- A. қазына іздеді
- B. егін егу үшін
- C. топырақты қопсытты
- D. ойнау үшін

3.Бір үзім нан

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгіл, нанын эзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

– Әй, кедей, сен мына бір кесек алтында ал да, маған бір үзім нан бер, – дейді.

– Жок, алтының өзіңе, нан бере алмаймын,– деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

– Алтынымның жартысын берейін, – дейді ол бұл жолы.

– Жок, бере алмаймын, деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

Бай мен кедей қаншалықты араз?

- A. Кейде амандасады, кейде амандаспайды
- B. Бір - бірінің үйіне кірмейді.
- C. Бір - бірін көргісі келмейді.
- D. Бір-бірімен салқын амандасады.

Қарны ашқан бай кедейге бір үзім нан үшін не ұсынды?

- A. мал
- B. бір қап алтын
- C. бір кесек алтын**
- D. ақша

Кедей апаттан қалай аман қалды?

- A. Байдың алтынын алып қалды
- B. Бір көмеш нанын азық қылды
- C. Өзінің төзімділігі**
- D. Аштыққа үйренген

Бай суға неге құлады?

- A. аштықтан**
- B. қорыққаннан
- C. кедеймен бір жерде болғысы келмеді
- D. ағаштың бұтағы сынып кетті

Бай мен кедей ағаштың басына не себепті көтерілді?

- A. жер сілкінісі болды
- B. су тасқыны болды**
- C. қарақшылардан қашты
- D. малға қасқырлар шапты

Мәтіннің негізгі идеясына сәйкес келетін мақал

- A. Су – ырыстың көзі, еңбек – кірістің көзі.
- B. Алтынды тот баспайды.
- C. Кедейдің қолы қысқа.
- D. Бақыт – қолға қонған құс, байлық – қолға ұстаған мұз.**

4.Әже демалып жатыр

Кішкентай Галина мектептен келді. Ол есікті ашты, анасына көңілді бірдеңе айтқысы келді. Бірақ анасы Галинаны саусағымен нұсқап, сыбырлады: «Тыныш, Галина, әжең демалып жатыр. Түні бойы ұйықтамады, жүрегі ауырды».

Галина үнсіз үстелге жақындап, портфелін қойды. Түскі асын ішіп, сабағын оқуға отырды. Әжесін оятып алмас үшін, кітапты ақырын, ішінен оқыды.

Есік ашылды да Галинаның құрбысы Оля кіріп келді. Ол қатты сөйлеп:

– «Галинка, тыңда ...», – деді. Галина анасы сияқты саусағымен нұсқап, сыбырлады: «Тыныш, Оля, әжем демалып жатыр. Ол түні бойы ұйықтамады, жүрегі ауырды».

Қыздар үстел басына жайғасып, суреттерге қарай бастады. Ал әженің жабық жатқан көзінен екі тамшы жас домалап кетті. Әжесі орнынан тұрғанда Галина:

– Әже, ұйықтап жатып неге жыладың? – деп сұрады. Әжесі жымысып күліп, Галинаны еркелетті. Оның көзінен қуанғаны көрініп тұрды.
(В.А. Сухомлинский)

Мәтін бойынша қыздың мінезі

- A. еңбекқор
- B. қырсық
- C. қамқор**
- D. батыл

Мәтін тақырыбын таңдаңыз

- A. Әже ауырып қалды
- B. Сабаққа дайындық
- C. Жақсы құрбылар
- D. Әжеге қамқорлық жасау**

Галина қандай көңіл күйде болды

- A. көңілсіз
- B. көңілді**
- C. сабырлы
- D. мұңды

4.Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал

- A. Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар.
- B. Ұйқы – тынықтырады, жұмыс – шынықтырады.
- C. Оқу – инемен құдық қазғандай.
- D. Қамқорлық – кісіліктің белгісі.**

5.Суықторғай

Суықторғай - қыста ұшып келіп, қар жамылған ағаштарға қонатын құс, шын мәнінде, қысқы табиғатқа сұлулық береді.

Суықторғай өлшемі жағынан кәдімгі торғайдай, денесінің ұзындығы шамамен 18 см. Төбесі, қанаты, құйрығы қара, мойнының үсті мен арқасы сұрғылт, бауыры (аталығында) қызғылт, ал аналығында қоңыр, сұр түсті. Тұмсығы шомбал, көлемді, қысқа, қара түсті болып келеді.

Суықторғайлар әдетте шағын үйірімен мекендейді. Алғашқы қар жауғаннан кейін, суықторғайлар туған ормандарын тастап, еліміздің барлық аймақтарына дерлік ұшып бара бастайды. Олардың суықторғай аталуы да қар

түскеннен кейін адамдар өмір сүретін елді мекендер мен қалалардың, бақтардың, саябақтардың маңында пайда болуымен байланысты болу керек.

Аяз неғұрлым күшті болса, суықторғайлар үйірі соғұрлым тыныш отырады. Кейде орнынан ұшып барып жидекті жұлып жеп, содан кейін біраз уақытқа дейін қайтадан қозғалыссыз отырады. Күні бойғы әрекеті сол. Қараңғылық түсісімен барлық үйір бұталарға немесе ағаштарға қонып, сол жерде түнейді. Олар жақсы ұшады, ағаштар мен бұталардың түбінде тез қозғалады.

Қалың тұмсығымен ол жидектердің немесе кішкентай жаңғақтардың тұқымын шағады. Суықторғайлар шетен жидектерімен, мамыргүлдің, қалақайдың тұқымдарымен, немесе бүршіктермен, сондай-ақ басқа да жемістермен қоректенеді, **оларды тұмсығымен сым кескіштер сияқты тістейді**. Шетеннің жидегін жегеннен кейін тұмсығын тазартады, себебі шетен тұқымдары оған жабысып қалады. Тұмсығын тазалау кезінде шетен тұқымдары жерге түсіп, көктемде өніп шығады.

Суықторғай – сенімді және көпшіл құс. Үйірден бір құс қақпанға түсіп қалса, қалғандары дереу құтқаруға асығады.

Суықторғайлар қалай мекендейді?

- A. жалғыз
- B. жұбымен
- C. топтасып
- D. үйірімен

Суықторғайлар қайда сұлулық береді?

- A. көктемгі табиғатқа
- B. қысқы табиғатқа
- C. жазғы табиғатқа
- D. күзгі табиғатқа

Үйірден бір суықторғай қақпанға түсіп қалса, қалғандары қайтеді?

- A. жерге қонады
- B. бұталарда отырады
- C. ағашқа қонады
- D. құтқаруға асығады

Мәтінде қарамен берілген -

- A. бейнелеу
- B. метафора
- C. салыстыру
- D. эпитет

Қатты аязда суықторғайлар

- A. ағаштан ағашқа ұшады

В. ағашта қозалмай отырады

С. жорғалап жүреді

D. жерге түседі

Мәтінге сәйкес келетін мақал

A. қыста қысыл, жазда жадыра

B. Бірі - барлығы үшін, барлығы - бірі үшін

C. Әр құс өз ұясын жақсы көреді

D. Құс патшасы – бүркіт, аң патшасы – арыстан

6. Арман жігерлі бала

Тапсырма нұсқаулығы: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Арман күш-жігерлі бала болып өсті. Барлық балалар одан қорқатын. Қорықпауға амал бар ма? Ол жолдастарын ұрып-соғып, қыздарды айырсадақпен ататын. Ақтөс атты күшігінің құйрығын басып, мысығының мұртын жұлып, кішкентай кірпіні төсек астына қуып, тіпті өзінің әжесіне дәрекі сөйлейтін. Арман ешкімнен қорықпайтын және осы қылығын өте мақтан тұтты.

Ұлдар Арманмен ойнамайтын болды. Ол қыздарға барып еді, бірақ олар теріс бұрылды. Арман Ақтөс атты күшігіне жақындап ойнағысы келді, күшік көшеге қарай қашып кетті. Ол енді мысығымен ойнағысы келді. Мысық Арманнан қашып, шкафтың ішіне кіріп кетті. Диванның астынан кірпіні шығаруға тырысты, еш нәрсе шықпады. Кірпі басқа үйге көшіп кеткен еді. Арман әжесіне жақындады, ол немересіне мүлдем назар аудармады. Бөлменің бір бұрышында жарма сұрыптап, көздерінен аққан жас тамшыларын сүртіп отыра берді. Арман үшін аспанға қара бұлт төнгендей болды. Арман жападан жалғыз қалды.

Арман неге жалғыз қалды?

A. Арман жалғыз жүргенді ұнататын.

B. Арман жалғыздықпен өзін сынап көрді.

C. Әжесі Арманды үйге қамап қойды.

D. Арман бәрінің мазасын алып, дәрекі мінезін көрсетті**Арман нені мақтан тұтты?****A. Ешкімнен қорықпауды**

B. Жалғыз қалғанын

C. Жігерлі болуды

D. Әжесіне дәрекі мінезін көрсетуді

Әжесі Арманға не үшін ренжіді?

- A. Арман серуеннен үйге кеш келетін.
- B. Арман үй шаруасына көмектеспейтін.
- C. **Арман әжесіне жиі дөрекі мінезін көрсететін**
- D. Арман кішкентай кірпіні үйден қуып шыққан.

Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал

- A. Досы көпті жау алмайды
- B. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады
- C. **Жақсы мінез – сүйінтер, жаман мінез – күйінтер**
- D. Бала – қымбат, немере – ыстық

Білім алушылар оқылым мен жазылым дағдысында оқу мақсаттарымен жұмыс жасағанда тұтас және аралас мәтіндермен жұмыс жасауды үйренеді. Кесте, диаграмма, сызба, сурет үлгісіндегі мәтіндерді салыстыруды меңгереді, тілдік құралдарды таниды, публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін біледі. Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдай алу арқылы мәтінді түсінуді үйренеді. Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректермен үзексіз жұмыс жүргізу арқылы нақты дәлелдер келтіруді түсінеді. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақтап, рефлексия жасауды үйренеді. Мәтіндегі стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасауды, редакциялауды меңгереді. Білім алушыларға оқылым мен жазылым дағдыларын меңгерту үшін оқу мақсаттарымен жүйелі жұмысты жасау қажет. Күнделікті дәрісте мына оқу мақсаттары білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға дайындайды.

«8.2.1.1. тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру», «8.2.2.1. публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану», «8.2.4.1. тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау», «8.2.5.1. перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру», «8.2.7.1. ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау», «8.3.1.1. тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру», «8.3.3.1. мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу», «8.3.5.1. оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу»,

«8.3.6.1. БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау».

Яғни, осы оқу мақсаттарына қол жеткізетін тапсырма үлгілерін төмендегідей ұсынуға болады.

Үлгілік тапсырмалар

Қазба отын

Көптеген электр станциялары көміртек негізіндегі отынды жағып, көмірқышқыл газын (CO₂) бөледі. Атмосфераға шығатын CO₂ жаһандық климатқа теріс әсерін тигізеді. Инженерлер атмосфераға шығатын CO₂ мөлшерін азайту үшін әр түрлі стратегиялар пайдаланды.

Мұндай бір стратегия қазба отынның орнына биоотынды жағуды көздейді. Қазба отын түрлері әлдеқашан өлген ағзалардан шықса, ал биоотын жуыр арада өмір сүріп, өліп қалған өсімдіктерден шығады.


Басқа бір стратегия электр станцияларынан бөлінетін CO₂ бөлігін ұстап, оны жердің терең түбіне немесе мұхитта сақтауды көздейді. Бұл стратегия көміртекті ұстау және сақтау деп аталады.

ҚАЗБА ОТЫН

Көптеген электр станциялары көміртек негізіндегі отынды жағып, көмірқышқыл газын (CO₂) бөледі. Атмосфераға шығатын CO₂ жаһандық климатқа теріс әсерін тигізеді. Инженерлер атмосфераға шығатын CO₂ мөлшерін азайту үшін әр түрлі стратегиялар пайдаланды.

Мұндай бір стратегия қазба отынның орнына биоотынды жағуды көздейді. Қазба отын түрлері әлдеқашан өлген ағзалардан шықса, ал биоотын жуыр арада өмір сүріп, өліп қалған өсімдіктерден шығады.

Басқа бір стратегия электр станцияларынан бөлінетін CO₂ бөлігін ұстап, оны жердің терең түбіне немесе мұхитта сақтауды көздейді. Бұл стратегия көміртекті ұстау және сақтау деп аталады.



1-тапсырма

Сұраққа жауап нұсқасын таңдаңыз.

Биоотынды пайдалану атмосферадағы CO₂ деңгейлеріне қазба отынды пайдаланған кездегідей әсер етпейді. Төмендегі пікірлердің қайсысы мұның себебін жақсы түсіндіреді?

- A) Биоотын жанып жатқан кезде, CO₂ газын бөлмейді
- B) Биоотынды өндіру үшін пайдаланалатын өсімдіктер өскен кезде, атмосферадан CO₂ газын жұтады.
- C) Олар жанып тұрған кезде, биоотын атмосферадан CO₂ газын сіңіреді
- D) Биоотынды пайдаланатын электр станцияларын шығатын CO₂ қазба отынды пайдаланады

Дұрыс жауап: Оқушылар не себепті өсімдік биоотынын пайдалану атмосферадағы CO₂ деңгейлеріне қазба отынды жаққан кездегідей әсер етпейтінін түсіндіру үшін, тиісті ғылыми білімін пайдалануы тиіс. Екінші нұсқа дұрыс жауап болып табылады: Биоотынды өндіру үшін пайдаланылатын өсімдіктер өскен кезде, атмосферадан CO₂ газын жұтады.

2-тапсырма

Сұраққа өз жауаптарыңызды жазыңыз.

Қоршаған орта үшін биоотынның басымдықтарына қарамастан, әлі күнге дейін жер-жерде қазба отындарды пайдаланады. Келесі кестеде этанол мен мұнай жанған кезде бөлінетін энергия мен CO₂ салыстырылады. Мұнай қазба отын, ал этанол биоотын болып табылады.

1.Кестеге сәйкес, мұнай мен этанолдың бағасы бірдей болса да, неге әлдекім этанолдың орнына мұнайды пайдалануды жөн көреді?

2.Кестеге сәйкес, мұнайдың орнына этанолды пайдаланудың экологиялық басымдықтары қандай?


Дұрыс жауап: Элемент оқушылардан мұнай мен этанолды отын ретінде салыстыру үшін, кестеде берілген деректерді талдауды сұрайды. Оқушылар

адамдардың мұнай бірдей бағада көбірек энергия бөлетіндіктен, этанол орнына мұнайды пайдаланғанды жөн көретінін, және этанол көмірқышқыл газын азырақ шығаратындықтан, мұнаймен салыстырғанда экологиялық басымдыққа ие екенін анықтауы керек.

3-тапсырма

Сұраққа өз жауабыңызды жазыңыз.

CO₂ мұхитта сақталуының ұзақ мерзімді тиімділігіне тереңдіктің қалай әсер ететінін түсіндіріңіз. Ол үшін графиктегі деректерді пайдаланыңыз



сақтау, мұхиттың аса терең емес жеріне сақтаумен салыстырғанда, уақыт өте келе ұстау көрсеткіштерінің жақсаруына әкеледі деген тұжырымды жалпылайтын түсіндірме беру үшін, графикте берілген деректерді түсіндіруі керек.

АРАЛАР


Тапсырма. *Осы және келесі бетте көрсетілген ақпарат аралар туралы буклеттен алынды. Сұрақтарға жауап беру үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.*

Шірне жинау

Аралар өмір сүру үшін бал жасайды. Олар үшін бұл басты тамақ. Егер омартада 60,000-ға жуық ара болса, олардың үштен бір бөлігі шірне жинайды, ал одан омартадағы аралар бал жасайды. Аралардың шағын мөлшері жинаушы немесе іздеуші ретінде жұмыс жасайды. Олар шірненің көзін іздейді, одан кейін омартасына қайтып, ол туралы басқа араларға айтады.

Жинаушылар би арқылы басқа араларға шірненің көзі орналасқан жер туралы білуге көмектеседі, сол би арқылы аралар ұшып өтетін бағыт пен қашықтықты түсінеді. Осы би кезінде аралар, 8-суретте көрсетілгендей, іштерімен бір жақтан екінші жаққа қарай қозғалып, шеңбер болып айналады. Бидің реті тура келесі суреттегідей болады.

Суретте бал ұясының тік жағында омартаның ішіндегі аралардың биі



көрсетілген. Егер суреттің ортаңғы бөлігі жоғары қарай нұсқаса, онда бұл аралар күн жаққа қарай ұшса, тамағын таба алады дегенді білдіреді. Егер суреттің ортаңғы бөлігі оң жақты нұсқаса, онда тамақ күннен оңға қарай орналасқан дегенді білдіреді. Аралар іштерімен қозғалатын уақыттың ұзақтығы тамақтың омартадан бастап орналасқан қашықтықты көрсетеді. Егер тамақ жақын жерде болмаса, онда ара гүлдің ішін біраз уақыт қозғайды.

Бал жасау

Аралар омартаға шірнемен ұшып келгенде, олар оны омартадағы араларға береді. Омартадағы аралар шірнені омартаның жылы және құрғақ ауасының әсеріне ұшыратып, төменгі жақтарымен жылжытады. Жиналған шірненің құрамында 80% сумен араласқан минералдар мен қант болады. 10-20 минуттан кейін, артық су буға айналып кеткен кезде, омартадағы аралар шірнені бал ұясының ұяшығына қояды, онда булану үдерісі жалғасады. Үш күннен кейін ұяшықтағы балдың құрамында шамамен 20% су болады. Бұл уақытта аралар ұяшықтарын балауыздан жасалған қақпақтармен жауып қояды.

Әдетте, аралар шірнені бір типті гүлдерден және бір жерден жинайды. Шірненің негізгі қайнар көздері жеміс ағаштары, беде және гүлденген ағаштар болып табылады.

1-сұрақ.

Аралар биі не үшін қажет?

- A. Балдың табысты дайындалғанын атап өту үшін.
- B. Жинаушылар тапқан өсімдіктің түрін көрсету үшін.
- C. Жаңа ұрғашы араның тууын атап өту үшін.
- D. Жинаушылар тапқан тамақтың қайда екенін көрсету үшін.

2-сұрақ .Шірненің негізгі үш көзін жазыңыз.

1. _____

2. _____

3. _____

Дұрыс жауап: Сұрақтың мақсаты: ақпарат алу
Жеміс ағаштары ,беде, гүлденген ағаштар, ағаштар, гүлдер

3-сұрақ. Шірне мен балдың арасындағы негізгі айырмашылық қандай?

- A. Заттың құрамындағы судың мөлшері.
- B. Заттағы қанттың минералдарға қатынасы.
- C. Зат алынатын өсімдіктің түрі.
- D. Затты өңдейтін аралардың түрі.

Дұрыс жауап: A.

4-сұрақ. Жинаушылар би арқылы басқа араларға шірненің көзі орналасқан жер туралы қандай ақпараттар береді.

Дұрыс жауап:

- 1.Тамағын таба алады
- 2.Тамақ күннен оңға қарай орналасқан дегенді білдіреді.
- 3.Тамақтың омартадан бастап орналасқан қашықтықты көрсетеді.
- 4. Тамақ жақын жерде орналаспағанын білдіреді

Тапсырма мәтіні

Плагиат туралы

Диссертациялар, эссе және басқа да жазбаша жұмыстар тыңдаушылардың авторлық жұмыстары ретінде қарастырылады.

Плагиат – бөтен мәтінді толығымен немесе материалдар бөлігінде немесе басқа автордың әдеби немесе ғылыми туындысын иемдену, шығарма үзінділерін өз еңбегінде авторын көрсетпей пайдалану– елеулі этикалық теріс қылық болып табылады және академиялық, тәртіптік шараларды қолдануға әкеледі.

Жазбаша жұмыстарында өзгелердің мәтіндері мен деректерін алып, пайдалануға барлық дереккөздер көрсетілген жағдайда жол беріледі. Тиісті дереккөздерге сілтемелердің болмауы немесе басқалардың материалдарын

пайдалану кезінде дәйексөз ережелерін сақтамау жұмысты орындаған тыңдаушының авторлығына қатысты қате пікірге әкеп соқтыруы мүмкін. Бөтен жұмысты сөзбе-сөз дәйектеусөздеу қажет болған жағдайда, пайдаланылған мәтін тырнақшаға алынып, алынған дереккөзге сілтеме жасалуы тиіс. Сондай-ақ басқа автордың мәтінін жеке абзацта тырнақшасыз, бірақ дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасай отырып бөліп көрсетуге болады.

Парафраз – бөтен ойды, идеяларды немесе мәтінді өз сөздерімен қайта айтып беру. Парафраз кез келген жарияланған дереккөзден алынған бөтен мәтінді пайдалану кезінде сөздерді, фразеологиялық айналымдарды немесе сөйлемдерді алмастыру. Бөтен мәтіннің кез келген парафразы дереккөзге сілтеме жасалу арқылы берілуі тиіс. Сондай-ақ бір немесе одан да көп дереккөздерден бірнеше парафраз алыну арқылы өз мәтінін жазуға, оларды жеке сөзбен немесе тіпті сөйлемдермен біріктіріп немесе түпнұсқадағы жекелеген сөздерді алмастыра отырып қолдануға жол берілмейді. Парафражды пайдалану бөтен материалдарға шамадан тыс тәуелділікті көрсетеді және плагиат ретінде қарастырылады.

Тыңдаушылар сілтеме жасайтын әдеби және өзге де дереккөздер библиографиялық тізімде көрсетілуі тиіс. Библиографиялық тізім жазбаша жұмыстың соңында орналастырылады және белгіленген талаптар мен библиографиялық сипаттаманың ережелеріне сәйкес ресімделеді.

Плагиат ретінде авторға (авторларға) сілтемесіз өз атымен берілген мәтіндер/ақпарат жатады, атап айтқанда:

- бөтен мәтінді пайдалану жағдайлары (толық немесе ішінара);
- бөтен жұмыстың перефразы (қайта айтып беру) ;
- кез келген басылымда жарияланған материалдардан (кітаптар, жазбаша есептер, мерзімді баспасөздегі және ғылыми еңбектер мен т. б. жинақтардағы мақалалар), сол сияқты кез келген басқа дереккөздерден, оның ішінде басқа тыңдаушылардың жазбаша немесе өзге де жұмыстарынан алу жағдайлары;
- электрондық тасығыштардағы ақпарат материалдарын пайдалану (мысалы, интернет желісіндегі сайттардан, электрондық деректер базаларынан және т.б.).

Тыңдаушыларға сонымен қатар, әр түрлі жұмыс ретінде бірдей жұмыстарды тапсыруға тыйым салынады. Бұл жағдайлар да плагиат болып саналады. Сонымен қатар, өз жұмыстарынан мәтінді (мәтін бөлігін) бастапқы дереккөздерге сілтемесіз өзінің басқа жұмыстарында тікелей пайдалану плагиат ретінде қарастырылады.

Тыңдаушылардың жұмыстарынан плагиаттың табылуы академиялық талаптарымен үйлеспейтін теріс қылық ретінде тыңдаушылар қатарынан шығарылуға дейін тәртіптік академиялық жауапкершілікке әкеледі.

Даулы мәселелерді шешу және тыңдаушылардың апелляцияларын қарау үшін деканның немесе ректордың шешімі бойынша апелляциялық комиссия құрылуы мүмкін.

Тыңдаушылар оқу жылының басында плагиат үшін жауапкершілік туралы жазбаша мәлімдемеге қол қояды, қол қою арқылы танысқандары туралы

және олардың жазбаша жұмыстарындағы плагиат анықталған жағдайда оның салдарының неге әкелетіндігін түсінетіндіктері туралы куәландырады.

*Оқу процесін ұйымдастыру туралы Ережеге қосымша/
Білім беру саласындағы менеджмент факультеті тыңдаушысының
анықтамасы*

2002/2003 оқу жылы. – М.: МВШСЭН, 2002

Плагиат (*лат.plagium* — ұрлау, ұрлық) — басқа автордың әдеби немесе ғылыми туындысын иемдену, шығарма үзінділерін өз еңбегінде авторын көрсетпей пайдалану.

1-тапсырма.

Плагиат сөзі еуропалық тілдерден алынған, оның ішінде орыс тілінде де латын тілінен алынған. Бұл сөз латын тілінде нені білдіреді?

- A. Әдеби ұрлық.
- B. Ұрлау.**
- C. Бөтен мәтінді пайдалану.
- D. Этикалық теріс қылық.

2-тапсырма.

Яна менеджмент факультетінде оқиды. Ол барлық тыңдаушылар сияқты плагиат үшін жауапкершілік туралы мәлімдемеге қол қойды. Оған оқу пәндерінің бірі бойынша жазбаша жұмыс тапсыру керек. Журналдардың бірінде ол өзінің жазбаша жұмысының тақырыбы бойынша өте қызықты мақала тапты. Ол өз жұмысында осы мақаланың фрагментін өз сөзімен айту арқылы пайдалана ала ма?

- A.Иә.
- B.Жоқ.**

3-тапсырма.

С. И. Ожегов пен Н. Ю. Шведованың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «*компиляция*» деген сөзге былай деп анықтама береді: «*бөтен зерттеулердің нәтижелерін, идеяларын дереккөздерді өз бетінше өңдемей тұрып, біріктіру, сондай-ақ осындай әдіспен жасалған жұмыстың өзі*».

Сіз оқыған құжатта «компиляция» сөзі жоқ. Осы оқу орнының ережелері бойынша өз жұмысын компиляция әдісімен жасаған тыңдаушы жазалана ма? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

4-тапсырма.

Интернетте дайын шығармаларды, рефераттарды және т. б. ұсынатын көптеген сайттарды таба аласыз.

Мұнда әдебиеттен еліміздің түкпір-түкпірінен оқушылар жазған 6300-ден астам шығарма жинақталған. ALLSoch.ru шығармалар жинағы Рунеттегі ең жаңартылған және ең танымал жинақ болып табылады, біздің мұрағатқа оқушылардың бірнеше буындары өз үлестерін қосты, сіздерден біздің топтамамызға өз жұмыстарыңызды қосуларыңызды сұраймыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Егер сіз бұл жұмысты мектеп шығармасын жазу үшін пайдалансаңыз және сыныпта бірнеше бірдей жұмыстың болуын қаламасаңыз, келесі форманы толтырыңыз:

Сіздің есіміңіз:	
Сіздің e-mail:	
Қала:	
Мектеп:	
Сынып:	

Түгелімен көшіріп алдым:
Жұмыстың кейбір бөлігін пайдаландым:

Тоғызыншы сынып оқушысы Саша шығарманы ішінара пайдаланды. Ол бұнда тұрған ештеңе жоқ, мұндай пайдалану плагиат немесе ұрлық деп аталмайды, себебі авторлар өз жұмыстарын «көшіруге» өздері ұсынады деп санайды.

«Плагиат туралы» құжаттың авторлары Сашамен келісе ме?

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз:

5-тапсырма.

Кез келген адамға бөтен адамның заттарын алуға болмайтыны түсінікті. Тіпті ЖОО студентіне де. Бұл қарапайым ереженің зияткерлік жұмыстарға қолданылмайтыны түсініксіз. Интернеттің кез келген деңгейдегі мәтіндерінің шексіз қоры оқытушылар үшін нағыз азапқа айналды. Мен жақында жастарды - жоғары курс студенттерін, аспиранттарды және жаңадан бастаған оқытушыларды белгілі мәскеулік жоғары оқу орны өткізетін жазғы мектепке қатыстыру үшін іріктеп алдым. Бұл мектепке қатысушыларға жол жүру және тұрғын үйді жалдау ақысы төленеді, олардың алдында белгілі экономистер мен саясаткерлер сөз сөйлейді, сондықтан байқау өте күрделі болып табылады. Байқау шарты бойынша, екі ұсынымхат пен осы жылдың тақырыбы – Ресейдің бәсекеге қабілеттілігі туралы шағын эссе жіберу керек

еді. Сонымен не болды деп ойлайсыз? Әрине, интернеттің астаналық ең үздік жоғары оқу орындарында да, шалғай мекендерде де болуы қуантарлық жағдай. < . > Эссенің тексерілуі - бұл байқау болғандықтан, тексеруші қатысушының эссені қаншалықты өзі жазғандығын анықтауға бағытталады. Әрине, бұл жерде көңіліңді көтеретін жағдайлар да бар. Әсіресе, біреу сенің жазған мақалаңнан түгел бір параграфты қамтитын рефератты жүктеп алған кезде кеудеңді нағыз мақтаныш сезімі кернейді. Әрине, бұл жерде авторлық туралы немесе сілтеме болуы туралы айтудың тіпті керегі жоқ, дегенмен өз мақалаңдағы таныс жолдарды қайталап оқу көңіліңді көтереді. Кейде «ағымдағы 1994 жылы» немесе «Президент Клинтонның келесі сапарын дайындау кезінде пайдаланылатын болады» деген сөйлемдерді оқығанда күлкің келеді.

Әрине, бұл күлкілі емес, мұңлы жағдай. Жазылған эсселер арасында, егер мен оларды ұрланған деп атасам, ешкімді ренжітпейтін шығармын – жас оқытушылар да, аймақтық байқаулардың лауреаттары да, түрлі беделді қорлардың стипендиаттары да бар. Егер қатысушылардың ғылыми жетекшілері мен олар жеңіп алған байқаулардың қазылар алқасы байқау жұмыстарын кішкене болса да мұқият оқыса (егер сіз бұл ресурстарды пайдалану үшін қандай да бір күрделі бағдарламаларды қолдану керек деп ойлайтын болсаңыз, қателесесіз, бұл жерде кәдімгі қарапайым іздеу жүйесі тамаша көмектеседі) бұл байқаулар мен стипендияларды дереккөздермен адал жұмыс жасайтын басқа балалар жеңіп алар еді. Алайда басты проблема бұл емес, мәселе нағыз авторлардың өз ғылыми жұмыстары мен курс дәрістерін еркін қолжетімді болуы үшін көпшілікке жарияламауынан туындап отыр. Бұл экономиканың барлық басқа салаларында меншік құқығын қорғаумен бірдей: егер адам оның еңбегі мен талантының жемісін басқа біреу пайдалана алады деп қауіптенсе, ол бұған аз күш салады. Соттар жақсы жұмыс істейтін және келісім-шарттар орындалатын елдер меншік құқығы нашар қорғалған елдерден әлдеқайда жылдам өсіп келе жатқаны таңқаларлық жағдай емес.

Константин Сонин, Ресей экономикалық мектебінің профессоры

Огонек, 2004. №24 (14-20 маусым). С. 30

Жауап парағы және бағалау үшін ұсыныстар

1-тапсырма

Қызметі: ақпаратты іздеу.

Күрделілік деңгейі: 1.

1 балл – В жауабы.

0 балл – басқа жауаптар.

2-тапсырма

Қызметі: ақпаратты іздеу, салыстыру.

Күрделілік деңгейі: 2.

Бұл тапсырма алдыңғы тапсырмаға ұқсағанмен, одан қиынырақ. Тапсырманың күрделілігі: жауаптардың нұсқалары қысқартылған ,(үзілді-кесілді) түрде берілген: иә/жоқ. Яғни, нақты түрде жауап беру керек: мақала материалдарын қолдануға болады немесе мүмкін емес. Пайдалану шарттары туралы сұрақ қойылмайды.

1 балл – А жауабы немесе *егер ол иә деген жауапқа сілтеме жасаса.*

0 балл -басқа жауаптар.

3-тапсырма

Қызметі: ақпаратты іздеу, салыстыру.

Күрделілік деңгейі: 2.

1 балл –*иә* жауабы

0 балл – *жоқ* жауабы

Қосымша (1) балл келтірілген аргументке қойылады.

4-тапсырма

Қызметі: ақпаратты іздеу, салыстыру.

Күрделілік деңгейі: 2.

Тапсырма алдыңғы сияқты, айырмашылығы тек ақпарат көздерінде.

1 балл- *жоқ* жауабы

0 балл- *иә* жауабы

Қосымша (1) балл келтірілген аргументке қойылады.

5-тапсырма

Қызметі: авторлық көзқарасты анықтау.

Күрделілік деңгейі: 2.

Тапсырманың күрделілігі - А, В, С жауаптары мәтіннің өзінен алынған. Тек мәтінде жауаппен сәйкес келетін тұжырымды табу ғана емес, автордың астарлы ирониясын түсіне білу керек,.

1 балл –С жауабы

0 балл – басқа жауаптар.

6 тапсырма

Қызметі: ақпаратты іздеу, салыстыру.

Күрделілік деңгейі: 2.

2 балл – шығармалардың екі бөлігінен дұрыс табылған «эпизодтар» :

Шығарма толығымен көшіріліп алынған, яғни қандай да бір өзгерістер жоқ, оның ішінде сыныптастарының тегі, аты-жөні мен олардың әуесқойлықтары да сол күйінде берілген . Мұндай сәйкестік болуы мүмкін емес.

1 балл-ұсынылған үзінділердің бірінде дұрыс табылған «эпизодтар».

0 балл- «эпизодтар» табылмаған немесе дұрыс табылмаған.

Берілген екі мәтінге салыстырмалы талдау жасаңыздар. Мәтінді кесте бойынша ретімен талдаңыздар

А мәтіні

Роботтар сайлау науқанының көрігін қыздырды

Алдағы келе жатқан халық қалаулыларын сайлау науқанына орай Алматының Арбатында ерекше акция өтті. Халықаралық ІТ университетінің студенттері жасаған роботтар қала тұрғындарын сайлауға шақырды.

Роботтарды құрастырған студенттер оларға «Шолпан» және «Арман» деген атау берген. Олар Арбат маңынан өтіп бара жатқандарды алдағы сайлау науқаны туралы құлақтандырды. Ал студенттер Segway-мен көше бойын аралап, сайлауға шақыру қағаздарын таратты. Роботтар алматылықтардың ерекше қызығушылығын тудырғанын айта кету керек. Олардың қасына жақын келіп, суретке түскісі келгендердің қатары көп болды.

Айтпақшы, роботтар таратқан шақыру қағаздарында тұрғындардың сайлау учаскелері туралы ақпарат алуына мүмкіндік беретін QR-код жапсырылған. Бұл туралы шараның ұйымдастырушысы, «Еріктілер лигасы» қоғамдық қорының өкілі Диана Оспанова мәлімдеді. «Бүгін біз әкімдіктің қолдауымен алматылықтарды тағы бір мәрте таңғалдыруға шешім қабылдадық. Қаланың әр бөлігінде мобильдік топтар Segway-мен өтіп бара жатқандарға шақырту таратып жүр. Сонымен қатар бұл акцияға роботтар белсенді араласты. Көріп тұрғандарыңыздай, алматылықтар таңғалысып, күлімдеп біздің «Шолпан» мен «Арманнан» шақыртуларды алып жатыр. Айтпақшы, таратылып жатқан шақыртуларда арнайы QR-код бар. Смартфоны бар кез келген адам еш қиналмастан ЖСН арқылы өзінің сайлау учаскесі туралы толық мағлұмат беретін сайтқа кіре алады», – деді Д. Оспанова.

<https://turkystan.kz/article/2646-robottar-sajlau-naukanynyn-corigin-kyzdyrды/>

Ә мәтіні

Жаңа технология тарихымызбен таныстырады

ҚР ұлттық мұражайында енгізілген «Online-ticket», «QR-код» және «Audio-гид» жүйелерінің таныстырылымы өтті.

Еліміздегі заманауи жаңа технологиямен жабдықталған бірегей мұражай – ұлттық музей деп айтуға енді толық негіз бар. Бұған дейін мұражайға келушілер экскурсия жүргізушілерге тәуелді еді. Бүгінгі таңда кез келген азамат мұражайдағы аудио-гид қызметін пайдалана отырып, өз бетінше барлық экспонаттармен толық таныса алады. Аудио-гид үш тілде, яғни қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде ақпарат береді.

Сондай-ақ, мұражайдың әр жәдігерінің тұсында QR-кодтар орналастырылды. Бұл кодтарды планшет, смартфон, айфон секілді

гаджеттердегі арнайы бағдарламамен сканерлеп, экспонаттар туралы толық мағлұмат алуға болады. Таңдаған үш тілдің (қазақ, ағылшын және орыс) бірінде жәдігер туралы ақпарат мобильдік құрылғының экранына шығады.

Бұған қоса, ұлттық мұражай келушілерге қызметтің жаңа түрі – «Online-ticket» жүйесін енгізді. Қазақстанның кез келген аймағынан музей сайтына кіріп, онлайн тәсілімен билет сатып алуға болады. Бұл келушінің уақытын үнемдеп, қолайлы жағдай туғызады.

«Дамыған отыз елдің қатарына енуді көздеген мемлекетімізде әрбір мекеме әлемдік стандарттарға сәйкес жұмыс ұйымдастыруға талпыну қажет. Біз интернет арқылы онлайн режимде билет алу мәселесін ұйымдастырдық. Бұл жүйе астаналық драма театрында бар және бүгінде біздің мұражайға орнатылды. Мәдениет саласы экономика мен әлеуметтік өмірге көп әсер ететін ресурс болғандықтан ұлттық мұражайды жаңа заманауи технологиялармен жетілдіру арқылы тарихымыз бен құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек. Бұл тек елдік рухымызды оятып қана қоймай, еліміздің әлем аренасындағы абыройын арттырады», – деді ұлттық мұражайының директоры Дархан Мыңбай.

Гүлжанат ӘБДИМОМЫНОВА

<http://e-history.kz/kz/publications/view/1266>

1.Мәтінге тақырыптық-идеялық жағынан талдау жасау		
А мәтіні		Ә мәтіні
Роботтардың сайлау науқанынын өткізуі	тақырыбы,	Ұлттық мұражайдың жаңа заманауи технологиялармен жетілдірілуі
Жаңа технологияның озық жетістігін көрсету	идеясы,	Жаңа технологияның озық жетістігін көрсету
Баяндау	мақсаты,	Баяндау
Халықаралық ІТ университетінің студенттері жасаған роботтар қала тұрғындарын сайлауға шақыруы туралы	мазмұны,	Бүгінгі таңда кез келген азамат мұражайдағы аудио-гид қызметін пайдалана отырып, өз бетінше барлық экспонаттармен толық таныса алатыны туралы
Қалың көпшілікке	аудиториясы	Мұражайға келушілерге және көпшілікке арналған
2.Мәтінге стилистикалық-композициялық талдау жасау		
А мәтіні		Ә мәтіні
Тұтас мәтін	формасы,	Тұтас мәтін
Мақала	жанры,	Мақала
Публицистикалық стиль	стилі,	Публицистикалық стиль
Баяндау	түрі,	Баяндау

Мәтін 3 абзацтан тұрады	құрылымы	Мәтін 2 абзацтан тұрады
3.Мәтінге тілдік-эстетикалық тұрғыда талдау жүргізу		
А мәтіні		Ә мәтіні
QR-код ,Segway-мен сияқты халықаралық терминдерді қолданған	тілдік қолданыстар,	«Online-ticket», «QR-код» және «Audio-гид» сияқты халықаралық терминдерді қолданған
Суретке түскісі келгендердің қатары көп болды. «Шолпан» мен «Арманнан» шақыртуларды алып жатыр.	интонация,	Еліміздің әлем аренасындағы абыройын арттырады, құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек.
	сөз тіркестері,	
Жай сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер	сөйлем құрылымы,	Жай сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, төл сөз т.б
Роботтар қала тұрғындарын сайлауға шақырды, суретке түскісі келгендердің қатары көп, QR-код жапсырылған.	абзац аралық байланыс	Таныстырылымы өтті, QR-кодтар орналастырылды, біздің мұражайға орнатылды, құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек.

Ұрланған ат

Бір шаруаның әдемі аты бар еді. Ол өзінің атын жақсы көретін. Көп уақытын атымен бірге өткізуші еді. Атының басын сипайтын. Оның жүрісіне, тұрысына сүйсіне қарап тұратын.

Бір күні бір ұры қораға кіріп, атты ұрлайды. Шаруа атының ұрланғанына қатты қайғырады, содан кейін басқа ат сатып алу үшін қалаға келеді. Базарда аралап жүріп, өзінің атын көреді. Аттың ер тоқымы ауыстырылып, сатуға шығарылған еді. Шаруа аттың тізгінінен ұстап, қатты дауыстап:

– Бұл ат – менің атым, үш күн бұрын ұрланды,– дейді. Сатушы салқынқанды дауыспен:

– Қателесіп тұрсың, мырза. Бұл ат менікі. Бірнеше жылдан бері пайдаланып келе жатырмын,– дейді. Ақылды шаруа осы кезде атының екі көзін алақандарымен жауып:

– Егер ат сенікі болса, кәне, қай көзінің көрмейтінін айтшы,– дейді.

– Бұны білмейтін несі бар. Сол көзі көрмейді,- деді сатушы.

– Өкінішке қарай, білмедіңіз, – дейді шаруа. Сатушы жаңылысқан сияқты:

– Жоқ, мен оң көзі көрмейді деп айтпақшы болғанмын. Қаншама жыл өсірген атымды білмеуші ме едім? – дейді. Шаруа атының көздерін ашып:

– Сен өтірікшісің. Оның үстіне ұрысың. Ей, халайық, қараңдар! Аттың екі көзі де сау, - дейді айғайлап. Осы кезде шаруаның төңірегіне адамдар жинала бастайды. Шаруаның ақылды ісіне барлығы қайран қалды. Шаруа сүйікті атымен табысып, ал ұры қамалады. Шаруа өз атын алып үйіне қайтады.

1-тапсырма.

Мәтінді оқыңыз. Түсініңіз.

Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін көрсетіңіз.

1. Шаруа базарда аралап жүріп, өзінің атын көреді.
2. Шаруаның ақылды ісіне барлығы қайран қалды.
3. Бір күні бір ұры қораға кіріп, атты ұрлайды.
4. Сатушы қателеседі.
5. Бір шаруаның әдемі аты бар еді.
6. Шаруа сатушыдан аттың қай көзі көрмейтінін сұрайды.
7. Шаруа атының ұрланғанына қатты қайғырады.
8. Аттың ер тоқымы ауыстырылып, сатуға шығарылған еді.
9. Сатушы сол көзі көрмейтінін айтады.

2. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс (+) және дұрыс емес (-) сөйлемдерді белгілеңіз.

	Сөйлемдер	Дұрыс	Дұрыс емес
	Бір шаруаның екі әдемі аты бар еді.		
	Ол өзінің атын жақсы көретін.		
	Бір күні бір ұры қораға кіріп, атты ұрлайды.		
	Шаруа атының ұрланғанына қатты қуанады.		
	Базарда аралап жүріп, өзінің атын көреді.		
	Шаруа өз атын танымай қалады.		
	Аттың ер тоқымы ауыстырылып, сатуға шығарылған еді.		
	Сатушыдан аттың қай көзі көрмейтінін сұрайды.		
	Сатушы аттың екі көзі де көрмейтінін айтады.		
	Шаруаның ақылды ісіне барлығы қайран қалды.		
	Шаруа өз атын алып үйіне қайтады.		

1. Қалай ойлайсыз осы оқиға бойынша қандай мәтел айтуға болады? Жауабыңызды осы әңгімемен байланыстырыңыз. Ақылды адам қор болады ма?

**Оқу сауаттылығы бойынша жүргізілетін
мәтіндік тапсырмалардың негіздемесі**

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сiңiруге негiзделген тапсырмалар ұсыну керек. Білім алушылардың оқылым мен жазылым тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы функционалдық сауаттылығын арттырады:

- басқарушылық дағдыны қалыптастыруға негізделген мәтіндер проблеманы шешу қабілетін арттырады.

- ақпараттық мәтіндер өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отырды, сол арқылы танымдық қабілетін ұштауға жәрдемдеседі.

- коммуникативтік дағдыға негізделген мәтіндер оқушылардың ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау мәдениетін арттыруға тиімді.

- әлеуметтік мәтіндер қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілетін арттырады.

- тұлғалық қабілетті дамытушы мәтіндер оқушының өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игертеді, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтайды, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болуды үйретеді.

- азаматтық дағдыларды қалыптастыратын мәтіндер арқылы білім алушы қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінеді.

- технологиялық мәтіндер мазмұны арқылы әр оқушы өзіне ұнайтын өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануды, тануды үйренеді.

PISA зерттеуіндегі дайындық тапсырмалары оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдандым. Осы сабақта білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуға тиімді. Бұл тапсырмалар оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Жалпы бұл тапсырмалар оқушының жағдаяттық, мәтіндік, аспекттік дағдыларын жетілдіру үшін жасалған. Мысалы:

1.Жағдай. Жағдайдың санаттары: жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдалану үшін оқу (қоғамдық), жұмыс жасау үшін оқу және оқыту үшін оқу.

2.Мәтін. Мәтін формасы: тұтас және жадағай. Мәтін типі: сипаттама, мазмұндау, мазмұндама, аргументациялау, нұсқау, келісім.

3.Аспект. Аспектілер – бұл оқырман мәтінде, мәтін айналасында және мәтін арасында аталған тәсілдерді келісу үшін пайдаланатын психологиялық стратегиялар, тәсілдер және тапсырмалар.

Оқу сауаттылығы тапсырмаларын әзірлеумен айналысатын бес аспект бар:

- ақпарат іздеу, қол жеткізу және алу;
- кеңінен түсінуді қалыптастыру;
- интерпретациялауды дамыту;
- мәтін мазмұнын көрсету және бағалау;
- мәтін нысанын көрсету және бағалау.

Осы аспектерді оқу мақсатарымен сабақтастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға негіздедім.

Мәтіндік үлгілік тапсырмалар

Печенье

Бір қыз бала орталық вокзалда пойыздың келуін күтіп отырды. Уақытты қысқарту үшін ол кітап сатып алуды ұйғарды. Содан соң ол күту залынан тыныш қана отырып, кітап оқитын орын тауып алды.

Қораптағы печенье газет оқып отырған ер адам мен екеуінің ортасында тұрды. Ол бір печенье алған кезде ер адам да біреуін алды. Ер адамның бұл әрекетіне ол қатты таңырқады, бірақ ештеңе айтпастан кітап оқуын жалғастыра берді. Өзі іштей: «Сене алар емеспін! Мен батылдау адам болсам, міндетті түрде қарсы бірдеңе айтқан болар едім» деп ойлады.

Ол әлсін-әлсін қораптан бір печенье алған сайын ер адам да соны қайталады. Осы іс-әрекет бір ғана печенье қалғанша жалғасты. Қыз бала ер адам қандай әрекет жасар екен деп қарап отырды. Ер адам болса соңғы печенье алды да, ортасынан тең бөліп, бір жартысын қызға берді.

Қатты ашуланған қыз кітабын сөмкесіне тоғытты да, бұл жерден кеткенше асықты. Ашуын басу үшін ол залдың басқа бір жеріне барып отырды. Ашуы тарқағаннан кейін ол кітап алу мақсатымен сөмкесіне қолын салды. Сонда ғана ол сөмкесінде қорабы ашылмаған өз печенье сін көрді.

1. Әңгіменің басында қыз бала не істеді?

- A) Ол вокзалда пойыз күтіп отырды
- B) Ол вокзалды тастап шығып кеткісі келді
- C) Ол вокзалда ер адаммен сөйлесті
- D) Вокзалдан газет сатып алды

2. Әңгіменің ортасында қыз: «Сене алар емеспін!» деп ойлады. Қыз бала неге сене алмайды?

3. Көз алдыңызға елестетіңізші, әңгімеде сөз болған қыз бен ер адам әңгіме аяқталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін кездескен болса, қыз бала ер адамға не айтар еді?

Бұл мәтінде 1-сұрақ жабық сұраққа жатады, себебі оқушы дайын жауаптан белгілейді.

2-3-сұрақтар ашық сұраққа жатады, себебі мәтіннен алатын дайын жауап жоқ, оқушы өзінше ой қорытып, тапсырманы өз бетінше орындайды, яғни интерпретациялауды дамыту бойынша жұмыстанады.

Интерпретация дегеніміз – қызығушылық тудыратын ерекше дағдылар, көзқарастар немесе кейде логикалық қорытынды деп те аталады.

3-сұрақта білім алушы мәтінді өзі аяқтайды, өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып, зерделейді. Осы тапсырманың талдауына келсек, оқу сауаттылығының аспект құрамдауышы бойынша 1-жабық сұраққа қатысушылардың 90%-ы дұрыс жауап берген, ал 2-сұраққа, яғни аспект құрамдауышының «ақпарат іздеу, қол жеткізу және алу» тапсырмасы бойынша оқушылардың 54%-ы дұрыс орындаған.

3-сұрақ аспект құрамдауышының «мәтін мазмұнын көрсету және бағалау» бойынша 70%-ы дұрыс орындаған.

Отырар кітапханасы

Отырар кітапханалар жүйесінде жаңа оқырмандар жұмыс уақыттарын көре алатын электронды қосымша бетбар.

Сұрақтарға жауап бергенде, осы қосымша бетке қараңыз

	Жұмыс уақыты				
	2013 жылдан бастап әрекет етеді				
	Абай кітапханасы	Ы.Алтынсарин кітапханасы	А.С.Пушкин кітапханасы	Мектеп кітапханасы	Облыстық-жасөспірімдер
Жексенбі	13.00-17.00	Жабық	14.00-17.00	Жабық	14.00-17.00
Дүйсенбі	11.00-20.00	11.00-17.30	13.00-20.00	11.00-17.30	10.00-17.30
Сейсенбі	11.00-20.00	11.00-20.00	11.00-20.00	11.00-20.00	10.00-20.00
Сәрсенбі	11.00-20.00	11.00-17.00	10.00-20.00	11.00-17.00	10.00-20.00
Бейсенбі	11.00-20.00	11.00-17.30	10.00-20.00	11.00-17.30	10.00-20.00
Жұма	11.00-17.00	11.00-17.00	10.00-20.00	11.00-17.00	10.00-17.30
Сенбі	10.00-13.00	10.00-13.00	9.00-13.00	10.00-13.00	9.00-13.00

Сұрақ 1. Отырар кітапханасы

Облыстық-жасөспірімдер кітапханасы сәрсенбі күні қай уақытта жабылады?

Дұрыс жауап: 20:00 немесе сағат 8

Сұрақ 2. Отырар кітапханасы

Жұма күні сағат 18.00-де қандай кітапхана ашық болады?

Абай кітапханасы

Ы.Алтынсарин кітапханасы

А.С.Пушкин кітапханасы


Мектеп кітапханасы

Облыстық жасөспірімдер кітапханасы

Дұрыс жауап: С. А.С.Пушкин кітапханасы

4 – тапсырма. Чад көлі

1- суретте Сахара шөлінің солтүстік африкалық бөлігінде орналасқан Чад көлінің тереңдік деңгейінің өзгеруі көрсетілген. Чад көлі соңғы Мұз дәуірінде біздің заманымызға дейінгі шамамен 20 000 жыл бұрын толықтай жоғалып кетті. Ол шамамен біздің заманымызға дейінгі 11 000 жыл бұрын қайта пайда болды. Бүгінгі таңда оның тереңдігі біздің заманымыздың 1000 жылында болған деңгейде.




Бзд 10000 Бзд 8000 Бзд 6000 Бзд 4000 Бзд 2000 0 Бз 1000

1 - сурет

1-суретте берілген диаграммада Сахарадағы жартасқа жазылған өнер (үңгірлердің қабырғаларынан таылған көне суреттер немесе кескіндемелер) және жануарлар дүниесіндегі өзгерістер көрсетілген.

Сахарадан табылған жартасқа салынған суреттер және жануарлар дүниесі.



Келесі сұрақтарға жауап беру үшін Чад көлі туралы ақпаратты пайдаланыңыз.

1 – сұрақ: Чад көлі

Бүгінгі таңда Чад көлінің тереңдігі қандай?

- Екі метрге жуық.
- Он бес метрге жуық.
- Елу метрге жуық.
- Ол толықтай жоғалып кеткен.
- Ол туралы ақпарат жоқ.

Дұрыс жауап: Екі метрге жуық.

2 – сұрақ: Чад көлі

Суреттегі графиктің бастапқы нүктесіне қай жыл сәйкес келеді?

Жауабыңызды жазыңыз

Дұрыс жауап: Б.з.д. 11,000 жыл (немесе шамамен 10 500 бен 12 000 арасында немесе оқушылар графикпен жұмыс істеп, тұжырым жасағанын растайтын сызба/түсіндірме)

- 11000
- Б.з.д. 11 000жыл
- Б.з.д.10 500жыл
- Б.з.д. 10 000 жылға дейін
- Шамамен 12000
- Шамамен б.з.д 11000

3 – сұрақ: Чад көлі

Автор графиктегі бастапқы нүкте ретінде неге дәл осы жылды таңдады?

Дұрыс жауап: Көлдің қайтадан пайда болғаны туралы айтылады. Ескерту: тіпті алдыңғы жауап қате болса да, бұл сұраққа жауап толықтай ескеріледі.

Чад көлі шамамен б.з.д. 20 000 жылы толықтай жоғалып кеткен соң, б.з.д. 11 000 жылы қайтадан пайда болды.

- Чад көлі Мұз дәуірінде жоғалып кетті, одан кейін сол уақытта қайтадан пайда болды.
- Ол қайтадан пайда болды.
- Көл шамамен б.з.д. 11 000 жылы қайтадан пайда болды.
- Көл 9000 жылдай жоғалып кетіп, қайтадан пайда болды

4– сұрақ: Чад көлі

2-сурет келесілер туралы болжамдарға негізделген:

А. Жартасқа салынған суреттерде бейнеленген жануарлар, оларды салған кезде, Чад көлінің ауданында мекендеген.

В. Жануарларды салған суретшілердің сурет салу техникасы жоғарыболған.

С. Жануарларды салған суретшілердің алыс қашықтықтарға саяхат жасай алатын мүмкіндігіболған.

Д. Жартасқа салынған суреттерде бейнеленген жануарларды қолға үйретуге қадамдаржасалмаған.

Дұрыс жауап: А.

5– сұрақ: Чад көлі

Бұл сұраққа жауап беру үшін 1 және 2-суреттерде берілген ақпаратты біріктіру керек. Сахара шөліндегі жартасқа салынған суреттерден мүйізтұмсықтың, су сиырының және жабайы өгіздің жоғалуы орын алды:

А.Соңғы Мұз дәуірінің басында.

В.Чад көлінің тереңдігі ең жоғары деңгейге жеткен кездегі кезеңнің ортасында.

С.Чад көлінің деңгейі мың жылдан астам уақыт ішінде төмендеген соң.

Д.Үздіксіз қуаңшылық кезеңінің басында

Дұрыс жауап: С.

9-СЫНЫП

Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар үлгілері

1-мәтін

Есіл шалғынының арасынан өсетін жеміс-жидек қана емес. Онда Үркер жұлдызындай шоқталып, қызыл жақұттай жарқыраған бүлдірген де өседі. Уыз қымыз татыған ол жемісті бүрінен ағытып алып, алақаныңды толтыра асап жіберсең, қандай шөлің болса да қана қояды.

Тоғай да бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады. Дәудей дөңкиген кәрі үйеңкісі, күміс қабықты қайыңы, қалайы қабықты терегі, мыс қабықты мойылы, теңселген талы, ши борбай шілігі, шымшымпаз шеңгелі, кірпі түкті тікені мен доланасы, торы тобылғысы аралас өскен тоғай теп-тегіс жасыл желек киіп, жапырақтары желбіреп өзінен-өзі сыңғырлап күй тартқандай боп тұрады. Шиенің шөптен азғана биік бұтақтарына көзіңді салсаң, үстіне қып-қызыл шұға жапқан сықылданады. Мойылға қарасаң, ботаның көзіндей мөлдіреп, бұтақтың басына сыймай тұрған қарақат. Шіркін, қарақат, тәтті де, сұлу да жеміс-ау!..

Жібек шалғында жыныс тоғайлы табиғаттың бұл байлығына көзің тойған кезде оның иесін іздейсің. Ол – әрине, Есіл!

Есіл ағысының жасырын күшін сен суына сүңгігенде ғана көресің. Моп-момақан боп тұнып тұрған сияқтанып, оның суы тізеңнен аспай-ақ сені қабықтай қалқытып ала жөнеледі. Тәттілігі қандай сол судың!.. Салқындығы қандай!. Мөлдірлігі қандай!..

Есіл өлкесінің көркемдігі көзіңді сонша қызықтырса, сонша хош иісі мұрныңды қытықтаса, құлағыңды қытықтайтын тамаша хорын қайтерсің!.. Ол хорға сұңқылдап аққу, қаңқылдап қаз, шаңқылдап шағала, безектеп қызғыш, барылдап үйрек, сайрап бұлбұл, шықылықтап сауысқан, қарқылдап қарға, шырылдап шегіртке дегендей... жан-жануарлардың бәрі қосылады...

Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» романы

1. Мәтінге сай тақырыпты таңдаңыз.

- A) Тамаша әуен
- B) Есіл бойында
- C) Жұлдызды аспан
- D) Шалғын арасында

2. «Шымшымпаз» сөзінің мағынасы

- A) тура мағынада, шеңгелдің гүлі
- B) ауыспалы мағынада, шеңгелдің жемісі
- C) ауыспалы мағынада, шеңгелдің тікенегі
- D) тура мағынада, шеңгелдің сабағы

3. Мәтіннің жазылу стилі

- A) публицистикалық
- B) көркем әдебиет
- C) ғылыми
- D) ауызекі сөйлеу

4. Есілдің құлағыңды қытықтайтын тамаша хорында бар құс

- A) торғай
- B) шағала
- C) дуадақ
- D) тырна

5. Мәтін бойынша ой реттілігін табыңыз.

1. Тамаша хор
2. Толықсыған тоғай
3. Есілдің суы

- A) 2, 3, 1
- B) 1, 2, 3
- C) 2, 1, 3
- D) 3, 1, 2

2-мәтін

1. Қазақ табиғатында адам таңғаларлықтай ерекше бір құбылыс бар. Ол – бір саладан суырылып шыққан қазақтың ұлыларының жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы болып келуі. Мәселен, Әлкей аталарың – қазақтың тұңғыш археологі, әдебиетші, тарихшы, саясаткер, өнер зерттеушісі, этнограф. Жазушы әрі академик ғалым. Бір адамның басынан асып кетер ғажап талант.

2. Білімге деген құштарлық Әлкейге отбасынан дарығандығы анық. Бірақ қалай дегенде «талантты талап ұштайды» деген зерделі қағида бар. Ә.Марғұлан жас кезінен-ақ білімге талпынады. Жалықпай, ерінбей еңбек ету ғана биіктерге бастайды. Осыны ұғыныңдар, жас достар!

3. Әлкей Марғұлан студент кезінен бастап КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған Қазақстан мен Алтай халықтарының тарихын зерттеу экспедициясы құрамында қазақ руларының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тұрмысы мен өнерін зерттеуге қатысты. Ленинградта оқып жүріп, елге келгенде Сыр, Талас, Шу өзендері бойында және Сығанақ, Отырар, Сауран қалаларының орындарында қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнері тарихы» атты еңбек жазды.

4. Әлкей Марғұланның ежелгі аңыз, жырлар «Оғызнама», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қорқыт», «Алпамыс», «Манас» туралы көптеген еңбектері жарық көрді. XIX – XX ғасыр өнерінің, ғылымының бастаулары Абай, Шоқан, Тәттімбет, Ақан сері, Жаяу Мұса туралы да қымбат мұралар жинады. Әсіресе, «Манастың» Шоқан жазбасының 100 жылдан кейін табылуы өлшеусіз еңбек еді.

5. Әлкей аталарың атақты ғалым Әбубәкір Диваев экспедициясы жинап әкелген қазақ ауыз әдебиетін жүйелеуде де зор еңбек сіңірді. Қазақ халқының

аңыздарын, ертегілерін, жырларын зерттеді. Оның тапқан сегіз мың беттік фольклор қазынасы ұлт мәдениетіне қосылды.

6. Ғалым аталарың – қола дәуірінің соңғы кезеңінде Орталық Қазақстанды қоныстаған тайпалар мәдениетіне жататын «Беғазы – Дәндібай» ескерткішін де зерттеген адам. Беғазы – Дәндібай мәдениетінің ежелгі тарихымыз үшін маңызын айқындап берді.

7. Әлкей Марғұлан – Қазақстандағы археология мектебін тұңғыш ұйымдастырушы, шоқантанушы, қорқыттанушы ғалым, ондаған кітап пен 300-дей ғылыми еңбектің авторы.

Ш.Күмісбаев «Тұңғыштар» кітабынан

1. Мәтінге сай тақырыпты таңдаңыз.

- A) Сегіз қырлы, бір сырлы тұлға
- B) Ә.Диваев экспедициясының мүшесі
- C) Көркем тілді жазушы
- D) 500-дей еңбек авторы

2. Мәтіннің оқырманға арнау сөз айтылатын бөлігі

- A) екінші
- B) үшінші
- C) төртінші
- D) жетінші

3. Мәтіннің төртінші және бесінші бөліктерінде берілген ортақ ақпарат

- A) Ә.Марғұлан қазақ қалаларының тарихын зерттеді
- B) Ә.Марғұлан – Шоқан мұраларын зерттеуші ғалым
- C) Ә.Марғұлан аңыздар мен жырларды зерттеді
- D) Ә.Марғұлан елімізде археология мектебін ұйымдастырды

4. Мәтін мазмұнына сәйкес Ә.Марғұлан зерттеген сала

- A) халықтың салт-дәстүрі мен өнері
- B) музыка тарихы мен теориясы
- C) туыс тілдердің бір-бірімен қатынасы
- D) құқық, заң шығару саласы

5. Академик ғалым Әлкей Марғұланның бір қыры

- A) күйші
- B) елші
- C) инженер
- D) этнограф

6. Мәтін мазмұнына сай дұрыс ақпарат

- А) Ол Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса туралы да қымбат мұралар жинады.
- В) Ә.Марғұлан – «Алтын адам» ескерткішін де жан-жақты зерттеген ғалым.
- С) «Манастың» Шоқан жазбасының 150 жылдан кейін табылуы өлшеусіз еңбек еді.
- Д) Оның тапқан сегіз мың беттік фольклор қазынасы ұлт мәдениетіне қосылды.

7. Мәтін бойынша Әлкей Марғұлан оқыған қала

- А) Мәскеу
В) Омбы
С) Ленинград
Д) Ташкент

8. Зерттеу экспедициялары сөз етілген мәтін бөліктері

- А) 1, 3
В) 2,7
С) 3, 5
Д) 4,6

9. Мәтін мазмұнына сәйкес Ә.Марғұлан зерттеген өлке

- А) Сібір жері
В) Орталық Қазақстан
С) Ертіс бойы
Д) Арал теңізі жағасы

10. Әлкей Марғұлан зерттеген тұлға

- А) Ыбырай
В) Балуан Шолақ
С) Шоқан
Д) Қобыланды

3-мәтін

Дәурен мектепке қарай жай басып келе жатты. Айналада үлкен қара ағаш, алып үйеңкілер. Дәурен енді байқады, кеше ғана жап-жасыл болып, ырғалып, өзінің басынан сипағысы келгендей иілетін ақ қайыңның жапырағы сарғайып кетіпті. Күнде таңертең бастаудың басына қаптап келетін ақ көбелектер де азайған. Торғайлар мазасыздана шырылдайды, мамық жүндері үрпие дүр-дүр сілкінеді. Шүрегей үйректер өзеннің ойдым-ойдым иірімдеріне ұшып-қонып, шұрқырап жүр. Бұларға не болған?..

Дәурен мектептен үйіне келген соң, осы көріністерді Маусымбай атасына айтты.

– Дұрыс, балам, анық байқағансың, табиғатты тану үшін сергек сезім, қырағы көз керек, – деді қарт. Бүгін қыркүйектің он төрті ме? Демек, бүгін түнде сүмбіле жұлдызы туады. Жан-жануар мен жәндіктер соған дайындалып жатқан болар. Бұл – күз маусымының алғашқы амалы. Мұны қазақ «сүмбіле таңы» дейді.

– Ол қандай жұлдыз?

– Ол ма, «үш арқар, үш мерген» жұлдыздарының маңынан туады, ірілеу көрінеді, көгілдір сәуле шашып тұрады. Меніңше, қайың мен тал да, көбелектер мен шүрегей үйректер де сүмбіле жұлдызының туатынын сезетін болуы керек. Бұл жұлдыз туған түні жер бетіне қырау түседі. Ауа салқындайды. Бұл – күздің алғашқы суығы. Осы жұлдыз туған түні түйелер мойнын жерге салып ұйықтайды.

– Онысы несі?

– Өйткені осы түннен бастап түн ұзарып, күн қысқара бастайды.

Айтқандай-ақ, таңертең бұлақ басын да, ақ қайыңды да, жалғыз аяқ соқпақтың майда топырағын да аппақ күміс қырау басып қалыпты.

1. Мәтін мазмұнына байланысты мақал-мәтел

- A) Сұңқар қиясын, торғай ұясын сағынар.
- B) Сүмбіле туса – су суыр.
- C) Ағаш жапырағымен, жер топырағымен.
- D) Қыстың көзі қырау.

2. Мәтін мазмұнына сай тақырып

- A) Көктемде болған оқиға
- B) Күміс қырау түскен күз
- C) Дәурен оқитын мектеп
- D) Күміс қанат көбелек

3. Мәтіндегі қосымша ақпарат

- A) Дәурен табиғаттағы өзгерістерді байқады.
- B) Түйелер мойнын жерге салып ұйықтады.
- C) Сүмбіле туған түні жерді қырау басады.
- D) Күздің алғашқы амалы – «сүмбіле таңы».

4. Сүмбіле жұлдызына қатысты дұрыс ақпарат

- A) Қыркүйектің 24-і түнде туады
- B) Үркер жұлдыздары маңынан туады
- C) Бұл жұлдыз туған түні қар жауады
- D) Көгілдір сәуле шашып тұрады

5. Дәуреннің бойынан атасы таныған қасиеттері

- A) адамгершілік, еңбекқорлық
- B) сезімталдық, байқағыштық

- C) тәртіптілік, ақкөңілділік
- D) жауапкершілік, шыншылдық

6. Дәуреннің байқағаны

- A) Көгершіндердің мазасыз ұшып-қонып жүргені
- B) Қайың жапырағының бір күнде сарғайып кеткені
- C) Түйелердің мойнын жерге салып ұйықтағаны
- D) Құмырсқалардың илеу маңындағы тынымсыз тірлігі

7. Сүмбіле жұлдызы туатын жыл маусымы

- A) күз
- B) көктем
- C) жаз
- D) қыс

8. Мәтіннен қандай қорытынды жасауға болады?

- A) Қазақ халқы жұлдызды аспан картасын Темірқазықтан бастайды.
- B) Халқымыз жұлдыздардың орнын, қозғалысын білген, ауа райын болжаған.
- C) Халқымыз жұлдыздар туралы өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарған.
- D) Қазақ халқы түнде жұлдызға компас сияқты қарап, жолын бағдарлаған.

4-мәтін

Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстырыңыз, өңдеңіз.



1. Мәтіндегі демографиялық көрсеткіші ең жоғары елді табыңыз.

- A) Қытай
- B) Жапония
- C) Сомали
- D) Танзания

2. Картада қай елдердің ақпараты берілген?

- A) Азия, Африка
- B) Америка, Азия
- C) Азия, Аустралия
- D) Африка, Америка

3. Қазақстандағы демографиялық жағдай қандай? Жауабыңызды өзге елдермен салыстыра дәлелдеңіз.


5-мәтін

Мәтіндерді салыстыра оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

1939 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ ҮЛЕСІ

Қазақ КСР-ындағы қазақ үлесі 1939 жылы **ресми түрде 37,8%** құраған делініп, кейіннен бұл халық санағы сынға ұшырайды

КАРТАНАНА



20 миллионыншы азаматы атанды. Олар – Ақмола, Ұлытау, Жетісу, Түркістан мен Атырау облысының перзенттері. Бес нәрестенің екеуі – қыз бала, үшеуі – ұл бала.

1999 жылғы санақта елдегі қазақтың үлесі 53,4%, 2009 жылғы санақта 63,1% болды. Қазіргі санақта қазақтың үлесі 70,4% деседі. 1959 жылы өз жерімізде 29% болып, геноцидтен азшылыққа айналған қазақ енді 70%-дан асып, көпшілікке айналды.

1. Мәтіндегі 20 миллионыншы азаматтарға қатысты емес өңірді табыңыз.

- A) Батыс
- B) Орталық
- C) Оңтүстік
- D) Шығыс

2. Мәтінде 1939 жылғы қазақ үлесі туралы инфографика не мақсатпен берілген?

6-мәтін

Жаһандық мәселелер дегеніміз – өркениеттің әрі қарай дамуына әсер ететін, адамзаттың өміріне өз ықпалын тигізетін мәселелер жинағы. Адамзаттың жаһандық мәселелері – планетамыздың барлық тұрғының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және әлемнің барлық мемлекеті ортақтасып шешетін мәселелер. Адамзаттың жаһандық мәселелеріне жататындар:

- дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесі;
- азық-түлік мәселесі;
- кедейлік мәселесі;
- экология мен тұрақты даму мәселесі;
- әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі;
- демография мәселесі.

Бұл тізім тұрақты емес. Өркениеттің дамуымен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады. Мысалы, ғарыштық кеңестікті игеру, климатты қадағалау т.б.

Дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесіне олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықты азайту үшін дамыған елдер нарығында дамушы елдердің тауарларына сұранысты өсіруді, дамушы елдерге капитал мен білімнің ағымын ұлғайтуды (әрине, көмек ретінде), сыртқы қарыздардың есептерін шығаруды және т.б., жатқызамыз.

Азық-түлік мәселесі дегеніміз – халықтың өзін-өзі ең қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе әлеуметтік жағдайы төмен елдерге азық-түліктің абсолютті жетіспеушілігінен болса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігінен болып отыр. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогреске және мемлекет тарапынан қолдауға тікелей тәуелді.

Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілердің бірі болып отыр. Кедейлік – мемлекеттің сол елдегі адамдардың ең қарапайым және ең арзан өмір жағдайымен қамтамасыз ете алмауы. Дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабы ұлттық қана емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты үлкен қауіп тудырады.

(Ж.Оспанбаев пен Д.Төленгітованың «Жаһандану және адамзат дамуының жаһандық мәселелері»)

1. Берілген мәтіннің стилін анықтаңыз.

- A) ресми ісқағаздар
- B) ауызекі сөйлеу
- C) публицистикалық
- D) ғылыми

2. Мәтіннің жанрын анықтаңыз.

- A) мақала
- B) блог
- C) очерк
- D)

3. Мәтіннің түрін анықтаңыз.

- A) баяндау
- B) сипаттау
- D) пайымдау

4. Бұл мәтіннің аталған стильге сәйкестігін қалай дәлелдейсіз? Кемінде 3 аргумент келтіріңіз.

1. _____

2. _____

3. _____

5. Берілген мәтіннің аталған жанрға сәйкестігін қалай дәлелдейсіз? Кемінде 3 аргумент келтіріңіз.

1. _____

2. _____


3. _____

6. Берілген мәтіннің аталған мәтін түріне сәйкестігін қалай дәлелдейсіз? Кемінде 3 аргумент келтіріңіз.

1. _____
- _____
- _____
2. _____
- _____
- _____
3. _____
- _____

7-мәтін

Мәтінмен танысып, тапсырмаларды орындаңыз.



1. Мәтін бойынша ең суық жерді табыңыз.

- A) Ақтөбе
- B) Жаңаөзен
- C) Өскемен
- D) Жітіқара

2. Қазақстан жеріндегі орташа температураның айырмашылығының 2 себебін жазыңыз.

a)

ә)

3. Орташа температурасы жоғары 3 өңірді өсу ретімен жазыңыз.

1)

2)

3)

8-мәтін

Мәтіндермен танысып, тапсырмаларды орындаңыз.



Жасалған күні: 07 наурыз 2023 жыл.

Өндіруші: «Тәтті тағам» ЖШС

Өнім туралы ақпарат: қаптамадағы 1 кг печенье (сақтау мерзімі 2023 жылдың тамыз айына дейін)

Толығырақ: көрсетілген печеньелер құрамында лимон дәмін келтіргіш қосындылар болуы мүмкін. Лимонға аллергиясы бар адамдарға бұл печеньеңі жеуге болмайды.

Не істеу керек: Егер сіздің өнім сапасына қатысты арыз-шағымдарыңыз болса, толық ақпарат алу үшін келесі телефон нөмеріне хабарласуға болады:

8 777 086 36 74. Шағымыңыз расталған жағдайда сізге төлемақысы толығымен қайтарылады.

1. Тұтынушы құқығы қорғау заңнамасына сәйкес мәтінде қандай ақпарат берілген?
2. Егер лимонға аллергияңыз бар болса да, қаптамадағы ескертуді байқамай сатып алдыңыз делік. Сіздің әрекетіңіз
3. Тауар сапасына шағым қалай жасалады?

•

•

• *Оқу сауаттылығын дамыту мақсатында мәтін талдауда қолданылатын оқылым стратегиялары:*

- Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.
- Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.
- Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.
- Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.
- Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.
- Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.
- Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.
- Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.
- Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.
- Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

Мәтіндер.

Жазба жұмыстарының сипаттамасы, түрлері

Мәтін (текст; text) — 1) баспаға шығаруға арналған пішімді немесе бастапқы түрдегі бедербелгілік мәліметтер бөлшегі; 2) хабардың алмастыру хаттамасының ерекшеліктерімен байланысы жоқ ақпарат бөлігі; 3) бастапқы программаның жазбасы. Объектілік немесе жүктемеленетін модульдің бөлігі.

Мәтін — бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлілігі және осы аталған үш семантикалық

құрылымдарға сай оны үш пән – мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді. Мәтінтану қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды. Герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысады. Киелі мәтіндер герменевтикасы экзегетика деп аталады. Мәтінді қарастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Ол Мәтіннің қалай құрылғанын, оның құрылымы мен композициясын зерттейді (формальды мектеп, құрылымдық поэтика, генеративті поэтика). Мәтінді қазіргі **семиотика** (мәдениет мәтін ретінде) мен мәтін философиясындағыдай тым кең мағынада түсінуге болады. **В. Рудневтің** жасаған мәтін тұжырымы жеті баптан тұрады.

1) мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (өзара байланысқан) (құрылымдық поэтика тезисі).

2) мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотивтер ретінде айқындалады. (Мотивті талдау тезисі);

3) мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау);

4) мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт кәрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Т. Юнгтің аналитикалық психологиясы);

5) мәтін шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);

6) бір мәтіндегі ақиқат нәрсе, басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние (нәрсе) семантикасы);

7) мәтін — қатып-семіп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат

Мәтін түрлері

• Әңгімелеу мәтіні - оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін түрі.
Сұрақтары: Не істеді? Қайтеді?

• Сипаттау мәтіні - белгілі бір нәрсенің құбылыстың сын сипатын егжей тегжейлі сипаттайтын мәтін түрі. Сипаттау мәтінің басқа мәтіндерден айырмашылығы: етістіктері өткен немесе осы шақта қолданылады; сипаттама тілі (сын есімдер, үстеулер); көңіл күй етістіктері мен нақты зат есімдер; сенсорлық елестетуді қолданады; сипаттау үшін салыстыруды қолданады. Сипаттау мәтінін табиғат көріністерін, адам портреті бейнесі т.б. сын есімдер, үстеу түрлерін қолданылып, заттар салыстырмалы түрде сипатталуында көре аламыз.

• Пайымдау мәтіні белгілі бір пікірді түсіндіреді, дәлелдейді және не үшін? сұрағына жауап береді.

Мәтінге тән ғылыми белгілер:

1. Тақырыптық — мазмұндық бірлігі мен тиянақшылығы;

2. Коммуникативті мақсаттылығы, прагматикалық бағыттылығы;

3. Құрылымдық біртұтастығы;

4. Құрылымдық — логикалық жүйелілігі.

I. Мәтіндегі берілетін (ауызекі, жазбаша) ой, пікір, мазмұн белгілі бір тақырыпқа негізделеді, яғни мәтін белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіреді. Мысалы: мәтінде барлық уақытта негізгі ой болады, мәтінді құрылымдық бөлімдерге белуге болады, мәтіннің құрылымдық – мазмұндық. Бөлімдері және ондағы сөйлемдер бір — бірімен жүйелі түрде байланысады.

Ең алдымен, мәтіннің тақырыптық — мазмұндық бірлігі деген мәселеге тоқталайық. Ол үшін бірінші кезекте «тақырып» ұғымының мәнін ашып алған жөн.

Бұл мәселеде де ғұлама ғалым А. Байтұрсыновтың пікіріне жүгінуге тура келеді: Тақырып — әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады. Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін, шығарманың тақырыбы басына қойылады. «Айман — Шолпан», «Бақытсыз Жамал» ... деген сөздер шығарма тақырыптары болады және бұл сөздер «Айман — Шолпан», «Бақытсыз Жамал» турасында айтылатын әңгімелердің басында тұрады».

Ғалымның бұл сөздерінен біз, біріншіден, тақырып, әңгіменің (мәтіннің) арқауы, өзегі, объектісі екендігін білдік, екіншіден, тақырып мәтіннің ішіндегі пікірді алдын ала анықтап, оқушыға әңгіменің мазмұны жайлы білдіріп тұратынын аңғардық. Енді «мазмұн» деген ұғымды анықтап алайық. Тағы да А. Байтұрсыновқа оралайық: « мазмұн дегеніміз бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсағанбүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады».

Келтірілген екі анықтамадан шығатын қорытынды: тақырып «пікір не нәрсе туралы екенін білдірсе, мазмұн «бір нәрсе туралы ойға алған пікірді».

Кез келген адам ойын дұрыс әрі жатық, әсерлі жеткізуге тырысады. Себебі сол арқылы басқалармен оң қарым — қатынас орнатып, көздеген мақсатына жетуге мүдделі болады. Нақтырақ айтсақ, мәнсіз, мағынасыз сөздің өзі оны тиісті жерінде мәнерлеп, әсерлеп жеткізе білгенде ғана құдіретті күшке айналады. Сөйлеуге үйретуде тұтас мәтін синтаксисін меңгертуді оның негізгі белгілерін танытудан бастаған жөн. Оқушыларға жүйелі басталған, белгілі бір жайды хабарлаған, сипаттаған, пікір білдірген, тиянақты аяқталған, тақырыптық бірлікте болатын, логикалық жүйеде құрылған, құрамына енетін қайырымдары мен сөйлемдері бір-бірімен тығыз байланысқан мәтіндерді түрлі жаттығулар арқылы жоғарыда аталған белгілерімен жүйелі түрде игертіледі. Мәтіннің құрылысын меңгертуде талдау, жинақтау, бақылау және салыстыру әдістерін пайдалана отырып жүргізу тиімді. Сондай-ақ ойлаудың индуктивтік, дедуктивтік және аналогиялық түрлері бойынша жұмыс жүргізу мәтін арқылы оқушының тілін дамытуда нәтижелі болады.

Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып, баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушының көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, көркем тілмен әсерлі, жүйелі баяндалуы талап етіледі.

Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек. Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау – мұғалімнің басты міндеті. Жазба жұмысынан оқушының ой өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта оқушы білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, оқушы білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні шығарма жұмысы.

Шығарма түрлеріне келетін болсақ, олар: еркін шығарма, оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма, өнер саласына байланысты шығарма, сурет, фильм (диафильм), экскурсия бойынша шығарма, оқыған, естіген әңгімелеріне байланысты шығармалар.

Оқушылардың шығарма жазуында төмендегідей міндеттер туындайды:

1. Оқушының ойлау қабілетін арттыру;
2. Ана тілінде сөйлеп, жаза білуге жаттықтыру;
3. Ақын – жазушылардың шығармаларын білу;
4. Оқыған – білгенін шығарма жұмысына пайдалана алу;
5. Сауатты жазуы, келген ойды дәл бере білуге үйрету;
6. Оймен жұмыс істей отырып, оны басқара білу;
7. Келген ой толқынын іркіп, келесі ойға жол бере білу
8. Цитаттарды (дәйектеме сөз) келтіре білу
9. Бөлімдердің арасындағы байланысты сақтау.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тақырыпты толық аша білу;
2. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу;
3. Шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;
4. Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;
5. Шығармада жазушының өмірбаянына, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;
6. Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;
7. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасай білу.

Шығарманың бағалануы туралы оқушы шығармасын тексеру, бағалау мәселесін негізінен 4 салаға бөліп қарайды.

1. Мазмұндылығы мен идеялылығы;
 2. Ой – пікірдің жүйелілігі;
 3. Стили;
 4. Грамматикалық сауаттылығы;
- Бұлардың қай – қайсысы да оқушы білімін бағалауда маңызды.

1. Оқушының тақырыпты қалай ашқандығы, қамтылған мәселенің дұрыс – бұрыстығы, дәлелділігі, негізгі ойды жеткізе алуы жатады. Шығарманың идеялылығы мен мазмұндылығына

2. Ой – пікір жүйелілігіне шығарманың жоспарға сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен ой жүйесі, пікір ұтымдылығы, т.б. енеді.

3. Стильге тақырыпты ашуға байланысты оқушының ойын қалай жеткізгендігі, сөйлемдерінің оралымдылығы, сөз қолданысы, сөйлемді дұрыс құруы сияқты мәселелер жатады.

4. Грамматикалық сауаттылыққа емле, тыныс белгісіне байланысты жайлар қаралады.

Шығарма жазудың талаптары мен тәртібі

1. Шығарма тақырыбы тырнақшаға алынбайды, тақырып дәйексөз ретінде алынған жағдайда ғана тырнақшаға алынады.

2. Эпиграф оң жақта, тырнақшаға алынбай жазылады. Авторы бір жол төменірек жақшаға алынбай жазылады. Егер шығарма жазушы эпиграф алынған туындыны көрсеткісі келсе, автордың аты – жөнінен кейін үтір қойып, шығарманың атын тырнақшаға алып жызады.

3. Жоспар деген сөз эпиграф болса, одан төмен, ал эпиграф болмаса, тақырыптан соң, жол ортасына жазылады. Жоспар сөзінен кейін нүкте қойылады.

4. Жоспар үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім. (рим сандарымен белгіленеді, олардан кейін нүкте, жақша қойылмайды).

а) Негізгі бөлім тақырыпты ашуға бағытталып, араб санымен белгіленген, кемінде үш пунктен тұруы керек. Араб сандарынан кейін нүкте қойылады. Әр пункт жан-жақты қамтылса, бірнеше бөлшектен тұруы мүмкін, ондай жағдайда әр бөлшек әріппен белгіленіп, жақша арқылы жазылады. (екі бөлшектен кем болмау керек).

5. Шығарма бөлімдерінің аты бір жолға сыймай қалса, келесі жолға жазылады, бірақ жоспардағы рим, араб сандары мен әріптердің асты ашық көрініп тұратындай тәртіппен жазылады.

6. Шығарманың әр бөлімінің атынан кейін нүкте қойылады.

7. Келесі бөлімнің аты бас әріппен жазылады. Әр пунктін бөлшектері болса, қос нүкте қойылып, бөлшек атының соңына нүктелі үтір қойылады. Содан кейінгісі жаңа жолдан басталып жазылады. Ең соңғы бөлшектен кейін нүкте қойылады. Келесі бөлім жаңа жолдан бас әріппен басталады.

8. Шығарманың бөлімдері мен бөлшектерінің аты қысқа, нақты түрде берілуі керек.

9. Жоспардың бөлімдері сұраулы сөйлемдермен берілмейді.

10. Егер шығарма авторы жоспарды дәйексөздермен (цитатамен) берсе, дәйексөз тырнақшаға алынып, соңына оның авторы жақшаға алынып жазылады.

11. Жоспарға сәйкес әр бөлім абзац арқылы жазылуы керек.

12. Шығармада берілетін сандық мәліметтер: ғасырлар – римше, жыл, күн – араб сандарымен, ал басқа сан есімдер сөздермен берілуі керек. Ғасырды араб санымен көрсетуге болмайды, дей тұрғанмен кездесе, баға кемітуге ықпал жасамайды.

Ескерту: диктантта барлық сан есімдер, тіпті күндерді көрсететіндері де сөзбен жазылады.

13. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады.

14. Шығарма өте ұқыпты, каллиграфиялық нормаға сай жазылуы керек.

15. Дәйексөз жазғанда, қазақ тілі оқулықтарындағы тыныс белгілеріне байланысты барлық ережелерге сүйену керек. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады.

16. Шығарма өте ұқыпты, каллиграфиялық нормаға сай жазылуы керек.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шығарма жаздыру- балаға білім беру ісінің ең күрделі, маңызды жұмыстарының бірі. Шығарманы үйде де, сыныпта да жаздырады. Бағдарламада шығарма жаздыру сағаттары берілген. Тақырыптың ауыр-жеңілдігіне, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты шығарма жазудың уақыты белгіленеді. Мысалы, сыныпта – 2-3 сағат, үйде – 1 апта, не 10 күнге дейінгі мерзімге беріледі.

Мұғалім қосымша сабақ өтеді, жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізеді, қосымша материалдар іріктеуге, эпиграф алуға көмектеседі. Оқушы шығарманы үйде жазып жатса, оның алғашқы сұлбасын оқып, ақыл-кеңес береді. Басында үлгісі берілген нұсқау-көмекті естеріне түсіріп, шығармаға қояр талапты қайталайды. Егер тақырып қиын болса, сыныпта немесе қосымша сабақта жоспар құруға көмек жасайды. Кейде оқушылардың пікірі, ойына ерік беру керек. Қай тақырыпта шығарма жазады, қай тақырып маңызды- өздері шешсін. Шығарма жазу үшін, ең басты мәселе- оқушының сол тақырыпты білуіне ғана емес, сонымен бірге білгенін көркем, тиянақты тілмен жеткізу қабілеті, тіл байлығы, сауаттылығы, әдеби талдауы, негізгі мәселелерді дөп тауып, соны тұжырымды бере білуі, дүниетанымы да үлкен рөл атқарады. Қосымша материалдарды пайдалана білу өте алғырлықты, зеректілікті қажет етеді. Сондықтан мұғалім балаларды шығармаға баулуда көп еңбектенуі, тер төгуі қажет.

Шығарма жазуда жоспардың жай, күрделі түрлері пайдаланылады. Егер оқушы шығармасының мазмұны, тілі, стилі, сауаттылығы жағынан талапқа сай жазылса, жоспар бар ма, жоқ па оны негізге алмау керек. Эпиграф жайлы да осыны айтуға болады.

Шығарма – оқушының білім деңгейін көрсететін шығармашылық жұмыс. Бұндай жұмыстар оқушыларға кең ойлауға, ойын дәлелдей алуға, өзіндік көзқарасын нақтылауға үйретеді.

Хабарландыру!

16 сәуір күні біздің мектебімізде жеңіл атлетикадан облыстық жарыс өткізіледі. Жарыс жас ерекшеліктеріне қарай екі топта өтетін болады - 10 - 12 жас аралығы және 13 - 17 жас аралықтарында. Барлық оқушыларды жарысқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз. Жұлделі орындарға арнайы сыйлықтар мен мақтау қағаздары қарастырылған.

Ұйымдастыру комитеті.

Хабарлама, хабарлама жазу үлгісі, хабарлама хат

Хабарлама әдетте бір мекемеден өзге мекемеге не жеке тұлғаға жібереді. Міне **хабарлама үлгісі қазақша** қараныз:

12 ақпан 2020 жылы

Орталық Базар
әкімшілігінің
бастығы
А. Ертегігебай ұлы

Хабарлама!

Құрметті дүкен иелері, 25 ақпаннан бастап базардағы жалға алу орындарының ақысы 20% жоғарлайды.

Себебі жұмысшыларға жалақыны көбейту және Орталық Базарға жөндеу жасау керек боп тұр.

Қолы Ермені

Осы **хабарлама хатты** талдайық!

Бұнда хабарламаны шығарған мекеменің, маманың аты жазылған және қолы қойылған, мөрі басылған, оған қоса жазылған күні бар. Бұл ресми іс қағаз боп саналады. Бұндай хабарламаларды онлайн не қағаз бетіне түсіріп компанияларға жібереді.

Немесе компаниялардан жеке тұлғаларға жібереді, мысалы электр тоғын жеткізуші компания тарифтердің жоғарлағаны не төмендегені жайында хабарлама жібере алады, немесе кім тоқ үшін төлемесе, соған арнайы тоқтың ақысын төлеу керек деген хабарлама жібере алады.

Электронды хабарлама

Электронды хабарлама бұл кәдімгі хаттай жазылады, тек қағазға түсірмей электронды пошта арқылы жіберіледі. Мысалы сендер электронды поштанызда талай рет жеңілдіктер, акциялар жайында хабарламалар көрген шығарсындар.

Хабарлама жазу үлгісі

Хабарлама жазу үлгісі жоғарыда келтірілген, дәлірек айтсақ бірнешеуі бар. Соларға қарап өзіңіз хабарлама жазып көріңіз. Хабарлама жазу қиын емес! Бұл математика не физикадан есеп шығару емес қой.

Жаттығу мақсаты: Мектеп қабырғасына немесе сынып ішіне арналған хабарлама жазу арқылы оқушылар мәтінді жүйелі ұйымдастыруды, оның тиімділігі мен жазылым арқылы сауатты жазуға дағдыландырудың негізін ұсына алады.

Мектеп қабырғасында өтетін «Күзгі бал», «Көшбасшылар сайысы» және «Сынып сағаты» тақырыптарына арналған шағын хабарлама дайындау.

Хабарлама суреттермен, мәтіндермен безендірілуі тиіс. Безендірілген суреттер арқылы кейін сол хабарламаның ерекшелігін, неге сол суреттерді таңдап алғанын оқушылар топқа бөліне отырып, түсіндіріп беруі тиіс.

Хабарландыру жазу үлгісі қазақша, хабарландыру мәтіні, хабарландыру туралы ақпарат

Хабарландыру деген не? Хабарландыру бұл өзге адамдарға не адамдар тобына арналған мәтіні бар ақпарат, мысалы мынандай:



Бұндайды кейбір үздік мектептерде көре аласыз. Ата-аналарын сыйлайтын балалар жақсы оқып, үлгілі боп мерекелерде өз үлесін қосқысы кеп тұрады.

Хабарландыру жазу

Хабарландыру жазу үшін тақырып пен оның мәтінің жазу жеткілікті. Тақырып үлкен әріптермен жазылу керек, көзге таңбадай көрініп тұру үшін, өзгелер бұны басқа жазулардан және өзге хабарландырулардан ажырата алу үшін.

Хабарландыру мәтіні болатын - оқиға, сатылып жатқан тауар, ұсынылып тұрған қызмет және тағы сол сияқты мәлімет беру үшін жазылу керек. Бұнда байланыс үшін телефон нөмірі, электронды пошта, адрес және тағы сол сияқтылары керек. Мысалы жоғарыдағы хабарландыруымызда келетін орын мектептің акт залы деп белгіленген. Уақыты да белгіленген. **Хабарландыру туралы ақпарат** осындай.

Хабарландыру жазу үлгісі

Хабарландыру жазу үлгісі мынандай да бола алады:

Хабарландыру!

1 мамыр күні субботник өтеді, қаланы жинауға көмектесейік. Әрбір оқушы күрек, сыбыртқы не тырма әкелсің.
Сағат 9.00-да мектеп алдында жиналыңдар.

Бар айырмашылық бұл тақырыпта.

Өз бетімен ит не мысық сату жайында мәлімет беретін хабарландыруды жазып көріңіз.

Және егер тауар не қызмет сатсаңыз, осы сайтты да пайдалына аласыз, бұнда [хабарландыру тақтасы](#) бар. Тіркелу тегін, пайдалану да тегін.

Хабарландыру!

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі болсын! Баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз.

Кітапхана 16 желтоқсан және 19 желтоқсан күндері сағат 09.00.-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

17-18 желтоқсан - демалыс.

Хабарландыру - белгілі бір шараның болатындығын хабарлау, уақыты, орны, болатын шара, ұйымдастырушысы көрсетіледі. Хабарландыру түрлері мен ерекшеліктері :

1. Мәжіліс, жиналыстарға хабарландыруда - күн тәртібі толық.
2. Мәдени шараларға хабарландыруда - бағдарламасы ұсынылады.
3. Теңдерге хабарландыруда – шарттары ұсынылады.
4. Вакансияға хабарландыруда – жұмыс орнына тиісті талаптар.

Жарнама. Жарнама сөзі латынның “рекламо - айқайлау” деген мағынаны білдіреді. Жарнама – ақпарат беру құралы.

Жарнама – тұтынушыларға, тауарға, фирма қызметіне деген қызығушылығын артыру мақсатындағы оларға арналған үндеу.

Жарнаманың қызметі:

1. Тауардың өтімділігін арттыру;

2. Коммерциялық мақсатта;
3. Жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру, құлағдар ету;
4. Тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Жарнаманың ерекшелігі:

1. Насихаттылығы;
2. Тартымдылығы;
3. Дәлдігі;
4. Түсініктілігі;
5. Тосындылығы;
6. Көркемділігі;
7. Мазмұндылығы.

Анықтама – мазмұны белгілі бір фактіні я оқиғаны дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын ақпараттық- анықтамалық іс қағазының бір түрі.

Анықтаманың мазмұндық- құрылымдық жүйесі:

1. Құжат аты;
2. Негізгі мәтін;
3. Анықтаманың қай ұйымға берілгені туралы мәлімет;
4. Анықтаманың жарамдылық мерзімі жайлы мәлімет;
5. Анықтаманы беріп отырған ұйымның мөрі мен анықтама беруші адамның қолы.

Тапсырма №1

1-топ

1. Хабарландыру жазу.

2-топ

Жарнама жасау.

3-топ

Анықтама жазу.

Не жарнамаланады? Кімге арналады? Қандай мақсатта беріледі? Қайда орналастырылады?

Тауарды, идеяны, мекемені, заңды не жеке тұлға қызметін Халыққа, мүдделі топтар мен заңды тұлғаларға Ақпараттық

Сендірушілік

Ескертушілік БАҚ, арнайы орындарда, көліктерде, т.б.

Анықтама.

Осы анықтама Болатова Анель Қанатқызының Н.К.Крупская атындағы орта мектебінің 9 “б” сыныбында оқитынын растайды.

Анықтама әкесінің жұмыс орнына қажет үшін берілді.

Анықтама 2014 жылдың 30 сәуіріне дейін жарамды.

Мектеп директоры _____ К.Б.Абдигожина.

(қолы)

Хабарландыру

22 ақпан күні, сағат 11.30-да “Жас жол инспекторлар” сайысы

болады. Сайысқа 5-7 сынып оқушылары қатысады.

Сайыс түрлері:

1. Сапта түру (форма, эмблема, шеврон, т.б.)
2. Жол тәртібі ережесі
3. Жас пропагандист.(газет, макет, альбом)
4. Қауіпсіз дөңгелек
5. Жас бағдарлаушы
6. Жас корреспондент (эссе)
7. Жас санитар
8. Командирлер сайысы
9. Агитбригада сайысы (көрініс 10-20 мин)

Ұйымдастырушы: Ә.А.Байжұманова

«Полиглот» ойыны.

Арыз -----заявление -----statement

Куәлік -----удостоверение -----certificate

Анықтама -----справка----- reference

Түсінікхат -----объяснительное письмо -----explanation letter

Сенімхат -----доверенность power -----of attorney

Мінездеме----- характеристика -----characteristic

Хаттама -----протокол -----protocol

1-топ. Сатылай кешенді талдау жүргізу.

1.Өзіне тән стильдік, лексикалық ерекшеліктері, қолданылу аясы болады. Іс қағаздарының міндеті-барлық адамдарға практикалық маңызы бар мағлұматтарды хабарлау нақты жөн көрсету.

2.Түрлері: Анықтама, жарнама, сенімхат, қолхат, түсініктеме, хабарландыру, мәлімдеме, сұраныс, мінездеме.

3.Қолдану аясы: Мекеме, ұжым, фирмаларда

4.Қолдану түрі: жазбаша, ауызша

5.Адам өміріндегі маңызы: Іс-әрекеттің дұрыс, дер кезінде іске асуы, мазмұнының дәл баяндалуына байланысты.

6.Құрылысы: Белгілі бір тәртіппен рет бойынша ұйымдастырылады.

7.Жазудағы талап: Мемлекет дайындаған арнаулы нұсқау басшылыққа алынды.

8.Міндеті: Адамдарға практикалық маңызы бар мағлұматтарды хабарлау.

9.Стильдік ерекшелігі: Мәтін баяндау түрде келеді. Экспрессивті сөздер қатыспайды. Өте жинақты келеді. Инверцияға өте сирек ұшырасады.

10.Белгісі: Ресмилік, бірізділік.

11.Цифрлардың қолданылуы: Қағаздың басында, соңында мерзімі міндетті түрде араб цифрымен көрсетіледі.

12.Нәтижесі: Стильден хабардар адам сауатты жаза алады.

13.Қорытынды: Сауатты адам-елдің болашағы.

2-топ. Сөздерді мағыналарымен жұптастырыңыз.

- | | |
|--------------------|---|
| 1. Анықтама | * Керекті нәрселер туралы қысқаша мәлімет алатын жер. |
| 2. Анықтама бюросы | * Жеке басты растайтын құжат. |
| 3. Мекенжай | * Мекеме мөрі қойылатын жер. |
| 4. Мөр орны | * Құжатта көрсетілген мәліметтің иесі. |
| 5. Әуежай | * Фактіні дәлелдейтін, растайтын құжат. |
| 6. Жеке куәлік | * Қоныс, тұрақ, орын. |
| 7. Анықтама иесі | * Ұшақтар ұшып, қонатын жер. |

3-топ. Сөйлемдерді дұрыс қарастырыңыз

1. Қазақстан Республикасы Халық банкісінің /№ 154448 филиалында/ жетекші маман/болып қызмет істейді/Ақжолова Айман Ниязбекқызы. 2. Анықтама/Ішкі істер бөліміне/Әуезов аудандық/тапсыру үшін/Алматы қаласы/берілді. 3. Анықтама/1 айға/бастап/күннен/дейін/жарамды/берілген.

Анықтама.

Ақжолова Айман Ниязбекқызы Қазақстан Республикасы Халық банкісінің № 154448 филиалында жетекші маман болып қызмет істейді .

Анықтама Алматы қаласы, Әуезов аудандық Ішкі істер бөліміне тапсыру үшін берілді.

Анықтама берілген күннен бастап, 1 айға дейін жарамды.

Жаңа сабақты бекіту:

Тест.

1. Анықтама - ... құжат.

а) өкілеттік

ә) ұйымдық

б) анықтамалық-ақпараттық

в) дұрыс жауап жоқ

2. Анықтамаға ... қолы қойылады.

а) анықтама иесінің

ә) жазылған мәліметтің растығына жауапты қызметкердің

б) хатшының

в) дұрыс жауап жоқ

3. Анықтама ... үшін беріледі.

а) фактіні растау

ә) ұйымдастыру

б) жүзеге асыру

в) хабарласу

4. Анықтама мәтінінде қолданылатын стандарт тілдік бірлік:

а) жарайды

ә) жарайтын шығар

б) дейін жарамды

в) жарап жүр

5. Анықтама Бостандық аудандық оқу бөлімі... тапсыру үшін берілді.

а) -ға

- ә) -ге
 - б) –не
 - в) -на
6. Берілген күннен бастап 3 ай... дейін жарамды.
- а) -мен
 - ә) -да
 - б) -та
 - в) –ға
7. Дұрыс аударылған тіркес:
- а) просить справку – анықтама бойынша
 - ә) просить справку – анықтама сұрау
 - б) просить справку – анықтама беру
 - в) просить справку – анықтама алу
8. Анықтама мәтінінде қолданылатын стандарт тілдік бірлік:
- а) берілген кезден
 - ә) берілген күннен бастап
 - б) берілген кезден бастап
 - в) берілген уақытынан
9. Анықтама мәтінінде қолданылатын стандарт тілдік бірлік:
- а) тапсыру үшін берілді
 - ә) тапсырып жүр
 - б) тапсырып жатыр
 - в) тапсырғалы отыр
10. Белгілі бір фактіні я оқиғаны дәлелдейтін, растайтын құжат –
- а) мақала
 - ә) өмірбаян
 - б) анықтама
 - в) дұрыс жауап жоқ

Хабарландыру

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан Республикасы күніне орай және университеттің 30 жылдығына орай «МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» тақырыбында эссе байқауын жариялайды.

Байқау жастардың азаматтық сана-сезімін дамытуға, ел тағдырына деген адалдық пен оның болашағына жауапкершілік сезімін оятуға бағытталған. Конкурса қатысуға студенттер, магистранттар және академиялық топтар қатыса алады.

1 Мақсаты мен міндеті

1.1 Жастарды отансүйгіштікке, азаматтық белсенділікке, Отанға деген адалдық пен сүйіспеншілікке баулу.

1.2 Жастар арасында шығармашылық әлеуетті белсенді ету, ұлттық бірегейлікті дамыту.

2 Эссе байқауын өткізу тәртібі

2.1 Эссе 2022 жылдың 15 қазанын қоса алғанда, «Эссе байқауы» белгісімен gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz, pakizat.adiyeva@ayu.edu.kz электрондық поштасына жіберіледі.

2.2 Конкурс 2022 жылғы 1 қазан – 15 қазан аралығында өтеді. 3 жеңімпаз марапатталады, 1 жеңімпаз республикалық байқауға жолдама алады.

2.3 Бір қатысушы бір эсседен артық жіберуге болмайды

2.4 Жұмыс тілдері: қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдері.

3. Эссе мәтініне қойылатын талаптар:

1. Эссе көлемі 3 беттен (А 4 форматы) аспауы тиіс, шрифт — 12 MS Word бағдарламасы.

2. Жоғарғы шегі – 2 см, төменгі – 2 см, оң жағы – 1,5 см, сол жағы – 3 см., Шрифт: Times New Roman, кегль – 12

3. Қатараралық интервал — бірлік. Абзац: 1,25 см.

Эссенің титулдық бетін ресімдеуге қойылатын талаптар:

- білім беру мекемесінің немесе ұйымның толық атауы; тақырып;
- автор туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты,
- курсы, тобы, байланыс телефонының нөмірі, электрондық пошта;

Ұйымдастырушы комитетімен байланыс:

Жылқыбай Гүлімжан – 87756323115 gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz

Адиева Пакизат — 87058552107, 87781659956 pakizat.adiyeva@ayu.edu.kz

Анықтау

Хаттарды жазу - жазбаша немесе басылған хабарламаларды алмасу.

Ерекше ерекшеліктер әдетте жеке хаттар (отбасы мүшелерінің, достардың немесе таныстардың арасында жіберілген) мен *іскери хаттар арасында* (бизнес немесе үкіметтік ұйымдармен ресми түрде алмасу) жасалады.

Хаттарды жазу әр түрлі формалар мен форматтарда, соның ішінде ескертпелер, әріптер мен ашық хаттармен кездеседі. Кейде *қағаз* немесе *көшіруге арналған* хат деп аталады, хаттар хат электронды пошта және мәтіндік хабарлар сияқты компьютерлік қатынастың (СМС) нысандарынан жиі ажыратылады.

Хат деп белгілі субъектінің екінші біреуге, бірлестікке, қоғамға, мекемеге арнап жазған жеке туындысын айтамыз.

Хат жазу барысында нақты тұрақталған үлгісі болмаса да, белгілі бір жазу мәнері бар. Хат бірінші жақтан баяндалады. Нақтылы адресант(хатты жазушы) пен адресаттың (хат жолдаушы) болуы керек.

Хат жазудың үлгісі:

1.Адресант сәлемдесу түрін анықтауы қажет.(хат жолдаушының жасын, әлеуметтік жағдайы мен қарым-қатынасын есепке алуы керек.)

2.Жазу барысында:

а) хат жолдаушының өзіне, қызметіне қызығушылық тудыратын тәсілді анықтау.

б) Мазмұнды баяндауды анықтау.

в) Қорытынды жасау.

г) Авторға тілек айту.

д) керек болған жағдайда «P.S» белгілеу (посткритум-хатта үлгермеген хабарлаулар)

е) хаттың безендірілу мәдениетіне көңіл аудару (күні, қолы, сауаттылығы, тазалығы, қағаздың сапасы).Бұл деңгей хат авторын, оның адресатқа деген көзқарасын анықтайды.

Мысал ретінде Мәлік Ғабдулиннің Қадыр Мырза Әлиге жазған хатынан үзінді:

Құрметті Қадыр!(1)

Бауырым, мен сенімен сырттай таныс болғанымен сырласың емеспін. Сондықтан, саған арнап жазып отырған бұл хатымды егде ағаның ежіктемесі деп қарайсың ба, әлде қамқор көңілдің қанағаттанғандық белгісі екен деп қарайсың ба-ол арасын өзің білесің.

Негізгі бөлімнен: « Тағы бір шындығымды айтайын.Сен бір өлеңіңнен екіншісіне дейін, бір құйындата самғаудасың, биіктен биікке, асқардан асқарға көтеріліп барасың.Осыныға қуанам, риза болам. Сенің әрбір өлеңінде (басқа құрдастарыңда аз кездесетін) үлкен ой, тұжырымды түйін жатады.»(2а,б)

Мен сенің бұдан былайда творчестволық жаңа табыстарға жете беруіңе белестен белеске көтеріле беруіңе шынкөңілден тілектеспін...(в, г)

P.S. Саған осы хатты жазып болған бойда мына бір жеңіл әңгіме есіме түсе қалғаны.Соны да қоса салайыншы...(д)

Е.М. Виноградова хаттарды коммуникативтік қызметіне қарай былай топтастырады:

1.Жеке хаттар(негізгі эпистолярлық жанрлар)

а) Қалыптасқан үлгісі жоқ хаттар(әлеуметтік –тұрмыстық хаттар)

б) этикет түрдегі хаттар

в) кепілдемелік хаттар

г) Белгілі бір үлгіде жазылған хаттар

2. Жеке іскерлік хаттар

а) Басқа интонацияға бағытталған хаттың көшірмесі.

б) Адресанты жасырын хаттар

3. Ресми-іскерлік хаттар

а) Нұсқаулық

б) Дипломатиялық

в) Хабарлама, рапорт

4. Әдебиеттегі хаттар (Қосымша эпистолярлық жанрлар)

- Әдеби достық хаттар (стилистикалық стиль)
- Жариялану үшін авторлық өңдеуге түскен хаттар
- Баспалық құлақтандыру хаттар
- Өлеңмен жазылған хаттар (арнау)
- Әдеби мазмұндағы (тұрмыстық емес) жеке хаттар
- Әдеби қосымшасы бар жеке хаттар
- Әдеби шығарма құрылымындағы хаттар
- Ашық хат (Редакцияға жазылған хаттар)

Хат тұрмыстық шеңберінен шығып, қазіргі кезде публицистикада, әр түрлі мекемелерде (іскерлік хаттар) көрініс таба бастады. Мәселен, хат басқару байланысының негізгі құралы болып табылады. Хабар-ошар алысу мекеме құжаттары жалпы көлемінің 80 пайызын құрайды. М.Қасымбеков, Қ.Әлімқұлов ресми іс қағаздар қатысты кітабында хаттарды маңызы мен мазмұнына қарай: **а) инициативалы** (хат талап, хат өтініш, хат-шағым, хат ескерту, хат хабарлама, хат-ескерту, ілеспе хат) және **б) жауап** (ақпарат-түсінік, тыйым салу хаттары).

Жоғарғы мекемелер мен ұйымдардан шығатын хаттар, негізінен, тапсырма беру, хабардар ету, ескерту, түсіндіру, сұрау салу түрінде жиі кездеседі. Ведомстволық бағынышты мекемелер жоғары органдарға жауап қайтарып, хабар береді, өтініш жазады. Олардың әрқайсысының белгілі бір үлгісі, формасы болады.

Жеке-жеке тоқталсақ:

Өтініш хатта адресат белгілі бір істің атқарылуын немесе оның тоқтатылуын талап етеді, алайда ол жөнінде жауап қайтаруға міндеттемейді.

Сұрау салу хатына белгілі бір мәселені түсіндіріп немесе фактілердің болған-болмағанын растап жауап берілуі тиіс.

Шағым хатта автор шартты міндеттемелердің орындалмауы салдарынан орын алған шығындарды өтеуді талап етеді.

Ескерту хаттар-адресат өзі атқаруға тиісті міндетін уақытылы орындалмаған кезде жазылады.

Циркуляр хаттар-ведомстволық жағынан бағынышты барлық мекемелерге 1 мезгілде жөнелтілетін хат, олар, негізінен, тапсырма беру сипатында болады.

Ақпарат түсінік хаттары дегеніміз-бұрынғы тапсырылған міндетті түсіндіруге, оның кейбір мәселелері мен фактілерін нақтылай түсу мақсатында жазылатын хаттар.

Тыйым салу хатында салынған сұрауға мәселелердің шешілмеген туралы жазылатын болса, шешім хатында-мәселенің дұрыс шешілгені жөніндегі мағлұмат береді.

Ілеспе хат-адресатқа құжатпен бірге оны орындау жөніндегі қосымша түсінік беруді талап ететін жағдайда жазылады. Онда негізгі құжат не үшін жіберілді, онымен не істеу керек және оны қанша мерзімде орындау қажеттігі көрсетіледі.

Глессе хаттың мынандай түрлері болады :

- мағлұмат үшін;
- уағдаластық бойынша;
- келісу үшін;
- қарау үшін;
- жауап беру үшін;
- сіздің хатыңызға орай;
- шара қолдану үшін;
- қайтаруды сұраймыз.

Қызметтік хаттардың еркін түрде жазылатын кездері де жиі кездеседі. Ол әр лауазым иесінің жеке басының шеберлігіне, сауатына, мәдениетіне мен біліміне байланысты болады.

Хат жазудың соңғы жетістіктерінің бірі-бүкіләлемдік интернет жүйесі арқылы хат алысу. Мұнда әрбір адамда жеке электрондық мекен-жай, мекен-жайын табу үшін өзінің құпия сөзі (код), хат қоржыны болады. Бұл интернет жүйесі арқылы кез-келген электрондық мекен-жайы бар досыңа немесе басқа адамдарға хат жіберсеңіз ол бес секундтың ішінде өз иесін табады, яғни дүниенің төрт бұрышына ортақ байланыс. Сонымен қатар бұл жүйе арқылы көптеген суреттер, документтер, іс-қағаз құжаттарын, т.б. хат арқылы жіберіп, өзіңіз де ала аласыз.

Өкінішке орай бұл жүйе тек ағылшын және орыс тілдерінде. Қазақ тіліндегі нұсқасы шықпаған.

Қорыта айтқанда, хат стилінің адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретіндегі маңызы зор деп айта аламыз. Болашақта да осы хат жанры өзінің даму шеңберін кеңейте береді деп ойлаймын.

5-сынып бойынша тапсырмалар жазылымға қатысты төмендегі тапсырмаларға негізделеді:

Хат, хабарлама, жарнама мәтін құрау, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу және мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу.

Төмендегі үлгі бойынша анаға арнап хат жазу. Хат жазу барысында сыны есімдерді жиі пайдалану және берілген тыныс белгілерге де мән беру.

Үлгі:

Құрметті ана!

Сізді қатты жақсы көремін!

Сіздің мен үшін бәрін тауып беретініңізді де білемін. Әкем шаршап келген кезде тамағын беріп, мен оқудан келгенде киімдерімді жуып, шайымды дайындайсыз. Сіздің үйде отырсаңыз да жұмыстарыңыз көп. Сондықтан сізге алғыс айтамын.

Сізге деген құрметпен ұлыңыз, Марат

Алғыс хат жазу бірінші ережесі - адрестқа құрметпен анықтамалық, яғни емдеу аты және әкесінің аты бойынша болуы тиіс. (-лар, с) Құрметті, содан кейін адамның аты және әкесінің аты жазылған, немесе үтір сіз (мысалы,

медициналық команда) алғыс қажет барлық адамдарды бөлінген: стандарты жазылған «шапка» әріптер. Осыдан кейін сіз арқасында алды, атап айтқанда адам үшін жазу керек. Ол меңзегіш құны және оның қоғамдағы рөлі.

Алғыс хатта нені жазу?

ол дәрігерлерге арналған болса, сіз өз жұмысын қиын, олардың кәсіби деңгейін жоғары бағалаған, бұл туралы жаза аласыз, мысалы, сіз, жалпы медицина рөлі мен жеке ат дәрігер боалы жазу.

бір кем ресми үні болуы мүмкін оқытушы алғыс хат жазыңыз, баланың жетістіктері мен осы жетістіктер мұғалімдердің рөлі, сондай-ақ осындай қажетті мамандық күрделілігіне туралы.

Бұл маңызды хатынан ақпарат созылып, немесе пайдасыз болып шықты деп, ресми сөздерді қажет емес. жазбаша шынайылық сәлемдесу, бірақ стандарттарды бермейді.

алғыс хат жазу қалай негізгі ережелері, шығармашылық күш орын жоқ. Ұзақ және түсініксіз сөз тіркестерін кедергі болады. мәтін жақтауы немесе қабырғаға шеге салыңыз мүмкіндігі болуы үшін, бір жағынан орналастырылуы тиіс.

Енді сіз мұғалім алғыс хат жазу қалай білемін, және әркім күрделі ештеңе жерде бар екенін көре білді. Бұл апелляция, Шәкәрім атындағы СМУ мәтін және қолы құрамы бар болып табылатын кейін «қалпақ», тұрады. Бұл үлгі бойынша, сіз серіктестермен, ата-аналар, мұғалімдер мен оны тапқан басқа адамдарға алғыс хатын жаза алады.

Мінездеме - түрлі мекеме, ұйым бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

Қызметтік мінездеме — мінездеменің айрықша кең тараған және әмбебап формасы. Қызметкерді объективті әрі нақты мінездеу қажет болған жағдайда жазылады. Қорытынды бөлімі еркін стильде жазылады және құжат мазмұнын түйіндейді. Мінездеме қызметкерді басқа бір вакансияға я болмаса оқу орнына ұсыну мақсатында да жазылады. Мұнда ұсынылған адамның аталған вакансияға қажет деген мінез-қасиеттері, кәсіптік шеберлігі айтылады.

Аттестациялық мінездеме белгілі бір адамның атқарып отырған қызмет орнына лайық, лайық еместігін тексеру мақсатында жүргізілетін аттестация қорытындысына орай жазылады. Мұндай мінездеме қорытындысында "атқарып отырған қызметіне лайық", "қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық" немесе "атқарып отырған қызмет орнына лайық емес" деген сияқты түйінді сөздер жазылады.

Жеке (функциональды) мінездемелер адамның жеке басының мінезін, білімін, шеберлігін, икемділігін және т.б. сипаттай отырып жазылады. Қорытынды бөлімінде мінездеме не мақсатпен жазылғандығы атап корсетіледі. Мысалы, "Еңбек келісімін ұзату ум/ш" т.б. Мінездеме А4 форматты параққа жазылады. Көлемі 1 беттен аспауы керек. Мінездеме мәтіні жазу машинкасында басылады я компьютерде теріліп, кейін принтерден

шығарылады. Тақырыпты, өмірбаяндық мәліметтерді, қортынды мен негізгі түйінді үлкендеу шрифтімен беруге болады. Кейде мінездеме жоғары жағында мекеменің аты, логотипі, фирмалық белгісі көрсетілген арнайы бланкілерде де жазылады. Әр данасы есепте тұратын арнайы бланкілерге жазылған мінездемелер мінездеме беруші адамның және ұйым жетекшісінің қолымен расталады. Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады. Мінездеме ресми стильде, бейтарап тонмен жазылады. Мәтін баяндауышы ашық райлы етістіктен жасалады (беріледі, орындады, көріне білді, көрсетті).

Мінездеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- 1) тақырыбы;
- 2) мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қорытынды;
- 5) мінездемені талап етуші ұйымның аты;
- 6) мінездеме берілген күн, ай, жыл;
- 7) мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы;
- 8) қосымша (егер болса).

Мінездеменің тақырыбы парақтың жоғарғы жағын ала, орта тұсына қарай үлкен әріптермен жазылады.

Аттестациялық мінездеме Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәліметке мыналар кіреді: фамилия, аты-жөні, туған жылы, білімі, мекемедегі жұмыс стажы (-жылдан бастап қызмет етеді), қазіргі атқаратын қызметі. Басқа да кейбір мәліметтер қосымшы берілуі мүмкін (мысалы, диплом бойынша мамандығы немесе білім түрі т.б.)- Негізгі мәтінде атқарып жүрген қызметін, өз мамандығын қаншалықты меңгеретіндігі, кәсіптік білім деңгейі, біліктілігі, қызмет бабында жеткен жетістігі мен кемшілігі жазылады. Қысқаша әлеуметтік-психологиялық портреті беріледі. Әріптестерімен қарым-қатынас жағдайы, отбасы жағдайы, ұжымдағы орны, абыройы, сын көтеру қабілеті жазылады. Кей жағдайда (оқуға немесе іссапарға жіберу) денсаулық жағдайы да айтылады. Қажет деп табылған жағдайда негізгі мәтінге шетел сапарлары, зерттеу жұмыстары, өз бетімен жүргізген жұмыстары, жетекшілік, ұйымдастыру қабілеті де кіргізіледі. Мәтін көбіне жай сөйлемдермен, қалыптасқан сөз орамдары мен сөз тіркестерін, стандарт терминдерді қолдана отырып, басы артық қысқартуларсыз жазылады. Қорытынды негізгі мәтіннің түйінделген, жиынтықталған бөлігі болып табылады. Мұнда мінездеме беріліп отырған адамның перспективалық қызметіне байланысты бір-екі нақты ұсыныс енгізіледі. Негізгі мәтіннен кейін (қорытынды) сөзін азат жолдан, бас әріптермен жазып, негізгі түйінді немесе ұсынысты атап көрсетуге болады. Мысалы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогикалық факультетінің IV курс студенті Әлімжанова Назира Махмұтқызына

Мінездеме

Әлімжанова Назира Махмұтқызы 2020 жылғы 5 наурыз бен 30 сәуір аралығында, Теміртау қаласының №28 жалпы білім беретін орта мектебінде

педагогикалық тәжірибеден өтті. Тәжірибе барысында әртүрлі тақырыпта 15 сабақ өткізіп, пәндерді жоғары деңгейде меңгергендігін көрсетті.

Назира сабаққа мұқият дайындалып, оқу үдерісінде ақпараттық технологиялар пен көрнекі материалдарды қолданды. Тапсырмаларды орындау кезінде қызығушылық пен белсенділік танытып, қойылған талаптарды уақтылы және шебер орындай алды.

Күнтізбелік оқу жоспары, сынып журналы және критериялық бағалау сияқты құжаттама түрлерімен таныстырылды. Сабақ жоспарын сынып жетекшісімен талқылап отырды.

Назира Махмұтқызы өзін ұжымшыл, оқушылармен жылдам тіл табысуды білетін және өз бетінше шешім қабылдай алатын білікті маман ретінде көрсетті. Оның жұмсақ дауысы мен мейірімді интонациясы, сыныпта достық атмосфераны құруға әсер етті.

Мектеп әкімшілігі тәжірибеден өтушіні «өте жақсы» деген бағаға лайық деп санайды.

Тәжірибе жетекшісі _____ Д.Ә. Әлиханова
Мектеп директоры _____ М.Ш. Файзуллин

ҚОРЫТЫНДЫ

80-жылдардағы кеңестік мектептің дағдарысы, педагогикалық тәжірибені өзгерту қажеттігін байқата бастады. Осы уақытта Батыс Еуропаның біршама елдері оқуды білімге емес, құзыреттілікке қарай бағыттайтын бағдарламаларды енгізе бастады. Осы елдердің ықпалымен 1996 жылы ЮНЕСКО «Білім беру: көзге көрінбейтін қазына» баяндамасын жариялап, онда үйреншікті операцияларды орындауға ғана жарайтын білімнің аздығын айта келе, ХХІ ғасырда адамның бойына бұл біліммен бірге әлеуметтік мінез-құлық, топта жұмыс істеу қабілеті, бастамашылдық пен тәуекелшілдіктің керек екенін айтты. Бұл білім беру жүйесінде білімнен құзыреттілікке бетбұрыс жасау қажеттігін көрсеткен жаһандық белгі болды. Сонда білім мен құзыреттіліктің бірлігі мен айырмашылығы неде деген сұрақ туындайды. Жалпы білім - бұл тек білу және түсіну ғана. Ал құзыреттілік дегеніміз - бұл білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау. Біздегі дәстүрлі педагогикалық тәжірибе негізінен білім мен түсінуге бағытталған. Яғни, білім алушылар оқығанын, игергенін жақсы қайталайды, фактілерді жақсы біледі, үйреншікті әрі жеңіл сұрақ-тапсырмаларды жетік орындайды. Алайда, оқиғалар мен құбылыстарды өзара байланыстыру, білгенін әдеттен тыс жағдайда, өмірлік кездескен жағдаяттарда пайдалануға, сол арқылы қиындықтан шығудың жолын іздеуге үйренбеген. Яғни сыни талдауда білім алушыларымыздың дағдылары төмендеу.

Білім саласының алдында осы тұғырықтан шығу жолы тұрды. Шетелдік тәжірибелерді, зерттеу еңбектерін саралай, талдай келе білім саласына реформа керектігі өзінен-өзі анықталды. 2016 жылғы жаңартылған бағдарламаның практикаға енгізілуі, оның нәтижесін білу үшін, қаншалықты дәрежеде жақсы жақтары мен жағымсыз тұстары бар, ол білім сапасына қалай әсер етуде, неніқайта қарау керек, қандай жетістікке жеттік т.б. көптеген сұрақтарға жауап алу үшін халықаралық зерттеулерге қатысуымыз қажет болды. Міне, білімнің өлшеуіш құралы ретінде көптеген бақылаулардан өтуімізге тура келді. Атап айтар болсақ, Қазақстанда білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің (БСБҰЖ) қалыптасуы 2000-шы жылдардан басталды. Қазақстандағы білім беру сапасын басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ білім беру процесі мен қоғамның барлық қатысушыларын білім беру жүйесінің, оның дамуының әртүрлі деңгейлері мен үрдістеріндегі жай-күйі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылған. БСБҰЖ элементтерінің бірі білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасының мониторингі болып табылады, ол елімізде алғаш рет 2005 жылы мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) нысанында енгізілді және 2012 жылдан бастап білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) форматында жалғастырылды. Білім беру жүйесінің тиімділігін мониторинг арқылы оқыту нәтижелері туралы нақты, сенімді деректер алу мақсатында 2012-2020 жылдар аралығында жыл сайын әрбір білім беру циклінің соңында (4, 9, 11-сыныптар) ОЖСБ өткізіліп отырды. ОЖСБ-ның білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің алдыңғы мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) форматынан басты айырмашылығы білім алушылардың білім

жетістіктеріне жасалған мониторинг нәтижелерінің қорытындысы бойынша ешқандай міндеттер жүктелмейді. Бірақ ОЖСБ құрылымы және оның нәтижелерін тарату және пайдалану процестері білім беру саласындағы ұлттық мақсаттар мен стратегиялық міндеттерге қол жеткізуге ықпал етпеді. Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі білім беру жүйесіне мониторинг жүргізіп қана қоймай сонымен қатар білім беру саласын талдауға, білім беру саясатын әзірлеуге, оқу және оқыту үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру қажеттігін айқындады. Бұл білім алушылардың білім сапасы ЖМББС сәйкес, не сәйкес емес екендігін анықтауды тағы да жетілдіру қажеттігін туғызды. Осыған байланысты ОЖСБ мектепте білім беру сапасын тәуелсіз бағалаудың жаңа «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг» (ББЖМ) моделіне 2021 жылы қайта өзгертіліп, форматталды. ББЖМ елдің білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту мақсатында оқу, математика және жаратылыстану пәндері бойынша 4 және 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің қаншалық дәрежеде екендігі туралы ақпарат алуға, тұтас түсінік алуға, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларына атаулы әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталды. Бұл тәсіл білім беру саласында ңтайлы шешімін қабылдау үшін уақытылы ақпарат алып, талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Ұлттық бағалау нәтижелерін талдау мұғалімдерге білім берудегі қиындықтарды анықтауға, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, болашақта өз қызметін түзетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Қазақстанның білім жүйесінде нақты, тура, әділ бағалау болдыру мақсатында халықаралық зерттеулерге де қатыса бастады.

2000 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) алғаш рет PISA зерттеулерін ұйымдастырды. Нәтижелері үш жылда бір рет беріледі. PISA-бұл әлемнің әртүрлі елдеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық зерттеу.

Бұл әлем елдерімен білім сапасын салыстыруға арналған зерттеу. Мақсаты осы зерттеулердің қорытындысы бойынша білім беру сапасын жақсарту, білім беру бағытын анықтау болып табылды.

PISA - білім сапасын бағалаудың қажетті және маңызды құралы. Оның таза және шынайы нәтижесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты оңтайлы жүргізу үшін, білімді, білікті тұлға қалыптастыру үшін өте қажет.

Қазақстан PISA зерттеулеріне 2009 жылдан бері қатысып келеді (2009, 2012, 2015, 2018, 2021). Халықаралық зерттеу нәтижелері біздің білім саласына сын көзбен қарап, білім беру бағдарламаларының кемшін тұстарын анықтап, жетілдіруімізге, оқытудың жаңа технологияларын өндіріске енгізуімізге ықпал етеді. Сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығы деңгейлерін өлшейтін бірегей құралдарға қол жеткізді.

Қазақстандағы өткізілетін PISA халықаралық зерттеулері үш бағытта жүргізілуде: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы.

Қорыта келгенде, бүгінгі күні көптеген елде білім алушылардың білім жетістіктеріне ұлттық, халықаралық тұрғыдан бағалау тұрақты түрде жүргізіледі, өйткені білім сапасын жақсарту үшін оның дәйекті және сенімді ұлттық деректерінің болуы өте маңызды. Ұлттық білім беру стандарттарының мақсатына білім алушылардың білім жетістіктерінің сәйкестігін бағалау арқылы оқу бағдарламалары мен реформаларының қаншалықты нәтижелі екенін анықтауға және білім беру жүйелерін жетілдіруге болады.

PISA-да өзін таныта алған мемлекет бірден барлық әлемдік рейтингтерде таныла бастайды. Бұл зерттеу – көптеген халықаралық сарапшылар үшін білім беру сапасының бірден-бір көрсеткіші.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Кларк М. Что является наиболее важным в системах оценки достижений учащихся: основные ориентиры. Всемирный банк, 2012.
2. OECD. Education at a Glance 2015: OECD Indicators, OECD Publishing, Paris, 2015. <http://dx.doi.org/10.1787/eag-2015-en>
3. OECD. Measuring Government Activity, OECD Publishing, Paris, 2009. <https://doi.org/10.1787/9789264060784-en>
4. Department of Education and Skills. Action Plan for Education 2016- 2019, Government of Ireland, Dublin, 2016. <https://assets.gov.ie/24370/ec3df78b298e4574ab2d7c98f02450b5.pdf>
5. Страновой обзор ОЭСР «Перспективы образовательной политики»: Разработка национальной системы оценки, соответствующей образовательным целям Казахстана. ОЭСР, 2020. <https://iac.kz/wp-content/uploads/2022/01/2-razrabotka-nacz-sistemy-oczenkisootvestvuyushhej-obrazovatelnyum-czelyam-kazahstana.pdf>
6. Результаты международного сопоставительного исследования PIRLS2021: <https://pirls2021.org>.
7. «PISA-2018/компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. Астана, 2016 – 126 бет.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Білім алушылардың оқу сауаттылығы бойынша халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелерін талдау	4
2. 5-9-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар	22
Қорытынды	159
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	160

**5-9-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
ДАМУ БҮЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 30.10.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 10.